
Кәкімбек Салықов


Түркістанға тағзым



Кәкімбек Салықов

Түркістанға тағзым

Өлеңдер мен поэмалар



FOLIANT
ASTANA

Астана - 2012

- С 18 Салықов К.
Түркістанға тағзым: Өлеңдер мен поэмалар. Астана:
Фолиант, 2012. – 264 б.

ISBN 978-601-292-404-6

53115

Бұл жинаққа қазақтың көрнекті ақыны, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Кәкімбек Салықовтың Түркістанға арналған өлеңдері мен поэмалары енгізілді. Рухани төрімізге білдірген құрметі ұрпаққа үлгі боларлықтай азамат ақын қасиетті мекеннің барша киесін жырлап, ұлттық дәстүрге жанашырлығын танытады, нәзік лирика арқылы адамгершіліктің ең асыл қасиеттерін уағыздайды.

Көрнекті ақынның жүйелі сөзге оранған киелі ойы ел жүрегінде сақталады деген сенім зор.

УДК 821.512.122-1

ISBN 978-601-292-404-6

© Салықов К., 2012

© «Фолиант» баспасы, 2012



Түркістан десек,
бабалар еске түседі



ФАРАБИ БАБАМЫЗДАН БАСТАЙЫҚ

Ғарыш-ғалам кіндігінде Күн тұр.

Әл-Фараби

Түркістан десек,
Отырар еске оралар,
Тұран, Алаш арыстары қол алар.
Бисмилланы әл-Фарабиден бастайық,
Фараб – Отырар десек, шындық оңалар.

Бабалардың атына зер саламыз,
Тарихатта бар ақиқат, бар аңыз.
Ол – екінші Аристотель атанған,
Адамзаттың ақылшысы бабамыз.

Жай сөз емес естігенді топшылар,
Тәубе деймін, тапты біздің «жоқшылар».
Әл-Фараби – ғарыш-ғалам білгірі,
Одан асар мақтанышым жоқ шығар.

Жүрегімнен жұлып берер гүлімді ал,
Бұрынғыдан болдық көптеу ұғымтал.
«Ғарыш-ғалам кіндігінде Күн тұр», – деп
Айтып кеткен сенсің тұңғыш білімдар.

✧✧✧✧✧ Туркістанга тағзым ✧✧✧✧✧

Дабыл қақсам, ол – ерекше сүйгендік,
Көк күмбездер күмбірін де игердік.
Қозғалыстар, құбылыстар, қимылдар
Музыкасын біз өзіннен үйрендік.

Құлақкүйін бастай алсам жырымның,
Кеңдеу айтар жалғасы көп сырымның.
Жалғыз ғана Қазақстан емес-ау,
Басындасың әлемде бар ғылымның.

Қайта тудық.
Көне өмірді байқадым,
Ауыз буған күндерге бас шайқадым.
Аңыз едің,
Абыз бабам деп бүгін
Мақтанышпен Ай-Әлемге айтамын!

ӘЛ-ФАРАБИ МУЗЫКАЛЫҚ САБАҒЫ

Көкшіл аспан қозғалысқа түскенде,
Санаспайды көктемніңмен, қыспен де.
Жұлдыздардың өз әуез, өз үні бар,
Сырын айтар жан талабы үстемге.

Неше түрлі сарын, мақам, дыбыстар,
Бәріне де біткен тылсым тыныс бар.
Жеті дыбыс, жеті белгі байланса,
Әл-Фараби тындырған зор жұмыс бар.

Ля-Си десек – ләйлік тал мойнын бұрады,
Ре-Ми десек – құстар әні шығады.
Фа-Соль – әнші сұлулардың ырғағы,
До-сын айтсақ – дауыл-жел билік құрады.

Қайдан таптың десе жұрттың сұрағы,
Бұл белгілер – Фараби жаққан шырағы.
Ой-хой, дүние-ай!
Жұлдыздардан шығады-ау
Адамзатқа керек оттың тұрағы!

Жеті дыбыс – сұлу саздың бастауы,
Арфа емес пе Афродита үлгі тастауы?!
Баттерфляйдің аты нота тәрізді,
Қызық ән ғой Қыз Жібектің шашбауы.

Дәл қозғайын бұған көңілің толмаса,
Тайынбадым әл-Машани қолдаса.
Жеті таңба келер ме еді дүниеге
Пифагор мен әл-Фараби болмаса?!

ИАСАУИ ЖАЙЛЫ ҮЗІК СЫР

Адамзатқа қойса талай талапты,
Күннен-күнге жолын ашып, таң атты.
Өзіне ұқсас пәк пенделер болсын деп
Алла жерде даналарды жаратты.

Әрі шындық бізге өмірі әрі аңыз,
Дана сырын қабыл алды санамыз.
Шапағаты Жаратқанның мол түскен
Керемет қой Қожа Ахмет бабамыз.

Аңыз да көп софы Иасауи туралы,
Жырлары да – түбі Құран нұрлы әні.
Түркі елдері түгел тағзым еткенде
Мақтаныш қой қазақ болып туғаны.

Бір ісінен асып туған бір ісі,
Хикметтері – дін мұсылман ырысы.
Әмір Темір бас иген ол – әулие,
Адамзаттың дара туған ірісі.

Хикметтері шертті бізге нешік сыр,
Ғаламат қой терең ойлы жетік тіл.
Түркі әлемі рухани атасы
Түркістанды екінші Мекке етіп тұр.

ИАСАУИДІҢ ХИКМЕТТЕРІН ЖАТТАДЫМ

Жүрегімде ар-ұятты жұптаймын,
Одан артық керек емес мықты айбын.
Иасауиден сәуле түссе санама,
Мейірім төккен әр үзімін құптаймын.

«Қара қылды қақ жарғанға айтыңыз», –
Деген жері – ұлттық айқын салтымыз.
Дүниеқоңыз болмаған соң
Мырза қол,
Тәуекелшіл жаралыпты халқымыз.

«Жазған сырым – жалындаған махаббат», –
Десе, достым, ол болмайды маған жат.
Жонға шықсам жезкиікті аңсаймын,
Қарақат көзін бір көруге аландап.

«Көркем жазып, судай тассын көңілің», –
Деген сөздің өзі қандай көп ілім?!
Кен қазсам да, көп жыл әкім болсам да,
Сәтті өлеңмен көрікті бар өмірім.

Түркістанға тағзым

Сұсындаймын Қожа Ахмет көлінен.
Ол көксеген бел-белестен көрінем.
Сүйінгенде, күйінгенде өмірге
Жол табамын адалдықтың өрінен.

Хаттап кеткен әрбір жаңа ақ таңын,
Ұғынуға өзімді-өзім баптадым.
Пендешілік пешенесін паш еткен
Хикметтерін ғибрат тұтып, жаттадым.

АРЫСТАН БАБҚА

*Түркістанда түмен баб,
Сайрамда бар сансыз баб.
Отырарда отыз баб.
Ең үлкені — Арыстан баб.*

Халық сөзі

Бабтардың бабы Арыстан баб дананы
Мұсылман ел білді тегіс саналы.
Мұхаммедтің бұйрығымен ол келіп,
Діншіл етті біздің дімкәс даланы.

Басы болды ол бабтардың сан ірі,
Дін жолында жүрді ғибрат-тәлімі.
Қожа Ахмет Иасауимен қазаққа
Қызыр қонды — Жаратқанның өмірі.

«Тақап қалды ажал құрық салар күн,
Жылы орынды сенен артық табар кім?» —
Десе бабқа тіл қатыпты Қожа Ахмет:
«Көріңізді қазармын... көрге қалай салармын?»

❖❖❖❖ ❖❖❖❖ Туркістанга тағзын ❖❖❖❖ ❖❖❖❖

Аталы сөз, ел сақтаған ғұрыпты
Сонда барып Әмір Темір ұғыпты.
Со заманнан әйгілі боп әлемге,
Арыстан баб әулиелік құрыпты.

Байқандаршы аңыз болған құрманы,
Аманатта нұр шапағат түр мәні.
Қожа Ахмет Иасауиге жар болып,
Пайғамбардың сол ғой назар бұрғаны.

Бәрі айқын, ұлы ғибрат демес кім,
Маңызы көп аңыз болған кеңестің.
Алла әмірі талабынды қолдамай,
Алдырмайды тар кезеңі белестің.

ТҮРКІСТАН ЖАЙЛЫ ТОЛҒАНЫС

Тамаша Түркістандай жерде туған,
Түріктің Тәңір берген несібі ғой.

Мағжан Жұмабаев

- ✓ Түркістан десек,
✓ Иасы еске түседі,
Иасауи кетпес жадымнан сонда үш елі.
✓ Арыстан бабты ұлағаттаймын әрдайым,
✓ Қожа Ахметке ұстаз болған кісі еді.
- ✓ Түркістан десек,
Тұранды еске аламын,
Өткенді шолып, түріктер көшін табамын.
Орнатқан Темір Көк күмбезді көргенде,
Көзге оралар көне, жаңа заманым.

Түркістанға тағзым

Түркістан десек,
Атағын, даңқын жек көрмей,
Тұра алмайды Мағжан ағам сеп бермей.
Қайсар ақын отты көзі жарқ етер,
Түркістан үшін жорықта атылып кеткендей.

Қожа Ахметтің елестер аңыз ғұмыры,
Ар-ұяттың болыпты-ау бекем тұғыры.
Хикметтерін құнығып оқып тебіренем,
Естіліп тұр ғой Алланың жылы сыбыры.

Сол сыбырды қыз-шабыт жырға бөледі,
Сабатта самал қылқалам еркін желеді.
Софылық құрған сүйікті құлы Алланың,
Ақындықтың болыпты абзал ерені.

Махаббат мұңы маздатқанда пәк жанын:
«Ғашық қыл», – деп жалыну қандай тәтті ағын?!
Өмірінің соңын жер астында өткізсе,
Ақын-ғазірет адалдығын жақтадым.

Терең оймен толқытса талай мұнды ірі,
Әр жүректе Иасауидің тұнды үні.
Өз еркімен бақиға тірі аттанса,
Шыдатпады-ау жер беті сойқан-сұмдығы.

Қиянатқа жүрегі тозбас жоқ күні,
Кей тоймастың тамсантты жиған боқтығы.
Бар ақылын шен-шекпені жұтқандай,
Кернеді ыза, құлқында ынсап жоқтығы.

Сол зомбылық өртеді қанша қиялды,
Дұрысқа бастар таппады-ау әдіс-құралды.

Түркістанға тағзым

Керсоқыр жұрттың қорлығын көзбен көргенде
Жер бетінде жүруге қатты ұялды.

Хикметтері жүрек шетін тіледі,
Ақынша толқып, хакімше топтай біледі.
Ой-толғағы өзгеше сөзбен жетпесе,
Өлеңмен өріп, сая тапты жүрегі.

«Даналық кітап» бар әлеммен кеңесті,
Әр сөзінен мейірбан әділет желі есті.
Қандай бақыт қазақ болып туғаны?!
Ол әлемдік даналармен теңесті.

Есім хан бастап қаланың атын өзгертті,
Насыны сонда Түркістан атап тебіrentті.
Хан орда жасап,
Асылдарын қазақтың
Иасауи жатқан кесенеге жерлепті.

Көк күмбезге хан-қара түгел сиынды,
Түркістан қосты жақын мен шалғай қиырды.
Бар қазақтың ұлы ханы Абылайға
Түркістанның топырағы бұйырды.

Иасауи құрса дін ордасы қайнарды,
Өз басына бақыт құсы байланды.
Түркістаным екінші Мекке атанды,
Қазақстаным қасиетті елге айналды.

Азаттықтың Абылай – түпкі тірегі,
Арпалыста жолбарыстай түледі.
Оған тартқан, еңіреп туған елім деп,
Кейінгі ұрпақ кетті ұласып тілегі.

Мағжан ақын мезетте оқтай атылған,
Медет көріп Абылай рухын шақырған.
«Абылайлап», жауған оқтан шошымай,
Рейхстагқа ту тікті ғой Рахымжан.

Аруақ сыйлар таңдайымда бар татым,
Өсті осылай үрім-бұтақ, зәузатым.
Сын сағатта Абылай ханға табынды
Күн көшінде – Тоқтарым мен Талғатым.

Бодан күнде салса атына тыйымдық,
Тітім сәтке ұмытпады дүйім жұрт.
Қаны қазақ,
Қай қияда жүрсек те,
Абылай ханға ант бергендей сиындық.

КӨҢІЛ НАЗЫ

Өмірдің жазы өтіп, қысы қалды,
Көңілдің іші тозып, тысы қалды.
Сыр бермей серілікпен жүрсем-дағы,
Керілік қыр соңыма түсіп алды.

Барады жылдар өтіп ағындаған,
Таусылмас, қайран көңіл, назың маған.
Баяғы қызыл ішік киген қызды
Боламын сағынсам да сағынбаған.

Түркістанға тағзым

Өрде киік өтсе сені еске алар,
Бір көрем деп қимай қарап көз салар.
Әсем әнің тау жаңғыртып, ел кезіп
Жүрді сенен болмағанда еш хабар.

Самғай берші, ақын аға, самғашы,
Бұзылмайды асыл өнер арнасы.
«Жезкиігім» – өз күйігін баса алмай,
«Тау ішінен» шыққан әннің жалғасы.

ТАЙҚАЗАН

Бастауынан алақай даңғазаның,
Жарылқанып, ұлғайттым жан базарын.
Түркістанға қарашы, беу, қазағым,
Қайта оралды әйгілі тайқазаның!

Тозбаса да жат жерде көнеленіп,
Қинаушы еді көңілге елең еніп.
Үнсіз қалды қалың ел баяғыда:
«Алып кетті...» – дегенге көне беріп.

Талапайлап есінен танған елді,
Нелер сұмдық әуреке салған еді.
«Алып кетті» ол күнде келместікке,
Қазан түгіл, талай сан тарлан ерді.

Қадір тұтсақ қасиетті қазынаны,
Ата мирас қайырдық азын әлі.
Қалғандарын осылай қайтарайық,
Айта бермей таусылмас базынаны.

Бауға толған жемістей қаулап пісіп,
Ой толқыды, санама салмақ түсіп.
Қожа Ахмет Иасауи жатқан шығар:
«О, тоба!» – деп қайта бір аунап түсіп.

ЖАРАР ЕДІ ЕСТІСЕҢ

*Хикметтерім кетті тарап жалғанға,
Кім естімей өлсе – сол жан арманда.*

Қожа Ахмет Иасауи

Өлең-жырым ән байланып талпынды,
«Сағынышым» ақтарыпты бар сырды.
Жетті ме екен құлағына қалқаның
«Бір ауыз сөз» сүйсіндірген халқымды?

Жырға орасам Ұлытаудың ұларын,
Шын ғашықтар қандырды ғой құмарын.
Естісе екен сол бір әнді, шіркін-ай,
Жазатайым жоғалтқандар сыңарын.

Қос аққуға Қоскөлдегі қараймын,
Жалықпаймын көз жазбауға талай күн.
«Аққу жеткен» деген әнім қалықтап,
Құлағыңа жетті ме екен, арайлым?

Қиялым сол қол жетпестей жалғанда,
Жалығыппын іздеу салып әр маңға.
«Жезкиікті» естімесең шошимын,
Көз жұмарда өтер-ау деп арманда.

ҮМІТБАЙ АҒАМНЫҢ МОНОЛОГИ

Мұсылманға арман – жету пейішке,
Жақсы тағылым сыбырлайды періште.
Кейде соның бәрін мүлдем ұмытып,
Өзәзілге кеттік еріп теріске.

Қастығы жоқ бәс болып па жай талас,
Түстік мимырт сан айқасқа тайталас.
Шарапқа енді жоламасын дегенде,
Дос кездесіп, болушы едік қайта мас.

Қарамайсың тәлтіректеген күйіңе,
Тиісесің өзіндей бір бүйіге.
Бас қаңғырған
Тас қараңғы түндерде
Екі аяғым әкелетін үйіме.

Кездерімде меже білмей мол ішкен,
Қылыштастым талай қазақ, орыспен.
Ертеңіне кететінбіз ұмытып,
Қол да тимей шым-шытырық мол істен.

Мәніс сол ғой болжау салсақ қиядан,
Біз жалғадық көрген істі ұядан.
Сойқан күндер еске түсіп кеткенде,
Өз ұлыма тік қарауға ұялам.

Солай болды-ау айналаның жетегі,
Сақтап қалды атқарған іс жетелі.
Иасауише түңілгенде фәниден,
Қара жерге кіргім келіп кетеді.

Бүгін тәртіп мықты қаққан шегеден,
Шаң жұқтырмас маған ерке немерем.
Жер бетінде кештім талай тозақты,
Пейіш жолын ашып берді шөберем.

ҚҰНАНБАЙ ҚАЖЫ МЕШІТІ

Шіркін, мансап алды-артына қарай ма?
Сәт бермеді қарадан шыққан талайға.
Шен-шекпені аздау болса,
Жетер ғой
Құнанбай үшін әке болу Абайға.

Елге аян аға сұлтан болғаны,
Бірақ тағдыр бір жыл ғана қолдады.
Сол уақытта Қарқаралы төрінде
Құнанбай салған құтты мешіт орнады.

Толастады талай шындық тоқтамы,
Кеңес келіп, дінге құрмет тоқтады.
Киелі екен,
Осынау ағаш мешітке
Қарқаралы талай өрті соқпады.

Құнанбайға күндер өтсе тақтағы,
Зор атақты дін ұясы сақтады.
Кір түспеді дана ұлдың атына,
Бар тірлігін жаңа жолмен баптады.

Билікті ойлау... біржола ол жоғалды,
Мекке барып, қажы болып оралды.
Шырмауықтан шыңға шығып Құнанбай,
Ел абызы, ұлы тұлға бола алды.

Тәуелсіз ел дінге сенім ұстанып,
Құнанбай қажы мешітін бақыт құшты анық.
Құлпыртып тұр бар аймаққа сән беріп,
Құн сүйгендей қызыл мыспен тысталып.

ПАЙҒАМБАРДЫҢ ҚЫЛЫШЫ

Бір Алланың қолдауымен айтарым,
Мұхаммедтен ғибрат алып байқадым.
Біткен екен имандылық, парасат,
Қонған екен тілегіңе сай тәлім.

«Онсыз бізге таң атпайды, батпай күн», –
Дегендерден асыл жанды сақтаймын.
Ізгіліктің асыл нұрын іздеуші,
Нұрлы есімін қасиет тұтып мақтаймын.

Алла қолдап асыл еткен ырысын,
Бір ісінен байқа құштар мың ісін.
Үнсіз қаққан арсыз жанның сайтанын
Сөз етейін пайғамбардың қылышын.

Зор шайқастан отырғанда тынығып,
Қызыққандай алмағайып сыр ұғып;
Бір бәдәуи көлгірсіді жалынып:
«Қылышыңды көрсетші», – деп құнығып.

Сұраған соң көрмегенін өмірі,
Бишараның қалмасын деп көңілі;
Бере салды жарқыл қаққан қылышын,
Секем алмай сүттей таза сенімі.

Сыбыр-күбір жын-періден хабар кеп,
Сумақайға бітеді екен амал көп.
Әудем сәтте қылышқа тез ұмтылды,
Пайғамбарды қақ маңдайдан шабам деп.

Мұхаммедтің келбетіне сондағы,
Мейірім толқып, нұр шапағат орнады.
Ал бәдәуи жерге кірген қылышты
Шығара алмай, жұрт көзінше сорлады.

Алла қолдап пәк сенімге жаттыққан,
Қорғаушысы бар екенін қатты ұққан;
Пайғамбарды жаралды деп сезінем
Бір Аллаға сенген жаны ақтықтан.

СЫР-СИПАТЫ ӨЗІ АЙТҚАН

*Үмбет қып, миғраж түні перзентім деп,
Көркімді көктен таптым жерден тілеп.*

Қожа Ахмет Насауи

Ес білгелі қадір тұтып иманды,
Бір Алладан әулиелік сыйды алды.
Құс жолындай ашаң жүзі жұқарып,
Көкірегіне Құран сөзі жиналды.

Лебізінде таңғажайып сиқыр бар,
Бір тыңдауға болар адам күн-түн зар.
Қайырымдылық сіңген екен қанына,
Етпей өтті дүние жинап құлқын тар.

Туды десе оны Мәуліт тойында,
Ешбір күмән мекен таппас ойымда.
Жеті жаста бата беріп Арыстан баб,
Иман жолы жүгін артты мойынға.

Алла ісінен басқа жаққа баспады,
Жастық дәурен көп әуресін тастады.
«Көктен тапты» жерден күткен арманын,
Қызыр қонды, Жаратушы жақтады.

Мен ол жайлы ұқтым талай мағлұмат,
Жақсылығын жұғысты ету – бар мұрат.
Ақиқатшыл сүйдім ашық мінезін,
Көп уағыздап жүрмесем де қалжырап.

Ғашық кезде іңкәр сөзін жалғап та,
Елестеттім Қорлығайын жаннатта.
Махаббатшыл мақамдарын ұғынсам,
Ол да түсті-ау біз іліккен қармаққа.

«Жер астына қашқандығын» жыр қылып
Кетсе...
Көрді-ау жер бетінен мың бүлік.
Әділдікті жеңген кезде зұлымдық,
Ол аттанды наразылық білдіріп.

Әлі талай айтармын ғой жалғасын,
Қолда барды дос-жарандар аңдасын.
Қожа Ахмет Иасауидің сыры көп,
Толтырардай талай жырдың арбасын.

СЕГІЗ СЕРІ – КЕМЕҢГЕР

*Жаббарға жасым төгіп жалбарынам,
Жасаған, не істесең де ғашық қылыш.*

Қожа Ахмет Насауи

Көк теңізде желкен жайған кеме дер,
Сегіз сері – асқан талант, ерен ер.
Ұстазым деп ардақтаса Біржан сал,
Сол емес пе озық туған кемеңгер?!

Аз уақытта мол шарықтап үлгерген,
Жүрек қылын дәл табатын сұр мерген.
Баһрамұлы ол Мұхаммед-Қанафия,
Ақындығы, батырлығы мыңмен тең.

Сөзі сара, әні дара, асқақ-ты,
Оны жастай ұлтжандылық басқартты.
«Тентек қазақ ереуілін бұз!» – деген
Губернатор жарлығынан бас тартты.

Үздік ақын, ұлы сазгер, хас батыр,
Онда көп қой ғашықтықтан басқа сыр.
Исатай мен Махамбетке септесіп,
Сан жорықта құрды бірге ақ шатыр.

Содан кейін Сыр бойына оралды,
Дертке дауа тапқандай тез оңалды.
Төтеп беріп Хиуа, Қоқан, Ойратқа,
Қиын күнде қол бастаушы бола алды.

Бекер ғана Мақпал қызға тамсанбас,
Ғажап сол ғой сүймегенін қарсы алмас.
Мерт болды қыз Ойраттардың оғынан,
Сонда туды ән төресі – «Ғауһартас».

КОРКАМЫН БҮГІН...

Жас ұлғайса қартайдым деп жылаған
Қорқыныштан тұла бойым дін аман.
Қазақша білу азапша
Үшқан зәресі
Бастықтан қорқам бес сөзді әрең құраған.

Мезгілсіз атқан шуақсыз таңнан қорқамын,
Құлқыны тоймас ұнамсыз жаннан қорқамын.
Таң ата туып, күн батпай мың сан өзгерген
Пісуі шикі, тұрақсыз заңнан қорқамын.

Әуелеткен
Алғандай теріп Құраннан,
Аясы тарын аз күнге әрең сұранған,
Тұғыры осал, жеңіл-желпі жасалған
Қорқамын бүгін ғұмыры қысқа ұраннан.

Салмақтап сынап, шығарсам жырмен ортақ үн,
Ел айтқан сөзді айғақтап, зерлеп, қорытамын.
Қара басын халықтан бұрын ойлаған
Парасүйгіш пәледен қатты қорқамын.

ТІЛ ЖОРЫҒЫ

«Қазақ» деген байырғы атымызды
Шыңғыс хандар садақпен атып үзді.
Ақ патша да бодандық құрсауында
Ұмыттырмақ болды өз затымызды.

Терең толғап төркінің ел дертінің,
Абай ашты ажарын сөз көркінің.
Байтұрсынов тілімді шын түлетті,
Жайнатқандай құндызын қыз бөркінің.

Тіл күрмеліп кеңестің «жұмағында»,
Судай сінді құрдымға құба құмда.
Сонда Ахаң бастады қорғау жолын
Ана тілін «ортақ тіл» құрамында.

«Рухани көсемі ұлтымыздың», –
Деп Әуезов құптады ғұрпын ізгі.
Тіл жорығын өзі де жасап өтті,
Сүйсіндіріп туған ел-жұртымызды.

Мағжан ақын ұрандап, Тұран барып,
Шәкәрімдер үзбеді Құран нәрін.
Жасап берді жас Қаныш ғылым тілін,
Есеп-қисап оқулық құралдарын.

Тілге Сәбит араша арнап өтті,
Тамсандырды Ғабит те барша көпті.
Жамбыл атам жаңбырдай нөсерлетсе,
Сырбай ағам сөз нәрін талша екті.

Көрнектілік Сәкендер қалыптады,
Өргек тілмен Қасымдар шарықтады.
«Маржан» терсе Мұзафар,
Сөз сарасын
Алтындауға Әбіш те жалықпады.

Егемендік алғанда елім менің,
Тіл тұғыры биік деп сеніп едім.
Орыс аздай, өзгеше қорыс келіп,
Тіл жорығы байқадық кемігенін.

Өндірісті сатумен маздаушылар,
Татулығы тіліммен аздау шығар.
Қазақтардың діңкесін қатырады
Ағылшынша сөйлесіп «жалдаушылар».

Егемен ел күшейтсем дабылымды,
Сес берер дестелеймін бар ірімді.
Кесене Ай-Әлемге танытып тұр
Тарихта менің терең тамырымды.

Өлкеме қос мұнара қарқын сайлап,
Көркіне жігер қосты барқын аймақ.
Қызылжар қос батырды қолалады,
Ол-дағы ел орнатқан алтын айғақ.

Түсінсең соның бәрін мәнді етемін,
Толқытам күй күмбірі, ән жетегін.
Ел білсін, дос сүйсінсін, дұшпан ұқсын
Тұғыры Қазақстан әлді екенін.

Қаскелең үлесі мол той салтында,
Жетісу көшіп келді сол қалпында.
Қарсы алды қошеметтеп Есіл, Көкше,
Ақ ниет, тілек қосып мол қарқынға.

Қалың ел – мәңгі жасыл қарағайым,
Қарсы алды дән толқыған дала дайын.
Алладан не тілесек, соны берсін,
Ас пен той құтты болсын, бар ағайын!

БІР АУЫЗ СӨЗ

Бір ауыз сөз қасіретті тыяды,
Бір ауыз сөз айықпас дерт жияды.
Бір ауыз сөз әлемге әйгі еткізсе,
Бір ауыз сөз жаманатқа қияды.

[illegible]

Бір ауыз сөз мұхиттарды жалғайды,
Бір ауыз сөз ұран болып самғайды.
Бір ауыз сөз ұшса бақыт құсы боп,
Бір ауыз сөз арсыз жандай алдайды.

Бір ауыз сөз таң шолпанын әперер,
Бір ауыз сөз аңаңдай боп мәпелер.
Бір ауыз сөз ұл туды деп қуантса,
Бір ауыз сөз әке өлімін әкелер.

Бір ауыз сөз жан тетігін табады,
Бір ауыз сөз мың әуреке салады.
Қимас жандар көз жұмарда қоштасып,
Бір-ақ ауыз сөз айтысып қалады.

МЕНІҢ БАТАМ

Бисмилла деген дүр бата,
Құраннан шыққан нұр бата,
Жүректен шыққан жыр бата.
Өткендер жетсін жаннатқа,
Тіріні жебеп жүр, бата.

Шатасқан сақта төреден,
Адасқан сақта жебеден.
Әкімнен сақта көрсоқыр,
Халықтың қамын жемеген.

Ініден сақта ермеген,
Ағадан сақта сенбеген.
Ағайыннан аулақ қыл
Қысылсаң қолын бермеген.

Сақта құнсыз теңгеден,
Қатыгез, сараң жеңгеден.
Қолда барды қақ бөліп,
Кешейік тірлік елменен.

Қанатын жастың майырма,
Қызғанда жолдан қайырма,
Тірідей достан айырма.
Сыйластық бер құдалар,
Нағашы, жиен, қайынға.

Қайғыдан сақта қамыққан,
Кеселден сақта тарыққан.
Сұрапыл күнді аулақ қыл,
Соғыстан елім зарыққан.

Қырманың толсын астыққа,
Соқтырмасын аштыққа.
Бір Алла берсін береке,
Жүгіндірмей бастыққа.

Тірлікте жерге қаратпас,
Бірлікте болған қанаттас.
Үкімет бергей берік қол,
Бар байлықты талатпас.

Сыйлауға болсын татымды ер,
Ақтангер адал, батыл дер.
Қай өңірге болса да,
Ақылды, абзал әкім бер.

Елордам болсын тұғырлы,
Елбасы мығым, ғұмырлы.
Парламентке жолатпа
Жағымпаз, жалтақ, қыңырды.

Көркейткен көкірегімді мінезіңмен,
Сен маған тіл жетпестей қымбаттысың.

Тентектік теріс тартса лез үннен,
Кеншілік – бәрі қайсар мінезімнен.
Қолдағы бар жетістік – сенің ісің,
Жолдағы жоғалтқаным – бір өзімнен.

* * *

«...Мұсылман мұсылманның қанын ішкен,
Жаладан жазықсыздың бағы түскен,
Қарамас мүрид пірге жалынышпен,
Ғаламат сұмдық заман болды, достар», –

Дегені Қожа Ахмет Иасауидің
Қозғайды түп тамырын баста мидың,
Жасымда қайғымды ыстық жасқа түйдім.
Ондай да ауыр заман болған, достар.

Сүм тағдыр елден жырақ алып ұшты,
Сезбеді өз ағам да сағынышты.
Оралтпай ауыл жаққа, Мәскеуде ұстап,
Тым шатақ ауыр жылдар болған, достар.

Қазынаны сыбайластар талап жатыр,
Шындыққа өтірікті балап жатыр,
Болардай ұялмайды заманақыр.
Оны да өз көзіңмен көрдің, достар.

Көпіртпе көп толғаудың керегі не,
Көңілдің дәру болар елеңіне,
Шындықтың туы оралса өлеңіме,
Заяға кетпес деймін өмір, достар.

ПІР БЕРГЕН

Пір берген шарапқа елтіп қара бастым.

Қожа Ахмет Насауи

Шын дәулескер домбырашы ұстазым,
Қасында өтті талай балғын қыс-жазым,
Тарихшы еді өзі де жас мұғалім,
Екі ішекке дәл түсірер құс назын.

Қайраушы еді тірі жанның намысын,
Самғаушы еді күй аралап бақ ішін.
Желпінетін салып аққу саңқылын,
Келтіретін Құлагердің шабысын.

Көп жаттықтым тірі көзден жасырып,
Тағзым еттім ұстазыма бас ұрып.
Тартқанымда бірде алдында «Адайды»:
«Кеттің, – деді, – өзімнен де асырып».

Қайталантты, қыздырмалап күштеді,
Демеу тапты асыл арман іштегі.
Қуанғаннан шарап сілтеп досымен,
Күле қарап, маған-дағы: «Іш», – деді.

Таңғалуым ессіз еді сондағы,
Айтқанынан қайтпай қойды ол-дағы.
Тұңғыш рет шарап таттым «пір берген»,
Қожахмет ағам да оны қолдады.

Содан кейін топ ішінде тартқызды,
Көзім шалды бір сыныптас ақ қызды.
Басым мең-зең... жаңылмады он саусақ,
Үйге жеттім... тәтті ұйқыға батқызды.

Бас ауырып бұрылтпады сабаққа,
Қатты өкіндім оқ тигендей қанатқа.
Домбыраға күшейсе де құмарым,
Енді қайтып жоламадым шарапқа.

СОЛ КҮНГІ СЕНІҢ АЖАРЫН

Алдында ғашықтықтың иісімес кім,
Жеткізбес құдіретіне миыңды ешкім.

Қожа Ахмет Насауи

Шаттыққа жаным қанықты,
Ұмыттым тірлік дауылын.
Дастархан көшін танытты
Менің де дарқан дәуірім.

Алатау жайған шуақты,
Туған күні Майраның.
Табиғат жайды жұмақты,
Қызымның қолдап сайранын.

Бәйбішем, гүл-гүл жайнадың,
Артық боп төрің мың тақтан.
Көркіңе көзді байладым
Өзіме тартқан қыз тапқан.

Көз тоймады қарап та
Лала гүлдей етіңе.
Қызыл күн, қызыл шарап та
Қызарып шықты бетіңе.

Сипаса сені таң самал,
Жан бітті шырша бүріне.
Сайрады құстар бақта бар,
Қосылып әсем үніне.

❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖ Туркістанга тагзын ❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖

* * *

Ей, достар, құлақ салып гәпке іш қана.
Сондықтан алтыс үште жерге кірдім.

Қожа Ахмет Насауи

Мен келемін баяу басып ақырын,
Ел бірлігін сақтау – жеткен ақылым.
Арқалылар баяғыдай сыйлайды,
Қалталылар танымай жүр жақынын.

Тағзым етсем Жаратқанға сиынып,
Отыр деме өз-өзінен бұйығып.
Көкіректі тесіп қана шығады
Өлең, шіркін, ағыл-тегіл құйылып.

Шуақ берсе дербес елде жылы күн,
Өзіме де оғаш кейбір қылығым.
Жақтамаймын өткен ғасыр шылығын,
Боқтамаймын бүгінгі күн былығын.

Келемін ғой саспай, сабыр сақтаумен,
Жарғы мен Заң бұйыртқанын жақтау жөн.
Тынысым жоқ асыл өлең іздеумен,
Жұмысым жоқ талапайды мақтаумен.

Үмітім зор келешекке, көңіл нық,
Желіктірмес қырсық-қиғаш содырлық.
Әр нәрсенің затын ойлап келемін,
Үндемесем, жеңді деме момындық.

БӘЙКЕН АҒА

*Сахабалар айтады: «Арыстан баба атыңыз,
Арабтардың ұлығы, пәкиза дүр затыңыз».*

Қожа Ахмет Иасауи

Кейіпкері жасардай кең дастанның,
Үкімет қолда – он бес жыл ел басқардың.
Ең ардақты ақсақал болсаң бүгін,
Қиялысың қызыққан сен жастардың.

Еске түссе қазақтың көне күйі,
Атар едік Алаштың Төле биі.
Қаз дауысты Қазыбектей Сағындық жүр
Көзге түсіп қасыңда өте жиі.

Жаным сүйер мінезі кең адамды,
Пейілі басар көңілде кей алаңды.
Осы күнгі Әйтеке бидей көрем
Үштің бірі атанған Сері ағамды.

Сыр самғатса ақ қанат жыр ұшқыры –
Мінезге бай әр қадам дұрыстығы.
Ақылға кен деп білем, осы болар
Ана сүті дарыған бір ұшқыны.

Кемеңгерсің келтірмес төріме сын,
Жүріс-тұрыс байқаттың емлесін.
Ұстаз болған Қожа Ахмет Иасауиге
Арыстан баб данадай көрінесің.

* * *

Тау ішінде тауды жырлап өтемін,
Көл шетінде құсқа құрмет етемін.
Қырға шықсам, жарқ еткенде жезкиік,
Баса алмаймын сағыныштың жетегін.

Жаршысымын Сарыарқа – кең даланың,
Жырға қосып жанға рахат аламын.
Көрмесем де сені ұмыту деген жоқ,
Мен бәрібір жас қалпымда қаламын.

ТҮРКІ ТЕКТЕС ЕЛДЕРДІҢ БАС АҚЫНЫ

*Құл Ахмет, дүние құмасаң текке бекер,
Көкіректен шыққан дауысың көкке жетер.*

Қожа Ахмет Насауи

Түркі тектес елдердің Бас ақыны,
Мағжан десең,
Жоқ қазақ сасатыны.
Түркістан деп,
Тұран деп «көкке жетті»,
«Көкіректен» азатшыл самғап үні.

Өзгеше едік
Сергектеу бұдан кеше,
Жылжып жүрді қасында жылан неше?!
Кетті атылып Мағжандар:
«Түркі тектес ежелгі Тұран», – десе.

Қапы кеткен замана дауылында,
Шекті азаптың шегі жоқ ауырын да.
Мағжан аға жұлдызы қайта жанды,
Күндер өтті көп салған қамығуға.

Түркістанға тағзым

Екі мың жыл толғанда Түркістанға,
Бақыт құсы дермісің бірге ұшқан ба?!
Арыстан баб, Қожа Ахмет, Абылайдан соң
Мағжанды атау бүгінгі кірді заңға!

Ол кеткен кез сұрқия заман еді,
Қалды артында қалқайып аман елі.
Мағжанды айтса
Абайдан кейінгім деп,
Мұхтар салған орнықты дана белгі.

Ақ көңілді осылай ақтаралық,
«Сабыр түбі – сары алтын» сақтады анық.
Жалғыз оқпен жайратып тастаса да,
Тастау болмас ақындық тақтан алып.

Дәл осылай түсіну жөні бөлек,
Берді жаңа Түркістан өңі көмек.
Мағжан аға, сен де бір әулиесің,
Жүрегіне туған ел қойған бөлеп!

ЕСЕНБАЙ ДҮЙСЕНБАЙҒА АЛҒЫСЫМ

*Аллаға шын ғашықтар пырақ мініп,
Шырқырар құштарлығын шырақ қылып.*

Қожа Ахмет Иасауи

Жақсы ақынды жақтап өтер жамағат,
Сәтті ісіңе еттік үлкен қанағат.
«Пырақ мініп», «шырақ жағып» қолыңмен,
Иасауиді аударғаның ғаламат.



Түркістанның
киелі аясында



ТҮРКІСТАНҒА ТАҒЫМ

*Түркістан — екі дүние есігі ғой,
Түркістан — ер түріктің бесігі ғой.*

Мағжан Жұмабаев

Қасиетті есік ашылды,
Тамсантты жаңа ғасырды
Түркістаным «Кіші Мекке» атанған.
Даналар зират тапқан жер,
Әзірет Сұлтан жатқан жер,
Жеті жаста әулиеден бата алған.

Әлемге әйгі есімің,
Киелі алтын бесігім,
Құт байлансын сенің асыл даңқыңа.
Ер түрік белін буғанда,
Ер қазақ қайта туғанда,
Рухани астанам боп жарқыра.

Көшуге құмар ғұмырың,
Өзгеріп туды тұғырың,
Көшелермен келді жаңа құт басы.
Отырардың қасында,
Жігерлі едің жасында,
Қазағымның қала мен дала тұтқасы.

Түркістанға тағзым

Төңірім төр қып қалаған,
Құлшынған сендей қаладан
Өріс тапты білім, ғылым, жаңалық.
Отыз екі қала бар,
Бөріңде басшы даналар,
Сол емес пе өркениет далалық?!

Әлдиле, бесік, әлдиле,
Басайын шатты ән-күйге,
Құлшынайын үйірде озық құр аттай.
Құлаш жайып кең төрден,
Тіл табысып ертеңмен,
Дәуір тойы келді аңсаған мұраттай.

Тағдырға тәбділ табылды,
Халқыма шырақ жағылды,
Иман бұзбай пәк сенімін сақтаған.
Егемен бүгін ел болдық,
Оң мен солды тең шолдық,
Сол бағытта сыр түйдегін ақтарам.

Тұтанған жалын кеудемде,
Жөн тапты енді сөнбеуге,
Жеңді ақиқат бодан күндер жасырған.
Күйзелген күйім оңалды,
Тайқазан қайта оралды,
Дәру таптым күйінішке ашынған.

«Қасым салған қасқа жол»,
«Есім салған ескі жол»
Жоғалған жоқ жонда ізі мөлдіреп.
Түркістан зерлеп затыңды,
Таңдайым ғибрат татынды,
Шарықта тудай төр төбеде желбіреп.

Әбдіжәміл, Төрегелді, Салық бар,
Манаш, Сайын, Аманжолды танып қал.
Құл-Мұхаммед Мұхтар – біздің сенатор,
Жігіт екен елдің көркін анықтар.

Қожа ұрпағы болғандығы қолдай ма,
Келешекке үміт арттым сондайда.
Ұлы ханға бисмилла деп ас берді
Қасиетті Кенен елі Қордайда.

Қар жауып тұр,
Борандатса жел үдеп,
Киелі хан аруағы берді сеп.
Борандатып Түлкібасқа жеткенде
Күтіп алды айтулы әкім Бердібек.

Әбдіжәміл жолда әңгіме бұлағын
Ашты жүрек жағып нұрлы шырағын.
Алшақ деген шапшаң өтті ұзақ жол,
Ғаламатқа қанды екі құлағым.

Мың шақырым жерді ләм-мим жүк көрмей,
Күйлі жеттік шекпеніміз бүктелмей.
Түркістан да тіке тұрып қарсы алды,
Жұрыновтар жүктің зорын күткендей.

Университет, сәнді сарай ақ маңдай,
Арайлы екен Абылайды атап салғандай.
Қамқорлыққа Қожа Ахмет Иасауи,
Арыстан баб екеулесіп алғандай.

Кіші Мекке аруақ қонған аралдай,
Кете алмайсың жан-жүрегің жаңармай.
Абылай ханды қайта жерлеп оралдық,
Ұлы рәсім есте мәңгі қалардай.

ТҮРКІСТАНДЫҚ БИІКТЕН

Мұхтар Құл-Мұхаммедке

Түркістанға оң сапарды құптадым,
Абылай ханға тағзым ету – ұққаным.
Алатаудан шыққан көштің алдында
Ағыбайдай алға тарттын, Мұхтарым.

Қайсарлығың – жүректі кең ашқаның,
Ел еңсесін бір көтеріп тастадың.
Айқындалып ұлы ханның мәйіті,
Қайта жерлеу – парыз жолын бастадың.

Байқап тұрсақ, соның бәрі тегін бе?
Тарқап кетті сағым-қиял шерім де.
Неге десең, рухани ел төрі
Абылай ханның ұйықтап жатқан жерінде.

Ерен еңбек негіз тапты пайымды,
Жарқын бейне, айқын сурет жайылды.
Зерттеушілер барлығына мың алғыс,
Ерекше айтам Оразақ пен Сайымды.

Ақ арулап, діни рәсім жасасақ,
Атын шалып, тастан табыт қашасақ;
Жөн болады суретші Мәжиттің
Шын бауырмал аты-жөнін атасақ.

Ата салты, дін мұсылман ғұрпымен
Белгі орнатсақ зерлеп мәрмәр, құлпымен –
Отан-ана ақ тілегін ақтадық
Шоқан бабам, ақын Мағжан рухымен.

Сарғайған сағыныштан жан досыңды
Қорғауға жаратылған нәсібімсің.

Жезкиік – кең даланың арман гүлі,
Көбейді-ау көкірекке салған зілі.
Сұлулар жер бетінде сиреп кетсе,
Не болар адамзаттың қалған күні?

ҚАСТЕРЛЕСЕК АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ЕСІМІН

Кіші Мекке – Түркістаным, армысың!
Арнап келдік киелі іске жан құсын.
Абылай ханның жұлдыз етіп есімін,
Дербес елім салып жатыр бар күшін.

«Хан ием», – деп өскен қазақ ардақтап,
Ақ жолына жас ұрпақты жалғатпақ.
Қайта жерлеп, аруласақ аққа орап,
Риза болар ел құрметін салмақтап.

Әлем білген пір сыйлауды барладық,
Дін мұсылман, бас иіп тұр бар халық.
Қожа Ахмет Иасауидің тілінде
Алла атымен Құран сөзін арнадық.

Ол халқынан аямады өз күшін,
Сан арпалыс сұрапылын кешті шын.
Кім екенін Абылай ханның жыр етсем,
Міндетім сол – үмбетіміз естісін.

Әне, сонда түйдек келген жыр мәні,
Бұл есімде бүкіл тарих жинағы.
Ұлттың күлі көкке ұшардай қатерде,
Абылай ханды Алла бізге сыйлады.

Кер заманда тоқтау салса кесір сын,
Егемен ел қошеметін өсірсін.
Өтемесек бұл міндетті ертерек,
Ұлы ханның аруағы кешірсін.

Айт күні еді... мұнды үндер аз шықты,
Ақ тілекпен көкіректен наз шықты.
Сөз алғанда шөбересі Шотаның
Елжіреген жүрегінен жас шықты.

Әбілмәнсүр нұр-шуаққа малынсын,
Пірімізге пейіш шамы жағылсын;
Аят-дұға бір Аллаға жетердей,
Періштенің құлағына шалынсын!

ЖОЛДАҒЫ КӨП ХИКАЯ

Түркістанға дәм-тұз тартып барғанда,
Зиялылар ой жүгіртті әр маңға.
Оқыс оспақ, қызды әсемпаз әңгіме
Қармақ салған талай ынтық арманға.

Бір қара көз тақасының жарқылын
Өлең еттім қосып сырға-алтынын.
Уақыт та жоқ, жас та келді біразға,
Қысылдым ғой келмей ескі қарқыным.

Бұл жалғанның қыр мен сырын өлшетіп,
Ғалымдық пен серілікті көрші етіп,
Түнделетті Төрегелді ағамыз,
Сегізінші ғаламатты көрсетіп.

«Миколай соққан сөлкебайдай әдемі»,
Шота десек, жайнар сәулет әлемі.

Алты қатын алса да Абылай атасы,
Қасында жүр жалғыз ғана әйелі.

Көп соққылап есерсоқтау Шортанды,
Көпен ақын кемшілікке зер салды.
Рымғали мен Таразиді күлдіріп,
Камал жүрді жиі мақтап Шерханды.

Көзі күліп, өз күшіне сенгендей,
Әзіл сөзге әтір қосып дем бермей
Тірі классик Әбдіжамал отырды
Бефлиемге «Папа Римский» келгендей.

Жолда ілескен жоралғыны қиял ғып,
Қолпаштаған біз алғысты жиі алдық.
Сертке жетті сексендегі серілер,
Алпыстағы жастар жағы ұялдық.

Сыйластыққа көңіліміз тоқ болды,
Қырғи мінез, қырғын сөз де көп болды.
Тәубе деймін, Құдай оңдап қазақты,
Жүзге бөлу осы жолы жоқ болды.

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ СУРЕТІ

Алдымда тұр жаңа салған сурет,
Көп үңілдім, бір емес-ау, мың рет.
Келтіріпті ұлы ханның келбетін,
Ұялаған кемеңгерлік құдірет.

Абылай десе, мен сенемін осыған,
Кітаптағы бейнесіне қосылам.
Қауға сақал қапталына қарасам,
Жоңғарларды елестетем жосыған.

Мұрт шалғысын салты десек қызыққан,
Екі көзде мұң тұнып тұр біз ұққан.
Сол заманның шырғалаңын андатар
Маңдайдағы жылғаланған сызықтар.

Оқыс үрей шалдырмаса түсіне,
Ішкі намыс сенім берді-ау күшіне.
Қаратаулар бар қайғысы сыйып тұр
Қара судай қос қарашық ішіне.

Сақ қырандай көп түйілсе сабылып,
Жойқын ойлар өтіп жатыр ағылып.
Бір күй тартып Сырдың бойын тебіrentіп,
Отырғандай Сарыарқаны сағынып.

Хандығы ұстап қаһарланып, өрленбей,
Толғандырды-ау шырмауыққа шер кенбей.
Қырынан салған суретке де таңдандым
Сайын дала Сократын көргендей.

Шыр бұзбастай үнсіз ғана күрсінген,
Үндеседі ерен-ғайып тылсыммен.
Ұлы жүрек ұласып тұр лүпілі
Менің шағын кеудемдегі дүрсілмен.

ШӘУІЛДІРДЕГІ МҰРАЖАЙ

Абдолла Жұмашевқа

Бермейді Тәңірім сүйсе барын кімге,
Кездестік құтты жолда тәуір күнге.
Таңырқап Отырарды он айналып,
Келіппіз ғажап шаһар Шәуілдірге.

Қонақтар – кіл ғұлама, дүр ағайын,
Біз көрдік әдебиет мұражайын.
Сыңсып тұр басқа жерде жоқ қазына,
Орғытып қалай жеңіл шыға алайын?

Тарихы Түркістан мен Отырардың –
Табысы жүрегінде оты бардың.
Қаратау ақындары ғажап екен,
Бір сайда үйіріндей тотылардың.

Не көрсек – бәрі сирек, бәрі мығым,
Бір жүйе сарыны бар бағытының.
Тасада жатқан алтын сынығы ғой,
Тындашы Қызыл жырау қағытуын:

«Қарасам – Балтабайым үрген местей,
Қойғандай ертелі-кеш аузын шешпей.
Бұлтиып екі беті булығып тұр,
Бұтына сары қыздың біткен еттей».

Күлістік мәре-сәре тындағандар,
Қызық көп ерік берген қылқаламға.
Бір соқпай мұражайға өтпесе екен
Қазақтың көркем сөзін құндағандар.

Көз түспей ескі «Жұмбақ жалауға» да,
Қол салмай «Жезкиіктей» алауға да;
Мұражай есті алып кете бардық,
Мұрша жоқ бір сұлуға қарауға да.

ҚҰЛПЫТАСЫ АБЫЛАЙДЫҢ

Ұлы ханның қабірінің үстінде
Белгі көріп шын тебірене түстім бе?!
Абылай атты дәлізде тұр құлпытас,
Айғағындай бірліктің де, күштің де.

Нұрлы жалын дулығалы құлпытас,
Сырты сұлу, жүзі жылы, тұрқы жас.
Ата-баба сан ғасырлық рухымен
Тәуелсіздік белгісіндей біртұтас.

Ұшар басын айқындапты алтын Ай,
Қарау қиын оған көңіл толқымай.
Қожа Ахмет Иасауи мен Арыстан баб
Жебеп тұрған сергек, өргек салты бай.

Дулыға тас көк мұнарға малынған,
Көз шыдамас жарқылына шалынған.
Әзірет Сұлтан басындағы көк тастай,
Майкөлдегі бір қазбадан алынған.

Тегін емес терең ойдың арнасы,
Елестейді сақ пен ғұнның жалғасы.
Үш күлтелі ыдыраған қазақтың
Жасалыпты басын қосқан таңбасы.

Жермен жалғас жатыр тұғыр қара тас,
Қағбадағы қара тастай дара тас.
Үстіндегі сандықтастан оқыдым
Мағжан сөзін үміт, сенім аралас.

Ұлы хазірет дарығандай батасы,
Бекер дейтін жоқ дүдәмал қатасы.
Жазылыпты көне шежіре салтымен
Абылай ханның дәл он алты атасы.

Осы болар рухани төр деген,
Киелі жер тарих ізін мөрлеген.
Бұл құлпытас – Елбасының тартуы,
Ұста қолмен бүкіл халық зерлеген.

ӘБДІЖӘМІЛДІҢ ЖОЛ ҮСТІНДЕ АЙТҚАНЫ

– Абылай десең,
Толқимын нұрым жайнап,
Шексіз дала – өтіпті сыйын сайлап.
Кеңістікте ұлтымның кең мінезі,
Кетер ме еді әйтпесе миым қайнап?!

Еуропада жүремін мазасыз боп,
Қия бассан ой қазған даласы жоқ.
Өзбек те отыр шұқшиып шөкім жерде,
Төңірекке қарауға шамасы жоқ.

Қазағымның қойшысы, балықшысы –
Ойлы, зерлі, ақжарқын, алып күші.
Көкірегін кеңейткен кең далам ғой,
Ой мен қыры, жер мен көк анық түсі.

Көкжиекке көз салған күні бойы,
Қазағымның қашанда биік ойы.
Шырт ұйқыдан адамды ән оятар,
Сайда бұлбұл сайраса түні бойы.

Өзенді өрлей қойшылар қой салады,
Қырық бүктеліп қырқада жол қалады.
Бөрісі мен бүркіті қызықтырып,
Маңғаз дала ұлғайтқан ой-сананы.

«Екі де екі – төрт» деуге
Үйренген күнім жақсы еді.

Ниетің тоқ, құлқың бай,
Бауырлас еді арамыз.
Табиғаттан, шіркін-ай,
Алыстап қана барамыз... –

Үңіле қарап заманға,
Өзгеміз жым-жырт, үн жұттық.
Техникадан адамға
Келердей ертең мимырттық.

ЖАҚСЫЛЫҒЫН ЖАҚСЫНЫН ЖАСЫРМАЙЫҚ

Мұрат Жұрыновқа

Тірі пенде өлмейді мақтағаннан,
Мақтандың деп етектен тартпа, жалған.
Жақсылығын жақсының жасырмайық,
Ар-намысты кіршіксіз сақтай алған.

Сөзі өлмейтін мәңгілік хатта қалып,
Асыл көп қой ардақтап ат тағарлық.
Махамбет пен Мағжанды жалғастырған
Қасымдарым – бір ғасыр бастамалық.

Мұқағали, Евнейді баптап анық,
Неге жақтап ел үшін сақтамадық?
Жақсы деуге жақсыны қимағанды
Заман өзі тастады тақтан алып.

Руласып, бөлісіп, ырымдасып,
Қулануды білмеген қырын басып;

Қарағанды қазағы деп ойлаушы ем
Мұрат жүрсе Евнейге сырын ашып.

Сирек талант жүрегі от жағарлық,
Өріс тапты маңайы бақшаланып.
Түркістанды түрікпен жалғастырған,
Атын айтып ардақтап мақтаналық.

Орда жасар оң істі бастап алды,
Түн ұйқысын төрт бөліп тапты амалды.
Түрік-қазақ түрлентті білім төрі
Түркістандай рухани астанамды.

Аямасам ақ тілек асыл дастан,
Ол да, елім, бәйгеге атың қосқан.
Сүйсінемін кемеңгер мінезіне,
Түркі тектес білгірі басын қосқан.

Түрік, қазақ тіл тапса түлегімен,
Парасатты, пайымды жүрегі кең.
Мен қуанам ол шықса сын сағатта
Елбасы мен туған ел тілегінен.

ЕЛ ҚҰПТАЙДЫ КӨТЕРСЕК АБЫЛАЙДЫ

Түлкі заман, тік көтерсем сөкпе мүлде,
Өтер бүгін тарихи өкпе кімге?
Абылайын туған ел қайта тапты,
Шек қойдық біз тарихты жек көруге.

Молайтса екен адалдық берекемді,
Мағжанша мақтадық Кенекемді.
Егемендік ел-жұртқа қанат байлап,
Көмекейге оралды «Бәрекемді!»

Ел ұмытпас көтерсек Абылайды,
Ол ханы ғой қазақтың басыбайлы.
Бағы жанып төрлетсе жаңа қазақ,
Дана қазақ ұмытпан Ағыбайды.

Тез жөндейді қираған көпірді кім,
Қаулады ғой, кер заман, нөпір жүгің.
«Абылай!» де, «Ағыбай!», «А, Құдай!» де,
Ту түбінде қазағым отыр бүгін.

Сынап едің, замана, сынап едің,
Мал соңында майысқақ шыдады елім.
Бізге қарай әдейілеп берсең рахмет,
Олжа салғыш тарихтың Құлагерін.

АҚ ПЕЙІШТЕ ҚАРСЫ АЛСЫН

Ақжан Машановқа

Арыстан бабты мен өзіңнен естіп ем,
Өжет едің қалған қайсар естіден.
Арыс Сырдан айырылғандай шошыдым
Ауыр сәтте суық хабар естіген.

Ой-хой, дүние-ай!
Тарих қанша жаңылды?!
Жабық жатты баба салған бар үлгі.
Әл-Фараби қазақ етсең есімін,
Ақ түйенің қарны сонда жарылды.

Қаныш аға ұлағатын көп тіздің,
Тапсырмасын көкірегіңнен өткіздің.
Шығыстағы Аристотель екінші
Бабамызды қазағыңа жеткіздің.

Отырардың оң тілегін ақтадың,
Ақжан десе, асылданды ақ жаның.
Бағдат, Мысыр, Ыстамбұлды аралап,
Әлемге аян баба ізін тапқаның.

Жан аямай, білдің үрдіс өрлеуді,
Инеменен құдық қазып терлеуді.
Қожа Ахмет Иасауидің бастаттың
Қирап қалған кесенесін жөндеуді.

Ақсақ Темір әулие де қостады,
Тез көбейді иасауишыл дос саны.
Алты алаштың бағы ашылды,
Осы еді жүрегіңнің жүз лүпілі тосқаны.

Түркі тектес елдер, бүкіл арабтар
Мадақтайтын, қолдау етер ғажап бар.
Ол – екінші Мекке атанған Түркістан,
Ол – жұлдызы қайта жанған қазақтар!

Сол шаттыққа қосқан шексіз үлесін,
Көзін жұмды бүгін біздің ұлы есім.
Рухы сөнбес,
Жалғап өтер жалғанда,
Ұлы есім бар, ар-намыстың күресін.

Тартылып тұр бүгін зарлы аза күй,
Аза күйде тебіреніс бар ғажаби.
Әл-Машани аттанғанда бақиға
Қолдау етер Қожа Ахмет Иасауи.

Арыс едің атың шыққан жаһанға,
Өлмес жанды өлді деуге батам ба?
Мен не дейін?..
Ақ пейіште қарсы алсын
Әл-Фараби, Арыстан баб атаң да.

Түркістанға тағзым

* * *

Бурыл тартқан шашыма біреу күйінсе,
Мырс еткен күлкім жеңеді.
Ақ шашыма қызығып інім сүйінсе,
Жаныма рахат енеді.

Ақ шашымда үзім талдай қара жоқ,
Секілдімін дара көк.
Жас келіншек сәлемдесе: «Ата», – деп,
Жүрегімде жанады өрт.

Мың толғанып, шомылсам ойға жай тауып,
Егделік қалар байқалып.
Жұбанамын жас күнге кейде жар салып,
Өлеңмен кері қайтарып.

БІРЛІГІМНЕН БАҚЫТ ТАБАР ТІРЛІГІМ

Құлаш ұрсақ Ай-Әлеммен жарысқа,
Тасқындасын десек құтты табыс та;
Дербестіктің берекесі, беделі
Тұнып жатыр ұлттық ішкі намыста.

Өркенді іске бұрсақ жойқын кемемді,
Озықтармен құрсақ көркі тең елді.
Сыртқы жаудан, ішкі даудан сақтасын,
Ұмытпайық ел бірлігі дегенді.

Кемел күнді күтсек асыл арманнан,
Не тындырар құр есінеп, таңғалған?
Өзіміздің ас-суымыз болмаса,
Дым бермейді сыртқа қарап жалманған.

Көгілдір тудың реңі
Көк аспаннан алынған.
Азатшыл елдің тілегі
Ақталды ансап, сағынған.

Көкпенбек таза аспанға
Көшпелі бабам табынды.
Майданға қадам басқанда
Қолдағы туға бағынды.

Көгілдір болды қашанда
Жорықта тіккен шатырлар.
Ұранда соғыс ашарда
Ұстады туды батырлар.

Желбіреп ұқсап тасқынға,
Көктегі Күнмен тілдесті.
Көгілдір тудың астында
Бар қазақ мәңгі бірлесті.

Көк майса көктем секілді,
Біздің ту жарқын, шырайлы.
Желбіреп, жайнап не түрлі,
Жеңіске бағыт құрайды.

Көгилдір көлдер, асқар бел,
Көк мұнар толқып, бұлт басқан.
Көкжиек дейміз аспан мен
Кен дала шебін ұштасқан.

Көк түске құмар қарттар да
Ел үшін міндет өтеген.
Қол жайып ғибрат айтқанда:
«Көгерсін, – дейді, – көсегең».

Алғанда ауыр ақ міндет,
Мол жігер қосып тасқынға;
Ант береді Президент
Көгілдір тудың астында.

ОЙЛАСАК...

Жан сырына бөгет болмас еш жарлық,
Жүз жылғы ойран, топалаңға көз салдық.
Туған елім дербестікке қол созып,
Мағжан, Ахмет, Міржақыпты еске алдық.

Ұмытпадық Сұлтанбек пен Тұрарды,
Шәкәрімге ізет еттік құмарлы.
Сәкен, Ілияс, Бейімбет пен Жүсіпбек
Аруақтары жебеп шаттық құралды.

Жетпіс жаста Үкілі Ыбырай атылды,
Еске салды «Гәккулері» ақынды.
Зардап шекті сырын ашып аштықтың,
Зұлмат өмір жеңді арайлы ақылды.

Жау жағадан, ит етектен арсылдап
Алғанына шыдады елім жан сыздап.
Есен жеттік дербес күнге әйтеуір,
Арыстар үшін өш алғандай қарқындап.

Мұң мен зарды еске алуға тоймасақ,
Әр арысты ұлағаттадық той жасап.
Бақыт екен, беу, ағайын, дербестік,
Ұлы арманға жетіппіз ғой, ойласақ!

Не жазса да оқуы да өтімді,
Дүркүрі бар Сырбай аға секілді.
Бүлкүлі бар Тұманбайша тайпалар,
Қылдай нәзік сезімді айтып не түрлі.

Қаныш аға жүз жылдық зор тойында
Нардың жүгін атқарғаны ойымда.
Шын даналық болады екен жұғысты,
Байсалдылық қаулай түсті бойында.

Самғап жетсе алатаулық белеске,
Берілгені ол ақындық егеске.
Қарағанды, Жезқазған мен Жаңаарқа –
Үшеуінің намыскері емес пе?!

Бәрі солай жетсе сөздің татымы,
Биіктер көп алда заңғар, аты ірі.
Сарыарқаның саңлағы боп туса да,
Біздің Ғалым – бар қазақтың ақыны.

Кірдің, Ғалым,
Ашып жырдың ордасын,
Бақыт құсы шаңырағыңа орнасын.
Жақсы ақындар қатарына іліктің,
Отты жырға тапшы күнің болмасын!

Төрге шықсаң басып талай сатыны,
Білген кісі жетті дейді ақылы.
Бүгін берер ақ батам сол –
Бол, Ғалым,
Адамзаттың Мағжандай зор ақыны!

АБАЙША АЙТСАҚ ШЫНДЫҚТЫ

*Болыс болдым, мінеки,
Бар малымды шығындап.*

Абай

Абай атам шертсе ақиқат толғағын,
Шырылдаған шындық сыры мол, қалың.
Ашты дана бара бермей ұлыққа,
Пара беріп қалай болыс болғанын.

Бүгін осылай сөйле десе кім құптар,
Өр алпауыт соңында бір сұмдық бар.
Түйе де емес, бие де емес, магнаттар
Мыңды жұтып, миллиондатып қылғытар.

Тәсіл тауып, қайта-қайта асаған,
Ел байлығын өз байлығы жасаған,
«Зұлматтар» бар түпсіз құдық құлқыны,
Болып кеткен байлыққа әбден мас адам.

Әкімдікке таласпайтын болғаным –
Талапайшыл көрдім нарық «зорларын».
Тәуелсіздік тар кезеңнен өткенше
Тазармастай былғады олар қолдарын.

Соған төзген жүрек бар ма жарасыз?
Аттатпайды төлемақы, парасыз.
Осындайды Абай дәлдеп айтқанда,
Алматыда өсті ме деп қаласыз.

Біліп-білмей жүрген ұрлық арнасын,
Шешім алдық тоқтатуға жалғасын.
Шабактарды шырылдаттық... шортандар,
Қармақ түгіл, көз қаратпас болғасын.

Абай айтқан ескі тәсіл беттеді,
Әккі қулар күннен-күнге көптеді.
Тап өзімді айтты ма деп қаламын...
«Ішім өлген, сыртым сау» деп кеткені.

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ «АҚ ҮЙІ»

Абылай ханның «Ақ үйі» –
Тарихтың тарлан белесі.
Айтылып жүрді тым жиі,
Сағынтып елді төбесі.

Жырына қосты бұл үйді
Үкілі Ыбырай бабамыз.
Содан соң бізге мұң үйді,
Болғандай көпке бәрі аңыз.

«Гәккушіл» ақын атылды,
«Ақ үй» де өшті кешікпей.
Күрсінтті алыс-жақынды,
Күтімсіз қалған мешіттей.

Кеңестің ісі жандайшап,
Кесірін кімдер айта алды?
Санаменен сарғайсақ,
Дербестік бәрін қайтарды.

Елбасына мың алғыс,
Киелі төрді жаңартқан.
Туғандай қайта құмар құс,
Тамсанып елді қаратқан.

Толқыды бітік егін де,
Ақ қайың шексіз орманы.
Жарқ етті дала шебінде
Орнатқан Абылай қорғаны.

Зер салсақ, достар, осында,
Тарихқа терең зерттеткіш.
Орнады «Ақ үй» қасында
Абылайға жаңа ескерткіш.

Жадына қанша наз түйді,
Шекара шебі алыстан.
Алатау, Алтай, Каспийді
Көрсетіп тұр данышпан.

Дегендей болды: «А, Құдай,
Дұшпанға ызғар, сес берем».
Сиынды-ау сонда өз Абылай
Түркістанға, Көкшемен.

Абылай ханның мүсіні
Шекара болып жетілді.
Тебіренгер көрген кісіні
«Мыс салт атты» секілді.

Сілкінді «Ақ үй» белгі боп
Абылай асыл еріме.
Орысқа қарау енді жоқ
Бабалар берген жеріме.

Қуаныш шексіз халқымда,
Жыр төксем, айтар ән дайын.
Жарқылда жаңа қарқында,
Жайнасын, «Ақ үй», маңдайың.

Тіл – Жамбылды ту қылған,
Жеткенше жүзге сайраған.
Зер салсам Мағжан сөзіне,
Аңқып тұр талай азалы үн.
Өз қолың жетсе өзіңе,
Тіліңді қорға, қазағым.

Тіл – жалықпас мұрагер,
Шоқанға жоқтау арнаған.
Тіл – «шаппай бер» Құлагер,
Алдына өнер салмаған.
Тіл – Телеген ажалы,
Саналы жанды күрсінткен.
Тіл – Қыз Жібек ажары,
Жүрегі барды сүйсінткен.
Тіл – үзілмес өз үнім,
Шарықтап құмар қандырған.
Тіл – Ләйлі, біз – Мәжнүн,
Махаббат естен тандырған.
Ұмытып бәрін қалмастай,
Шекпестей қорлық-мазағын;
Төлкекке заман салмастай,
Тіліңді қорға, қазағым!

Тіл – той-думан ғажайып,
Немерем тілі шыққан күн.
Тап кеше құным азайып,
Тап бүгін бәрін ұққанмын.
Тіл – ұлтымның намысы,
Ақылға қанат байлатқан.
Тіл – мызғымас ар ісі,
Бабалар жауын жайратқан.
Ғұмырын тілге арнаған,
Мұзафар аға, көп жаса!

Қай көлім құссыз қалмаған,
Қызғышы сендей болмаса?!
Ұқсаған алтын-жезіңе,
Әр сөзде жарқын базарың.
Өз қолың жетсе өзіңе,
Тіліңді қорға, қазағым!

АДАМЗАТҚА ОРТАҚ ТІЛ

Әннің тілі – адамзатқа ортақ тіл,
Жүрек шетін сұлу әуен қозғап тұр.
Жаннат өмір, тірі жұмақ орнайды,
Ғашық әуен кетсе назын толғап бір.

Күй дүбірі барша өнердің туындай,
Шабысын-ай, өрге тартқан суынбай.
Тәттімбеттің «Көкейкесті» күйін тарт,
Шер қозғаған, шұрқыраған құлындай.

Төкпелетші Құрманғазы «Серперін»,
Еске түссін жұлдыз қуған ерке күн.
Нұрғисаның толқыт «Ата толғауын»,
Билеп кетсін кербез ағын, көркем үн.

Сұлу сазға адам жанын теліген,
Қазағымның мың сарынды жері кең.
Тындай қалшы,
Күй күбірлеп жатады,
Ақ жаңбыр мен қарлы боран, желінен.

Теңіздер де, мұхиттар да сабылып,
Күй қозғайды ертелі-кеш ағылып.
Толқындары асығады адамдай,
Жағалауда бір көргенін сағынып.

Жер бетіне топан су қаптағанда,
Өмір өшті бүктеліп қақ табанға.
Нұқ пайғамбар мінгізіп кемесіне,
Сиынғанды өзіне сақтады Алла.

Тағзым етсе әмірші жарлығына,
Адал сенсе Жаратқан барлығына.
Жан-жануар тұқымы түгел сыйған
Сол кемеңіз қарашы нарлығына.

Тұрқы түйе қораздай көрінеді,
Ұзын әтеш, жалқын су – өмір өңі.
Жоқ боп кетті
«Әлемге тіреу» болған
Асқаралы таулардың төңірегі.

Бас-құйрығы әлеміш әтештеніп,
Шықты кеме қызыл-көк бәтестеніп.
«Құдай оңдап кім есен қалды екен?..» – деп,
Нұқ пайғамбар жанталас жүр тексеріп.

Кейбір жерлер, Алланың әмірімен,
Есен қалды алапат зәбірінен.
Шын тіленген, шын сенген кей пенделер
Рақым тапты мейірбан Төңіріден.

Топан судың бұрқанды толқындары,
Тоғыз қабат шапшыған жойқын бәрі.
Биік таулар қалтиып бой тастайды,
Су астында етене ой-қырлары.

Шын жалынсаң, Жасаған кешіреді,
Жұмаққа да тамұқтан көшіреді.

Намыс пен кек салса отына таластың,
О, тарланым!
Ел шерімен санастың!
Тар қапаста тасбауырлар қинаса,
Ардагері болып өттің Алаштың.

Дауылпаздың дана сөзін тірі аңыз
Естіп жатты Қаратаулар, құба дүз.
Көріпкелдік, әулиелік болжамын
Өлеңдегі өз сөзінен тыңдаңыз:

«Қалың елім, қалың қара ағашым,
Қайраты мол, айбынды ер Алашым!
Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,
Ақымақтар байқамаған шамасын!»

Осы емес пе әулиелік, даналық?!
Тура келді, Мағжан сөзі бәрі анық.
Кешегі Одақ оқ шығынсыз құлады,
Өз қырсығы, өз пәлесі қадалып.

Қорлық-зорлық, тартқан опық азабын,
Дербес ел боп ту көтерді қазағым.
Мағжан аға, бүгін саған арналған,
Күн туып тұр шығарарлық мазалы үн.

Не де болса соңына еріп сенсек те,
Сенімсіздік жатты «мұртты» Генсекте.
Өлеңіңді жаттау түгіл, жан аға,
Есіміңді білгізбеді мектепте.

О, Жаратқан! Бүгін тәубе етемін!
Не бітірем көп шығарып бөтен үн?!
Аштық пенен арыстарды қыруға
Атап өтем кім кінәлі екенін.

Түркістанға тағзым

Ұран тастап,
Сен жастарға сеніп ең,
Ұлағат сөзің ұя салды санаға.

Тасқындады жанартаудай жүректер,
Жалын пашты желтоқсаншыл түлектер.
Дербес ел боп қазақ тұрды қатарға,
Орындалды сан жылғы асыл тілектер.

Дін оралды, тіл жорығы басталды,
Ділім берік – ұлттық ұғым басқарды.
Елбасымыз таза қазақ Нұрсұлтан
Бара жатыр соңына ертіп жастарды.

Түркістаншыл талабың кең сезілді,
Алаш туын ел жүрекке тез ілді.
Түркі тектес түбі бірге халықтар
Бас ақыны атап жатар өзінді.

Желтоқсаншыл жеткіншектер ысылды,
Көп дәстүрді бәз қалпына түсірді.
Туған елің
Тоқтары мен Талғатын
Байқоңырдан ғарышқа да ұшырды.

Қуанышым көкірекке сыймайды,
Ұмыт болды жанға батқан мың қайғы.
Елбасын да,
Мемлекеттің өресін
Әлемдегі барлық елдер сыйлайды.

Тәуелсіздік берген кәрі-жасқа да,
Жаңалық көп дербес елде басқа да.
Жүз он беске толған құтты жылыңда
Он жылдық той тойлап жатыр Астана.

АРМАНҒА БІРГЕ ЖЕТЕДІ

Ағаның маңғаз болғаны –
Інісі бар ғой тыныстар.
Інінің сарбаз болғаны –
Ағасы бар ғой ту ұстар.

Баланың өжет болғаны –
Әкесі бар ғой әйгілі.
Әкенің көңілі толғаны –
Баланың іске сайлығы.

Немерең – кіші құлындай,
Кісінеуік боп кетеді.
Күйеу балаң – ұлындай,
Бірлесіп жаны өтеді.

Құданың абзал төресі
Тілекті мың жыл сақтайды.
Көршілер биік өресі
Туыстай сенім ақтайды.

Келінің – өз балаңдай,
«Аталап» адал сыйлайды.
Жеңешен – туған анаңдай,
Сағынышын тыймайды.

Жақсы бажа тірлікте
Бауырыңдай бір жасар.
Жақсы дос бастап бірлікке,
Қолдасып жүріп қыр асар.

Мектептес достар – ауылың,
Ешқашан сені ұмытпас.
Студент достар – бауырың,
Жалғанда көңіл суытпас.

Түркістанға тағзын

Нар едің ортасында «пысық» көптің,
Биікке өзге жетпес пісіп жеттің.
Шіркін-ай, жұмбақ өлім осы шығар,
Тіл қатпай ойда жоқта ұшып кеттің.

* * *

Гүл – құбылыс ғажайып,
Үлбіреп тұрған сұлулық.
Лебінен жаның тазарып,
Нәр берер іңкәр жылулық.

Аяла, ару қуансын,
Рахатқа батып тынарысн.
Ғашықтық отын жандырар,
Арнайы бір гүл жұларсың.

Гүл – өмірдің жұпары,
Үн бермей исі бұрқырар.
Легін ару жұтады,
Нәзік жан сонда құлшынар.

Алланың берген сыйы бұл,
Рахматы жауған нұрлы гүл.
Ғаламат деген осы ғой,
Алдында сүйсе гүлді гүл.

Гүл тосайын, жан қалқа,
Үкідей көзді арбаған.
Лаулаған иісін бір байқа,
Наз туар жүзің жайнаған.

Аңсаған көңілің бір тынсын,
Рахатқа жаның ұмтылсын.
Ғарыштан шоқ гүл түскендей,
Ажарың аппақ құлпырсын!

Тез білді шыққандығын сөзім жүкті,
Өңіне қайғы қонған сезім бітті.
«Түсіндім... Сармолда ғой ел данасы...» –
Деді де Мұқан толқып көзін сүртті.

ТӨРЕГЕЛДІ ШАРМАНОВҚА

Ұлытаудың ұланы,
Қазақтың қайсар қыраны,
Қарлы Алатау тұрағы,
Нар қазақ бар,
Кім десең –
Төрегелді Шарманов
Кісілік жайма-шуағы,
Ізгілік – асыл ұраны!
Ол – қасиетті азамат
Мәңгі сөнбес шырағы.
Сексенге келсе селк етпей,
Өр саққа мойын бұрады.
Қызығардай сұлулар,
Күлімдеп қана тұрады.
Құтты болсын мерейтой!
Есен бол, Төке, самғай бер
Сұңқардай өрде қырағы!
Шарықтай бер, ер тарлан,
Мойытпай өмір сынағы.
Жаратқан саған бас берді,
Сен адамға ас бердің,
Талабың табыс құрады.
Адамзат ғұмырын ұзартқан
Қайтпасын көңіл құмары.
Әлемдік биік құзарттан
Түсірмесін шабыт пырағы!

ӘЖЕСІ БАР АДАМДАР КҮНДЕ БАЛА

Болғандай жалғыз сенің жан садаған,
Күні жоқ ертелі-кеш аңсамаған.
Атаң мен әжең бары қандай бақыт?!
Бір саған бұйырғандай барша ғалам.

Жүгірген «Құлыным» деген үнге ғана,
Ұқсайсың шаң тигізбес гүлге ғана.
Атасы бар адамның қорғаны бар,
Әжесі бар адамдар күнде бала.

Келеді әке-шешен тәртіпқұмар:
Қит етсең «тентек» деген даңқың шығар.
Атаң мен әжең бәрін жоққа асырып,
Қатеңді жетістіктен артық қылар.

Сондайда шаттанасың тасып жігер,
Туады орайлы сәт ашық күлер.
Әжеңнің бір ғажайып ғадеті бар,
Бірдеме қалтасына салып жүрер.

Дүкендей қалтасы да кең көлемді,
Не бар деп тез бастайсың сен де өлеңді.
Берері бала күнде кәмпит еді,
Есейіп өсе келе теңгеленді.

ТУҒАН ЕЛІМ, ТУҒАН ЖЕРІМ

Сүйіп келсе өлкемді Күн,
Көрдім сенен жер кеңдігін.
Сексен көлдің саясында
Серуендеп, терсем гүлін,

❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖ Түркістанға таазым ❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖

Туған елім, туған жерім,
Ол – өзіңнің көркемдігің.

Дербес ел боп күлді Күнім,
Төтті әніме тұнды жырым.
Өшкен жанып, ұлт оянып,
Айғақтады құндылығын.
Туған елім, туған жерім,
Ол – өзіңнің нұрлылығың.

Жігерінді қайтарды кім,
Қуатың мол байқар бүгін.
Сан ғасырдан аман шығып,
Тамсандырса қайсарлығың,
Туған елім, туған жерім,
Ол – өзіңнің шалқарлығың.

Алты Алашқа ғашық сырым,
Астанада тасып бүгін,
Сарыарқада сайрандасам,
Шабыттандым тасып жырым.
Туған елім, туған жерім,
Ол – өзіңнің асылдығың.

Көрдім өмір құттылығын,
Шөл далаға шықты гүлім.
Келешектің кереметін
Қас пен дұшпан ұқты бүгін.
Туған елім, туған жерім,
Ол – өзіңнің мықтылығың.

ЕЛУ БЕС ЖЫЛДЫҚ МЕРЕКЕ

Сұлу көрдім сабырлы, өте көрікті,
Тентек жүрек көксегені жолықты.
Созбаламай отау құрып Мәскеуде,
Жұптасқалы елу бес жыл толыпты.

Аты Мәриям,
Өзі аппақ, нәп-нәзік.
Ұшқыр қиял бар дертіне тапты азық.
Студенттік той да өтсе дүбірлі,
Шота, Шәкір көрсетті өнер топтасып.

Содан бері елу бес жыл өтіпті,
Ұлым, қызым қуанышты бекітті.
Немерелер, шөберелер әкелді
Егде күнге сүйеу болар тетікті.

Кенші күндер самғатты сақ қырандай,
Мәскеу, Нөкіс болды өмірлік ұрандай.
Мәриям да Ел анасы атанды,
Алғыс айтып, мақтануға тұрардай.

Марқайғанда Сарыарқаның төсінде,
Керуен құрдық тәуелсіздік көшінде.
Тәубе дейік, арманымыз ақталды,
Қос аққудай аңсап қонсақ Есілге.

Әңгімеде шек болар ма көп тізер,
Елу бес жыл бел-белестен өткізер.
Алдымызда Гауһар тойға есен-сау
Бәйбішемнің сұлулығы жеткізер.

❖❖❖❖❖ Түркістанға тағзым ❖❖❖❖❖

* * *

Абайла, жүрек, абайла,
Асықсаң қапы қаларсың.
Жоқ болып тірек маңайда,
Өкініп, естен танарсың.

Адам аз бүгін сенісер,
Алаңдап қалма сөзіне.
Құлықпен пікір бөлісер,
Дос еткенсіп өзіне.

Дауылпаз көңіл – көк дөнен,
Олай да былай шапқылар.
Көк атты келіп көлденең,
Шикілеу досты жат қылар.

Берілмес қызба жеңілге,
Үміт пен үлкен тосты арман.
Ендігі қалған өмірде
Айырма адал достардан.

АСТАНА ТОЙЫ, ШАРЫҚТА!

Бірінші өлең

Бек құтты болсын, қазағым,
Астана тойы 10 жылдық!
Мол қылдық шаттық ғажабын,
Көңілді күйге толтырдық.

Ақ ордам бастап думанды,
«Бәйтерек» тұр ғой дем беріп.
Бас мешіт те нұрланды,
Толқыды Есіл тербеліп.

❖❖❖❖ ❖❖❖❖ Түркістанға тағзым ❖❖❖❖

Бұл сөзде Абылай даңқы бар
Хан Кене өжет жалғаған.
Батырлар өшпес салты бар
Намысқа өмірін арнаған.

Астана – Абай арманы,
Шоқанды ерте ашынтқан.
Қаныш боп жерді барлады,
Мұхтарша шабыт тасытқан.

Астана – ұлттың жүрегі,
Бекіткен дербес елдігі.
Ол – Мағжанның тілегі,
Бауыржанның қайсар ерлігі.

Астана десем жыр қайнар,
Нұрғиса күйі қалықтап.
Қосылар Жұбан, Сырбайлар,
Қан майдан сырын анықтап.

Асқақта, тойла, шарықта,
Баса бер алға, Астана!
Азиялық ұқсас барысқа,
Нұрсұлтан салған жас қала!

Үшінші өлең

Астана – елім озғандық,
Таңырқап әлем бұл кезде,
Өркендеу, өрлеу, бостандық –
Сыйып тұр бәрі бір сөзге.

Жүрістен жедел жаңылмай,
Гүлденіп қалды Астана.
Бозбала күткен арудай
Түрленіп қалды Астана.

❖❖❖❖❖ Түркістанға тазың ❖❖❖❖❖

Туар мезет
Туың сәтті ілінген,
Занғар шынға жеткен өрең білінген.
Туар сағат
Қасиетті, киелі,
Аруақ жебеп өлгендерің тірілген.

Жетті бүгін сол ақжолтай сыйлы күн,
Сыйлы күнім –
Сазды, назды күйлі күн.
Чайковскийдің қасиетті залында,
Нұрғисаның нұры жанған шағында
Құрды қазақ күй төресі билігін.

О, туған ел!
Терген, жиған, орғаның,
Күй боп кетті қала, дала, орманың.
Көңіл тойып, құлақ естіп, көз көрді
Мәртебеңнің асып-тасып толғанын.

Бұл биікке құлшынысы мол көптен,
«Отырар сазы» келді кезек төрлеткен.
Тыңда, тыңда, салауатты алқа топ,
Қазақ күйі өзге күйден кем деп пе ең?!

Тасқын күйлер жан толқытпай қоймайды,
Түсіреді көкте жүрген қолға Айды.
Ақыл, сезім ақ желкені желбіреп,
Терең жатқан мұң-шеріңді қозғайды.

Ауылды аңсап көптен сыртта жүр едік,
Қаяу көңіл бүгін елтіп түр еріп.
Күй-құдірет Мәскеу төрін жайласа,
Күмбірледім өз-өзімнен жыр еріп.

❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖ Түркістанға тағзым ❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖

Тыңда, тыңда, бауыр-туыс халықтар,
Елдің сыры, елдің мұңы анық бар.
Татьянаның өні де еркін шалықтар.
Аттанарда ақ батасын беріпті
Құрманғазы, Тәттімбеттей алыптар,
Абай, Жамбыл түлектерін танып қал!

Аттаныс

Құлақ күйін сансыз аспап сарындас
Құрап жатыр бұлақтардай ағындас.
Алуа жүзі алабөтен сүйсінтіп,
Сөз бастады сахнада жас қарындас:

– Беймәлім демейміз қазақта,
Шаһарлар тарихи санатта.
Фараби бабамыз,
Отанын қараңыз
Күй байлап жіберген қанатқа.

Қазба да, жазба да қосылар,
Таңбалы тастар да оқылар.
Белгілі шешімі,
Қала бар
Есімі –
Отырар!.. Отырар!.. Отырар!..

Әлемге әйгілі мұрам бар,
Сенбесең тарихтан сұраңдар.
Фараби назын,
Отырар сазын
Жаңғыртар қырдағы құландар.

Ақша да, Көкше де биіктер,
Ақ ниет сәлемін сүйіп көр.

❖❖❖❖ Түркістанға тағзым ❖❖❖❖

Қарашық шоқтары,
Отырар оттарын
Жайнатып өтеді киіктер.

Қаз даусым білінсе лебімнен,
Месқобыз тебіренбес тегіннен.
«Бес төре», «Сылқылдақ»,
«Серперім» құлшынбақ
Үкілі домбыра ішегінен.

Бос көшіп жүрмедік қырда біз,
Аз емес күйлі абыз, жырлы абыз.
Жайдары қыз келді,
Айдарлы ұл келді,
Айтарын асықпай тыңдаңыз.

Түркістан шаһарын барлаймыз,
Өткенді бүгінмен жалғаймыз.
Солқылдап сазсырнай,
Назданып балқурай,
Тарихқа ескерткіш арнаймыз.

Кербез күй, өнімді нұрлы асыл,
Зиялы дос қауым тыңдасын.
Бір қиян, бір ғайып...
«Әлқисса» тыңдайық,
Толғаулар іздейді сырласып.

Сұлу саз ұшырса жан құсын,
Жанданар әр бейне, әр мүсін.
Сан ғасыр құрғанын,
Ашқанда тың сарын
Бабама арналар алғысым! –

❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖ Түркістанға тағзым ❖❖❖❖❖

Ғасырлар дүбірін салмақтап,
Күмбездер күмбірін ардақтап.
Көк аспап нәрлі үнін,
Көненің қалдығын
Перзент бар жинаған бармақтап.

Із таптық қаладан, даладан,
Қожа Ахмет Иасауи данадан.
Өшкенім жанданды,
Қанатым жалғанды,
Арыстан баб бабамыз қалаған.

Тындасын мұхиттар, құрлықтар,
Айтарым аз болса кім құптар?
Дүркіреп алқымдап,
Күй кетсе қарқындап,
Дір еткен дыбыста шындық бар.

Кең дала байқатар сымбатын,
Кей заман шайқатар зұлматын.
Махамбет жаны бар,
Исатай қаны бар,
Айғақтар нұрлы арман бір сөтін.

Қос ішектен шырылдап мұң шығар,
Адал ұқ, саққұлақ сыншылар.
Беріңдер төрелік,
Күй төгіп көрелік,
Биік бар жер-көкте біз құмар.

Таулардан сәлем ал біз туған,
Қырандар қалғыған күз-қырдан.
Достарым, біле біл,
Құт мекен ұлы елім
Абайдай ұл туған,
Динадай қыз туған!

Жаным пәк, жүрегім гүл баулар,
Өн шалқып, қосалқа күй заулар.
Елендеп келіп ем,
Сертіме берік ем,
Күйкұмар достарым, тындаңдар!

Кербез күйлер желісі

Содан кейін оркестрді қолға ала,
Сақ дирижер тұғырланды толғана.
Желе-жортқан ұқсап жүйрік жорғаға,
Қосақталып ескі аңыз бен тың ырғақ,
Күй тайпалды айтар назы молдана.

Мені бірге жібергендей көмекке,
Естігенді салдым іңкәр елекке.
Бөтен үн жоқ жарамастай керекке,
«Отырар сазын» тыңдап отыр Москва,
Кетті күйлер тербетіп те, бөлеп те.

Көтерілсе саңлақ сарын белеңім,
Осы еді ғой аңсап күткен керегім.
Шайқап өтті қайран «Ата толғауым»
Тірі пенде көңіл-теңіз тереңін.

Сырнай-керней жасап жылы төгілім,
Мың құбылтса үйлесімді өрімін,
Іште нала, тыста жала өшкендей,
Зәмзәм үнге шуақтады көңілім.

Кейде күйден өрбіп өжет қайсарлық,
Жарылқайды жасартқандай аң-таң қып.
Жеңілдейсің құрығандай біржола
Дүниедегі қулық, сұмдық, сайтандық.

✂✂✂✂ ✎ Түркістанға тазы ✂✂✂✂

Ән мен күйге жалау етіп ұстарлық,
Тіршілікке осында екен құштарлық.
– Мынау дана! – деді бірі тамсанып, –
Жөпте мені, – деді етпей іштарлық.

Салауатты әуезқұмар мәнері,
Болса жігіт, басқа да көп әлегі
Әр сөзінде ырым да көп кәделі.
Сыбырлайды деп досына ақырын:
– Қобызшы қыз неткен сұмдық әдемі?! –

Жай отырмай екеулесіп сыр ашпақ,
Шыдамайды досы сезім құраспақ.
Қайран қалып отыр қазақ қызына,
Тамсанады бірін-бірі растап.

Бар мейманды іңкәр етсе қыз көркі,
Гүл жайнады бірде ұялшақ, бірде еркін.
Кейде кербез тақта отырған патшадай,
Кейде толқып бебеулетті біркелкі.

Ажары сай үлде менен бүлдеге,
Ондай сипат бітпес раушан гүлге де.
Қызыл жалын еріндері бүлк етсе,
Ұмсынамын татырардай бірдеме,
Шұбырады тәтті тәбет тілге де.

Алма-қыздар көз алдымда толғасын,
Елестетті жас күндегі жолды асыл.
Содан болар, сағынбайтын күнім жоқ
Алматыдай алма-арулар ордасын.

Елендетті ескі елестер не түрлі,
Әлгі бір қыз таныс бейне секілді,
Мейман түгіл, өз мазамды кетірді.

❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖ Түркістанға тағзым ❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖

Беу, ағайын! Райға көш, қой, сөкпе,
Шайды қайтем, өлең мені салса өртке?!
Ұшқыр уақыт желдей жүйткіп өткенде,
Өршелене жалғасты күй-концерт те.

Құлшыныс

Тілендиев таңғалдырды лезде,
Өжеттік бар алғыр қыран мінезде.
Құлшыныстан терең ұқты жан сырын
Тыңдаушылар тілегі бір, тілі өзге.

Өзі ширақ, көзі ымдайды айтарды,
Еркін сілтеп, су жорғадай тайпалды.
Оркестр де миуа ағаштай албырап,
Мың-мың жеміс төгілгендей жайқалды.

Қанат жайып, бойын еркін ұстайды,
Беті қайтпас қолбасшыға ұқсайды,
Иек изеп, қабақ қағып нұсқайды.
Ақиықтай ілер құсын бұлтартпас,
Күйлі аспаптар үн-дыбысын ұштайды.

Ағындап тұр тілсіз тілмен әмір қып,
Бірлесіпті құштарлық пен кәмілдік.
Әр адамның аңсағаны елестеп,
Ғашық әуен еркеленді тамылжып.

Чайковскийше әдемілеп шалқуын,
Биге ұласты балапан ырғақ аққу үн.
Сексен көлдің сексен сері құстары
Саңқылдатты Үкілі Ыбырай «Гәккуін».

Ақ Жайықтан өтті әлеміш күймелер,
Күй ырғалды Қыз Жібек боп түрленер.

❖❖❖❖❖ Түркістанға тағзым ❖❖❖❖❖

Қабаттасып кешегі мен бүгінгі,
Туды маусым Қаратаулар гүлденер.

Күйдің нәзік ләззат құйғыш жетегі,
Сұлу қыздай кейде қылмаң етеді.
Қас қағымда сәруар дыбыс сәулесі
Таң шолпандай жарқыл қағып өтеді.

Көңіл жайлы, мамыр жайлы бабында,
Мың-мың тоты сайрап жатты бағымда.
«Жезкиік» те жүйткіп өтті жаутандап,
Аппақ төсін тосып күміс сағымға.

Балғын бұлақ, әнші құрақ, тау маңы,
Елестейді ақ жаңбырдың жауғаны.
Қозы маңырап, кісінейді құлын-тай,
Елестейді жеңгем бие сауғаны.

Тіл жетпестей сезген сырым әлі көп,
Саумал ауа, жусанды жел дәрілеп
Қойғандай-ақ өтірлі әуен сәні кеп,
Көкіректің көксегенін табады,
Үннен дыбыс, дыбыстан үн дәлірек.

Көне аспаптар жаңа тілде жаңғырып,
Түрлі түсті бояу тапса таң қылып,
Әудем сәтте бауыр басып кетеді
Балалық пен даналық,
Бір мезет пен мәңгілік.

Әрі қарай самғау шебін тандап па,
Әлде күйлер бой ұрды ма аруаққа?
Ту көтерді, шу көтерді,
Тың ырғақ
Бастап кетті кең даланы тау жаққа.

✧✧✧✧✧ Түркістанға таазым ✧✧✧✧✧✧✧✧

Шапқын желіс, тасқын күйлер салды асыр,
Өтті көзден дала кешкен сан ғасыр.
Жетті білем, Жаратқанға сұрағым,
Жақты көңіл шала сөнген шырағын,
Төкті кеше өткен күндер жанға сыр.

Етті өзгеше мамыр күйлер шуағын,
Септі бұршақ бүлкілдеген бұлақ үн,
Дертті көкірек тапты аңсаған құмарын.
Соққылаған шойын тұяқ тас жолды,
Қашқан жылқы шалды ырғағын құлағым.

Тез төгілді сол бір сәтте сыр қалың,
Шарпып өтті ақ жалын мен көк жалын.
Дүние-дүрмек тына қалып тындаған,
Әлем сезді саңлақ сарын туғанын.

Қара арғымақ от жанары жер жұтқан,
Кісінеді айрылғандай ел-жұрттан.
Жалт қарады күйші жігіт
Күңіреніп,
Жан серігі қиналғандай дос тұтқан.

Дүлей боран ұйтқып шапшаң басынды,
От-найзағай көктен жалын шашылды.
Дана жүрек, дала жүрек булықты,
Жылады ма... тас-талқан боп ашынды.
Қарабарқын бұлт жөңкіді аспанда,
Қара теңіз, Ақ теңіздер тасынды.

Ойхой, шіркін!
Бұл не деген дүрбелең?!
Тоғыз толғақ толқынданды күй желең.
Жаңғыртты ма «Кісен ашқан» сыңғырын
Құрманғазы қашып шыққан түрмеден?!

❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖

Туды, туды күй көкесі шырғалаң,
Одан артық сыр шертеді кім маған?!
Бар қазаққа басын ие қалғандай,
Бір сілкінді, дүр сілкінді бұл ғалам.

Теңселгендей адыр, шоқы, тау, орман,
Үрейленді үрке білмес ақ ордаң.
Ұлылар мен ұлы дүбір ұласты,
Бұл ғаламды бір жеңуге жаралған.

Наполеон ба, Зұлқарнай ма, Шыңғыс па,
Дәлдеп айтар тіл де, шіркін, тым қысқа!
Оқпен емес,
Күймен жеңді,
Мұхтарша
Сөзбен жеңген
Ортақ ойлы түпнұсқа.

Жеңді, жеңді!
Күрт жабылды ауыздар,
Дос қуанды,
Көрсетпепті жау ызғар.
Есі кетті, естіген жан селк етті,
Жарқ еткендей көзін ашқан қауыздар.

Күштілікті көре білу – күштілік,
Дүр дәкейлер қолын соқты ышқынып.
Үрке қашып жылқы өткендей дүркіреп,
Зал қол соқты
Бір кісідей тік тұрып!

Осылай, достым, түн ішінде таң атар,
Мезет келді тынған істі танытар.
Нұрғисаның көрдім кезін сұрапыл,
Көктен түскен әулиемен парапар.

❖❖❖ ❖❖❖ Түркістанға тағзым ❖❖❖❖❖❖❖❖

Жер-жаһанды жаулап алды бір өзі,
Ұзақ пішкен келді сәттің лезі.
Осындайда оралады-ау ойыңа
Омар Хаям сияқтанған мінезі.

Қошеметшіл дүйім жұрттың назы ұнап,
Жиырма беске келгендей боп қазір ақ,
Көздің шетін қоршалаған әжімдер
Селдіреді із қалдырып азырақ.

Қандай бақыт осындай ұл болғаны?!
Көптен күткен тамаша сәт орнады.
Ән мен күйдің құдіретін айқындап,
Бар қазақтың ар-намысын қорғады.

О, домбыра!
Осынау шапқын желісің –
Талай заман күткен асыл жемісің.
Құрманғазы, Тәттімбеттер, қабыл ал
Нұрғисаның бабалар үшін жеңісін.
Құр айғайдан кеуде қаққан не бітер,
Тындырмасаң ерен-ғайып ел ісін?!

Қыршын күйдің түп тамыры керемет,
Ырқың жеңді.
Ықылас, Сүгір, елең ет.
Ғұрпың жеңді,
Қорқыт Ата, бір қозғал,
Дабыл күйді аялады берекет.

Риза бол, Адам ата, Хауа анам,
Біз де пенде өздеріңнен тараған.
Батыс-Шығыс қанаттасты, жалғасты,
Бағы жанса бірдей екен бар адам.

❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖ Түркістанға тағзым ❖❖❖❖❖

Риза болғай Арыстан бабтай даналар,
Сәт туыпты кейінгіні бағалар.
Жебеп жібер Қожа Ахмет Иасауи,
Есімдерің жер-көкті бір аралар.

Тағзым етем, әл-Фараби ғұлама,
Отырарды айтпай ел көңілі тына ма?
Рухани алтын ордам – Түркістан,
Кеш ескерсем, тағдыр солай, сынама.

Сіздерді айтты сұлу саздың түйдегі,
Бүлкілдесін атам қазақ бүйрегі.
Көзім көрген тірліктегі шын дана,
Намыс жыры – Нұрғисаның күйлері.

«Отырар сазы» осы біздің безенген,
Ол болмаса алуан сырды сезер ме ем?
Мың рахмет айтам саған, Нұраға,
Есен шыққан сын сағатты кезеңнен.
Досы мақтап отыр десе дей берсін,
Ақ сайтаның бар екенін сезем мен.

Жеңдің!
Жеңдің! Күй қанатты тарланым!
Сарқып салды бар өнерін өз жаның.
Бала күннен ұялаған ақ қиял,
Орындалды «Жеңем!» деген арманың.

Ғажап болды он саусақтың желгені,
Дүлдүл аға!
Бүгін ұқтым мен сені!
Москвада тап осылай жеңгенің –
Қоңыр күмбір домбыраның жеңгені!

Нұрлы шуақ

Балқып кетсек күй көшіне ергендей,
Шипа тапты жүрек жүрген ем көрмей.
Өр қазақтың көксегені бой жазды,
Бар қазақтың аты озып келгендей.

Нұрлы айдынға жылжығандай кемеміз,
Үн-әуенге қайда апарса сенеміз.
Толқығандай толған Арал арнасы,
Дәл тигендей нысанаға жебеміз.
Марқакөлдің ақ маралы елестеп,
Шақырғандай келші, жылы кеңес деп,
Қара көзі жарқ еткенін көреміз.
Құлагер қайта тірілгендей құлшындым,
Өсті, өсті атам қазақ өреміз!

Дауыл өтті...
Биік аспан ашылды,
Жел ысырды қара бұлтты жасынды,
Дарыны мол өнер ғұрпын асырды,
Айқын ашып көмескі мен күңгіртті,
Нұрғиса да маңдай терін бір сұртті,
Жаңа сарын туар жерін білдіртті.

Содан кейін үміті мол жігіттей,
Ақ желеңге салды адамды түңілтпей,
Шекіп, қағып шертпелетті жүгіртпей.
Арман жолы айқындалған секілді,
Тайғақ жолдан алып шығар мүдіртпей,
Күй төгілді сиқырлы ақ түбіттей.

Аңсағаның кездескендей ақ таңда,
Қуанасың сәтті мезет тапқанға.

❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖

Дауылдардан ауылдарға оралдық,
Арман-ғашық қол сілтеген шақтарға.
Шалқыманы қалқымаға көшірді,
Жан-жүректі орап жұмсақ мақпалға.

Кілт өзгертті ала құйын самғауын,
Бәсеңдетті өткен күнге арнауын.
Қаулаған тер іркілгендей ілкім сөт,
Жасыл жайлау болып кетті жан-жағым.

Пай-пай, шіркін!
Ашты таза қайнарды!
Көз алдымда қауызға дән байланды.
Зырылдауық иіргенін заулатып,
Тақ-тұғырын өзі де мың айналды.

Шолпы сыңғыр, қарақат көздің жүзігі,
Күзгі бақша піскен алма-жүзімі...
Тамсантады ләззат төккен үн-сәуле,
Күйдің сүмбіл, күйдің күмбір үзімі.
Бәрін терген бір адам,
Ол – Нұрғиса, Нұраған!

Ерен-ғайып сөт орнады сұраған,
Домбырасын солақай қол бұраған
Орындаушы болып кетті дирижер,
Дүлдүл сазгер – күй төресін құраған.
Мың санатта бір адам –
Құс қанатты Нұраған!

Жарқырады дүлдүлдердің қалдығы,
Көк шапаннан көрініп тұр салдығы.
Сазгер, күйші, артист, ұстаз, дирижер,
Этнограф, оқымысты һәм зергер –
Ақтарылды қазақ өнер сандығы.

❖❖❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖

Қабанбайдай шебін бұзған майданның,
Туды нағыз бақ жұлдызы жайнар күн.
Бір заулатты жұртқа қарап күлімдеп,
Жарқылындай жанартаулы қайнардың.

Қанықтырған кең өлкенің сырына,
Ізет етті заман өнер құлына.
– Феномен! – деп, – Ақ сұңқар! – деп тамсанды
Қазағымның дара тұлға ұлына.

«Отырар сазы»
Сәтті болды өтімі,
Жас оркестр бұғанасы бекіді.
Батыс жаққа салынғанда күй-көпір,
Бірге өтті сан ұрпақтың өкілі.

Күй толқытса көңілі ояу жандыны,
О, қазағым! Өзіңдікі барлығы!
Нұр құйса да, жыр құйса да,
Өн құйса,
Онсыз толмас қазақ өнер сандығы.
Не де болса құстай алтын қанатты,
Бар қазаққа бар әлемді қаратты.

Марапаттан ығыр болдық дерсің де,
Шындық осы, достым, менсін, менсінбе.
Жұмыр жерді тұрды сонда құшақтап
Тілендиев өлең жазған менсіз де.

Тебіренбеуге жетпегені әлімнің,
Күйкұмарлық – бергені пәк тәлімнің.
Жақсы күйді сүйдім ана сүтіндей,
Ләззат татқан рахатындай жанымның.

❖❖❖❖ Түркістанға тағзым

Бейнесін көңілі хоштың да,
Қуғыннан сақтап ептедім,
Бір тарау құпия қостым да.
Мен едім шөлінді қандырып,
Су тапқан шөлейт құмдақтан.
Мен едім сөзіңе таң қылып,
Зиялы көпті тыңдатқан.
Өтірікке қас бол, ұраныңды
Шындыққа бастап, өрмеле.
Жетімдерді сүй, Құранымды,
Сескенген сендір пендеге.

II

О, пайғамбар жұбайлары,
Өзгеден таза, басқарак:
Сендерді қорқыныш байлады,
Тыныштық – жанға бас талап.
Дәстүр боп дұрыс қалуы,
Некесіз қыздар жабуы.
Жүректі адал сақтаңдар,
Занды иең кінә тақпастай;
Көз салар өсек баққандар,
Жүздеріңнен саңылау таппастай.
Беу, Мұхаммедтің меймандары,
Кешкі намазға барғасын
Кетпесін бөсіп, сайрап бәрі,
Пайғамбарға ұят боп қалмасын.
Киелі ой ағындап келгенде,
Ренжір бос сөз тергенге.
Баянды ғибрат тасыр кең,
Санамен құлақ салыңдар.
Ізеттілік деп таныңдар
Жас аруларды бас иген.

III

Пайғамбар сезді түңіліп,
Соқыр шал тақап қалғанын.
Жетсе де кесір жүгіріп,
Айтар сөз бұзбас бар мәнін:
Кітапта тізім құралды,
Пайғамбар, тұсама асауды.
Қабылдат баппен Құранды,
Қостама зорлық жасауды.
Адамдар неге шамданды –
Туғанына ма жалаңаш?
Аз кешкеннен бе жалғанды,
Жылап туып, өтер төгіп жас.
Сол үшін бе, Құдайдың,
Өлтіріп, тірілтіп еркімен
Санаулы берген күн-айдың
Шаттығы үшін бе дертімен?
Бұлдай ма жеміс бергенін
Нан мен дән, зәйтүн, құрманы?
Сүйгені үшін бе еңбегін,
Жер, судың есен тұрғаны?
Бірақ та періште лаңдатса,
Күн күркіреп, жасын жарқырар:
Ініден аға зар қақса,
Анасын бала жат қылар.
Бір Құдайға бәрі жүгінер,
Зәресі кетіп сасқанда.
Көз жұмар күнәлі тірілер,
Табыт пен жалын басқанда.

IV

Өзіңмен ежелгі күштіміз,
Болды ма сынасып тырыспақ?
Тап берсе есер мықты күш,
Тоқтаттың, Тәңірім, дұрыстап.

ӘҒАМІТ Түркістанға тағзын

Әлемді берсем өмірге,
Жерді де қиям өлімге,
Бәрі де менің қолымда.
Беретін тірлік менмін деп,
Өліммен жазалар соңында,
Өзіңмен, Құдайым, теңмін деп.
Тез тынды сөзі төгелеп,
Ызамен тартсаң қатарға:
Шығыстан күнді көтерем,
Сен көтер оны батарда!

V

Жер қимылсыз көк күмбез,
Қолыңмен, Тәңірім, тіреулі;
Құлап кетіп қырғын боп жүрмес,
Бізді де баспас үрейлі.
Ғаламға бердің алтын күн,
Жайнатып жер мен аспанды.
Зығырдай жанған ұзақ түн
Хрустальда пілте майшамды.
Сиынындар Жаратқанға:
Қолында жел де, аптап та,
Оралтар бұлтты аспанда,
Саялы тоғай сақтап та.
Ол мейірбан: Мұхаммедке
Сәулелі ашты Құранды.
Жетерміз біз де міндетке,
Ысырып көзден тұманды.

VI

Кірген жоқсың түсіме бекер,
Тақырбастармен айқаста;
Қанды найза жарқылы жетер
Жер-көкте өткен шайқаста.

Тіл қатындар шатты шақта,
Ұлдары шөлдің – жалындар!
Жас қыздарды құлдық сапта,
Олжадай бөліп алындар.
Жендіндер сендер даңқпен,
Қорқақтар қалды күлкіге.
Майдандас іске анық тең,
Киелі түстен іркіле.
Бергенін көріп жорықтың,
Оларға күйік батарда
Жабысар ал деп, соны ұққын,
Алмаймыз деңдер қатарға.
Өлгендер бақұл соғыста:
Алынды олар жаннатқа.
Рахатқа шексіз жолықса,
Пәледен кетті аулаққа.

VII

Оян, қорқақ, шық алдан:
Үнгірдің сырын анық біл.
Жалыны киелі шырағдан,
Таң атқанша жанып тұр.
Аятпен шыққан жүректен,
Шығаршы қуып, пайғамбар,
Қасіреті қалың күнелткен,
Түстерін шымқай қылған зар.
Таң атқанша жаңа аятты
Көкірегіңе тоқи бер.
Аспаннан түскен кітапты
Күн шыққанша оқи бер.


Түркістанға тағзым

Дегенде ол: «Күннің көзі биікте жайнап тұратын,
Как төбемнен жылжымады мен ұйқыға батқанша.
Таңертеңнен ұйықтаппын-ау келесі таң атқанша».


Бірақ солдауыс: «Жолаушым, тымкөп ұйықтадың,
Жас едің ғой, байқа ақ шаш шыққанын;
Пальма да күйреп қурады, сулы бұлақ тартылды,
Сарқылды әбден, көруге де зар қылды.
Көптен бері құм басып қалған далада.
Уақытты байқа есегіңнің сүйегіне қара да».

Шапшаң ұғып қайғы қысқан қария
Толқып кетті, көзінен ағып дария...
Әне, сонда шөлейтте туды ғаламат:
Оралды қайта бұрынғы ғұмыр саламат,
Жайқалды пальма көлеңке төккен қалпында,
Салқын бұлақ құлшынды жаңа қарқында.

Жанданып кетті есектің кепкен сүйегі,
Тірілді жануар, шақыруы да үдеді;
Әл-қуат қайнап, жолаушы жап-жас өң алды,
Еркін күш кернеп, жастық шақ қайта оралды.
Киелі шаттық көкірегін кере шарлады,
Бір Құдай қолдап, сапарын әрі жалғады.



Сәлем саған,
Ыстамбұл!



ТІЛЕКТЕС КӨЗБЕН ҚАРАЙМЫН

Көк бөрінің елінде
Асатаяқ ұстадым.
Тектілік бар тегінде,
Туыстан жігер ұштадым.

Ыстамбұлға жиғандай
Мешітін бүкіл әлемнің.
Санама өрең сыйғандай,
Тамсана бердім пәлен күн.

Күрсінген маған қосылар
Сарайлар зәулім қаулаған.
Түседі еске Жошылар
Қазаққа қала салмаған.

Атажұртпен қоштасып,
Көрінер түрік өткендей.
Су кешіп, кейде от басып,
Қақ төрге шығып кеткендей.

Тәуекелге бел буып,
Көк бөрі шеру шеккендей.
Тегі бір, бізбен тең туып,
Кездессек құшып өткендей!

🌸🌸🌸 Түркістанға тазғуы 🌸🌸🌸

Жағалай жұтаң шөл емес,
Миуалы бақша, жеміс қой.
Тартылып қалар көл емес,
Теңіздің аты теңіз ғой.

Білгенге бүгін, кеше де
Кемелі елде бар айбын.
Түріктер жеткен биікке
Тілектес көзбен қараймын.

СӨЛЕМ САҒАН, ЫСТАМБҰЛ!

Ассалаумағалейкүм, Ыстамбұлым!
Ансаған бір көруге түсті-ау жолым.
Қос теңіз құшақтаған қата екенсің,
Қос құрлық қол ұстасқан оң мен солың.

Келіп тұр Абай елі, Жамбыл елі,
Жадымда сәлемі құт ән-жыр селі.
Даярмын діндесіммен бірлесуге,
Шын қосса құтты жолда тағдыр мені.

Келіп тұр Мұхтар елі, Қаныш елі,
Олар да саған қымбат таныс еді.
Тілегі тілдес елдер теңізденсе,
Табылмас одан артық табыс кені,
Қозғамас одан үлкен намыс мені.

Толқытсаң, көне түрік бас қаласы,
Ешкімнің туыстыққа жоқ таласы.
Әкелдім Мағжан аға жыр ұшқынын,
Түрікшіл, түркістаншыл бастамасы.

Қызықты білсе бүгін ғарыш-ғалам.
Ертеден Ататүрік таныс маған.
Аруағы Абылай ханның жебегендей.
Келіп тұр барыс мінген Алтын адам.

Біз келдік Ақан. Біржан әніменен.
Қозғаймыз бүгінгіні, әріменен.
Мен бүгін құшақ жайып төс басамын
Қауымдас, тіллес елдер бәріменен.

Келіп тұр Тәттімбет пен Құрманғазы.
Төгілер домбырадан күй маназы.
«Сарыжайлау». «Сарыарқалар» тебіренеді.
Толкындай ой түбінде тұнған назы.

Шалқыса өлен үдеп, жалғанып ән.
Алаулар азат жолда жанған ұран.
Көрінер сонда көзге қазақ елі –
Түлкіні қия белде шалған қыран.

Қасыңда талай қырғын қызған жорық,
Жүруші ем келбетінді құстай шолып.
Көріңдің Қара теңіз жағасында
Алтын шаш, көзі ғаруһар қыздай болып.

Құтты төр кездестірсе арай таңын.
Пан, кербез аруға да наз айтамын.
Шашымның ағарғаны сөз болып па,
Жасымның артық жерін азайтамын.

Менің көп бүгін бойда қуанышым,
Сен десем жылып қана тұрады ішім.
Қожа Ахмет Иасауи мен Сұлтан Ахмет
Жебеді Тұран деген ұран үшін.

БҰЛАҚТЫҢ КӨЗІН АШҚАНДА

Тік шатқал етегінде жас құрақтың,
Сыбыры естілмейді тас бұлақтың.
Жан толқып, көңіл шалқыр сәт екен ғой,
Ақ қайнар көзін ашып шапқылаттым.

Шатты өнге сақ-сақ күліп салғандайын,
Япырмай, сонша қуат қайдан дайын?!
Сүйсініп күлкісіне мен де тұрдым,
Бойыма жаңа қуат алғандайын.

Балқыдым бал көусардан татқан сайын,
Шалқыдым жанға шырақ жаққандайын.
Ақ бұлақ алғыс айтты қоштасарда,
Желпітіп жарқыл қаққан ақ маңдайын.

ТҮРІК ЕЛІНЕ АЛҒЫСЫМ

Бауырыңнан туыс аспас жалғанда,
Көк бөрінің тағдыры естен қалған ба?!
Ең бірінші мемлекетсің қолдаған
Қазақ елі тәуелсіздік алғанда.

Ағайыннан алыстаған жеңген бе?
Не жетеді түбім бір деп сенгенге?!
Кеңес елі күйрегенде қол созып,
Ұйытқы болдың түркі тектес елдерге.

Жерде, суда, көк аспанда жол тартқан,
Мәңгі достық Ұлы шартын қолдатқан,
Ең бірінші бауырларсың, түріктер,
Біздің жерде сан ғимарат орнатқан.

Түркістанға тағзын

Тілектессің барын тосып қолдағыш,
Содан болар, біздің осынау мол табыс.
Ең жанашыр мемлекет те сен болдың
Астананы салуға еткен қолғабыс.

Қаулағандай рухани мол егін,
Мұсылмандық аясына бөледің.
Алла қолдап медресе, мешіт көбейді,
Бәріне де тиді алғашқы көмегің.

Ыстамбұл десе, ләззат балын татынам,
Кемесіндей бұрандатар ғашық ән.
Біздің елді Атамекен десендер,
Алғыс айтам барша қазақ атынан!

ҚИЯЛ-ҚАЛА ПАЙҒАМБАРДЫҢ ІЗІ БАР

Қарт Ыстамбұл –
Әр мұсылман қиялы,
Жүз марапат, мың мақтауға сыяды.
Анталаған Еуропа мен Азия,
Су ішінде көрдім «алтын ұяны».

Аспандатқан зәулім үйлер жүйелі,
Қала қандай?!
Ел орнатқан түйелі.
Бас шаһары түркі тектес елдердің,
Көне тарих сырын түйген киелі.

Күн сүйіп тұр сансыз сұлу мешітті,
Минареттер бұлт төсіне көшіпті.
Көрікті екен суда тұрған көп кеме,
Беріпті Алла түрікке зор несіпті.

Шүркістанға тағзым

Бірге келген көп жігіттер зиялы,
Көріп-білген ғаламатты жияды.
Баяндайды қашан, қалай жеткенін
Ыстамбұлға сәйгүліктер тұяғы.

Еуразия атқан кезде ақ таңы,
Жасыл көктем
Жатты естіліп тәтті әні.
«Жер бетіне нұр беремін, күн берем!» –
Деп жеткендей Мағжан аға айтқаны.

Ғимараттар көрдік жұлдыз-үркерін,
Көп мұраны көкірегіме тіркедім.
Шын таңдандық
Алдымызға жайнатса
Ғауһар тастың әлемде ең үлкенін.

Зал тым-тырыс...
Дыбыс бермес тылсым үн,
Сол киелі мезет сыры біл шынын.
Тағзым етіп,
Көрдік сонда Мұхаммед
Пайғамбардың мұртының тал қылшығын.

Есімдері ер түрік боп жатталған,
Елес берді сұлтандар да тақты алған.
Ең киелі қызығы сол ғажайып –
Пайғамбардың басқан ізі сақталған.

Бисмилла деп ғибадатпен қарап та,
Көз саласың ғайып-ерен ғажапқа.
Құм шетіне түскендей боп ап-айқын,
Құтты із жатыр жұқа алтын табақта.

Бір қарасаң жетіп жатыр, көп көрмей,
Ғауыс-ғаяс қырық шілтен өпкендей.
Алтын табақ жатты жайнап
Мұхаммед
Жаңа ғана үнсіз басып өткендей.

О, ғаламат! Жатыр ізде алыс мән,
Ой мен сезім туды мезет табысқан.
Жан мен тәнің арылғандай күнөдан,
Алла төкті нұр-шапағат ғарыштан.

Сауап-сая көлеңкелі үзім тал,
Желі аттай жылылық көп біз ұғар.
Ыстамбұлды кіші Мекке деу дұрыс,
Пайғамбардың мәңгі өшпес ізі бар.

НЕ БАР ЕКЕН АР ЖАҒЫНДА БИІКТІҢ?

*Жолда кетіп бара жатқан жолаушының
көкжсиекті ғана көруі жеткіліксіз.
Міндетті түрде ол көкжсиектің арғы
жағын көруі керек және білуі қажет.*

Мұстафа Кемал Ататүрік

Бұл жалғанның мұң мен шерін жиыппын,
Жиыппын да көкірегіме үйіппін.
Тауға жетсем тағы да көп толғанам:
«Не болар, – деп, – ар жағында биіктің?..»

Тіршілікте аз болғаны тынысым,
Бір ісімді қамшылайды бір ісім.
Бүгінгі күн ойлатпаса ертеңді,
Кешкен өмір әрекеті құрысын.

❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖

Мың толқыса тоғыз толқын – тың ағын,
Басу қайда бөтен ойға бір адым?!
Ол есімнің қасында тұр пайғамбар,
Фәни, бақи шешкен талай сұрағын.

Ол – нар тұлға
Қиял ғайып қырандай,
Киелі есім үміт үзбес тұмардай.
Түркі елдері тағзым еткен қолбасшы,
Көшелерде ескерткіш боп тұрардай.

Арқыраған аждаһамен шабысқан,
Ол – арабтан шыққан қайсар арыстан.
Ол – Мұхаммед пайғамбардың
Ту ұстар
Бас сарбазы талай қамал алысқан.

Айып Ансар Сұлтан еді сұрапыл,
Өр сөзінің
Бірі – ұран, бірі – ақыл.
Тілін тыңдап,
Өжет, қайсар һәм ойшыл,
Пайғамбар да сыйлап, мойнын бұратын.

Қарай қалсам мешітіне жүгініп,
Қос жанарым қалды бір сәт тынығып.
Көкірекке нұр төгіліп мейірбан,
Тұла бойға ұялады жылылық.

Теңіз жақын, сәуле нұрлы, гүл нұрлы,
Жұтқан ауа нұр-шапағат білдірді.
Көкаршындар, ләйлек құс пен аққұтан
Жан баурағыш үн төгілтті мың түрлі.

❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖

Осы аулада, көк шынардың қасында,
Кесене тұр куәгер сан ғасырға.
Айып Ансар жатыр табыт ішінде,
Пайғамбардың қос байрағы басында.

Осы жерде көне тарих не сыры
Қалды десен,
Бар ақиқат шешімі –
Дін мұсылман әулетінің ардақтап,
Жатыр үнсіз әулие тұтар есімі.

Ақ ниетпен ақиқатқа жетесін,
Рәсім-рәміз жасап жатыр төтесін.
Тірі пенде құрбан шалып бас исе,
Жан толқымай, қалай бейжай өтесің?

Шын сеніскен
Дүние-дүрмек іргемде,
Тың құбылыс байқалады бір демде:
Кей пақырдың ақ тілегі ақталып,
Кейпі қызық жас баладай күлгенде.

Кей адамның жүзінде мың жамауға
Назар салар танданғандай бар аула.
Ол келіп тұр келешекке түңіліп,
«Құт тесіктен» қайтадан бір қарауға.

Балалар жүр шымқай аппақ киінген,
Қызыл жолақ, қызыл лента ілінген;
Үкі таққан қызыл қалпақ әлеміш,
Жүздерінен жүз қуаныш білінген.

Қарай қалсам өңшең өрім балғынға,
Парад күткен жас ұлан деп қалдым ба?..

❖❖❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖

Сізсіз өткен Құрылтайда сөз болды
Өз аузыңнан шыққан құтты негіздер.

Атажұрттан келген қазақ бауырың,
Егемен ел дүр сілкінткен дәуірін;
Сізге бек зор алғыс айтып, тілейді
Пейіш төрін бұйыртсын деп Тәңірім.

Бейнең өшпес,
Тарих-ана жақтайды,
Бауырластар сеніміңді ақтайды.
Білгенім сол:
Сіздей дара перзентін
Тілдес елдер жүрегінде сақтайды.

ТАНСУ ЧИЛЛЕР ҚҰРЫЛТАЙДА СӨЙЛЕДІ

Дүр сілкінтсе дүлдүл сөздің өрнегі,
Қызу қолдап жастар залды кернеді.
Саф алтындай
Жұлдыз қызы Шығыстың
Тансу Чиллер топ алдында өрледі.

Аты мәшһүр,
Арай жүзі – таң атқан,
Ақыл қандай?!
Айтқан сөзін санатқан.
Ақ дидары тік қарауға жасқантар,
Ару екен Алла артықша жаратқан.

Мағлұм істі марапаттап сызылмай,
Маңызы мол айтты нешік қызық жай.
Қызыл шырай қызған сайын құлшынып,
Қарқындады Атилланың қызындай.

»»»»»»»»»» Түркістанға тағзым »»»»»»»»»»

Шаттығына қанар ек балалардың,
Шекпес еді жалғанда аналар мұң.
Көксегені армандап келер еді
Ататүрік секілді даналардың.

* * *

Жөндеп те айтпай өкпесін,
Қинаса – достың безгені.
Әуелі адал өлшесін
Өз арыңның безбені.

Қисынсыз кетсе шетінеп,
Досым деп бекер алданба.
Кінәңді тапса көкірек,
Кешірім сұра, арланба.

Басылар селдің тасуы,
Бара бер жылы кеңеске.
Жақсы адамның ашуы
Өткінші жаңбыр емес пе?!

АТАТҮРІК АЙТҚАН ЕКЕН

– Түрікке көксегенім – кемел елдік,
Әйтпесе, арпалыста жеңер ме едік?!
Азулы мемлекет боп кете алмайсың,
Ұлтыңа әпермесең егемендік.

Ол – бірден, түрік тілі азаттығы,
Білгенге сол талпыныс ғажап сыры.
Елдіктің қаһарманы деп білемін
Көтерген ұлттық өнер таланттыны.

Тілсіз ел – байсыз әйел, қалған жесір,
Халайық, тілді өнерге жалғап жетіл.
Өнерін – бүкіл ұлттың салтанаты,
Тіл деген – мәңгілікке салған көпір.

Тіл өшсе берік ірге құра алмайсың,
Өзіңді, өзгені де құр алдайсың.
Жоқ болса рухыңда тілдің көркі,
Жалғанда жақсы өмірді ұға алмайсың. –

Пай-пай-пай!
Сөз емес-ау, жоспар екен!
Бүгінгі өзіме де оспақ етем.
– «Мен түрікпін!» деген жан шын бақытты! –
Деп тағы ой толқынын қосқан екен.

ЗИЯЖАН ҚАЖЫНЫҢ ЖАУАБЫ

– Сыйлап жатыр бәрі құрмет ұқтырып,
О, Зияке!
Үлкендікке бұл ғұрып
Қажылықты қосқаны ғой, – дегенде,
Ол келіспей жауап берді тік тұрып:

– Жоқ, ақыным,
Біздің айқын біл жайды,
Өзімді де кейбір ғадет қинайды, –
Деп тағы да жалғастырды түйінін, –
Ақ шашты емес,
Ақшаң болса сыйлайды...

МӘРМӨР ТЕҢІЗ

Теңіздің көріп мәрмөрін,
Шумақтар шабыт ағылтты.
Сарыарқа лағыл таңдарын
Келбеті шалқар сағынтты.

Толқындар заулап барады,
Үзіліп ақ жал кетердей.
Әне, бір толқын қарады,
«Жезкиік» өрден өтердей.

Су беті күміс сағымдай,
Қиялға ғажап батырды.
Төсекте жатқан арудай,
Бұлқынған толқын шақырды.

Шыдатпай кетті көргенім,
Толқынды толқын құшқанда.
Ұқсап та кетті өрдегі үн
Құс болып жүрек ұшқанға.

Бәрі де ғажап, бәрі де,
Мазамды әбден кетірді.
Көгілдір таулар әріде
Көрінді Көкше секілді.

Көзкөрім теңіз арнасы,
Бір сипап самал жел де өтті.
Бурабай көлдің жағасы
Секілді аймақ тебіrentті.

Ұқсастық салып санаға,
Толқындар өтсе арқырап;
Ұқсамай өзге қалаға,
Ыстамбұл жатты жарқырап!



Жылыбулак



ОРДАБАСЫ

Бір қазақты үшке бөліп ордалы,
Қатал заман араларын орлады,
Жоңғар таптап үш Арысым сорлады.
Осындайда жау тойтарып, ел қосар,
Құдай оңдап Ордабасы орнады.

Оқшыл, кекшіл хан жаңылған қадамның
Бетін ашқан ардақтысы даламның,
Төле биім – салмақтысы санамның,
Қаз дауысты Қазыбек пен Әйтеке –
Найза батпас айласы еді бабамның.

Жау қинаса аққан қан мен бүккен шер,
Жауға кетсе баққан мал мен күткен төл;
Билер сөзін хан-қараға өткен мөр,
Ордабасы, бар қазаққа сен болдың –
Жер төресі, тақ биігі, үлкен төр.

ҮЙДЕГІ БАС ДӘРІГЕР

Ғажапсың, үйдегі бас дәрігерім,
Шын бапкер, әрі кербез, әрі керім.
Қатты айтып, тәтті айтып та бір сүйгенін
Деп білем – өзгелерден артық жерің.

❖❖❖❖❖ Түркістанға тазыч ❖❖❖❖❖

Емдейсің, Мәриям, аспен, дәрімен де,
Түспейсің қисыны жоқ әбігерге.
Күш-қуат жинағанда
Асып тұрды-ау
Бал қымыз, ыстық құймақ бәрінен де.

Тамаша не керекті сұратпасан,
Өкелді әл азайса шуақ тасаң.
Сол болар еңбегінді қайтарғаным,
Тым ерте сені артымда жылатпасам.

* * *

Сұлу көрсе, ақын қалмас үндемей,
Шыдай алмас бүлкілдеген бұл көмей.
Беттен сүйсем, жақсылыққа жорындар,
Беу, арулар!
Өзгелерің күндемей...

Бір ауыз сөз арнамасам сұлуға,
Жарамас ем сауық-сайран құруға.
Беу, қаракөз!
Жасқанбашы
Жарқ етіп,
Бермен қарай нұр жүзінді бұруға.

Тула, жүрек, жас кезімдей тулағын,
Өтер-кетер дүние-дүрмек – шулы ағын.
Қос ерінге қызыл тілмен жазайын
Айтылмаған ғашық өлең шумағын.

❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖

Көңілде сезім селі түйдектелген,
Есімде ерке кезің жидек терген.
Қарасам енді алыстан балғын күнге,
Аумаймыз бір көлдегі үйректерден.

Қыз бала – ерте піскіш затың анық,
Әкетті-ау сені біреу атып алып.
Көп болды көрмегелі дидарыңды,
Тілімде татқан балдың таты қалып.

Бір кезде жүрегінді ту ұстадым,
Оралды сол керемет дұрыс шағым.
Жанарың пәк сезімге шомылдырып,
Қайтадан лебіңмен тыныстадым.

ЖЕР ҰРАНЫ – ҰЛЫТАУ

Киелі тау ел қиялын телітті,
Сол құдірет жаудың күшін кемітті.
Бабаларым басын қосып үш жүздің,
Қиналғанда Ұлытауға келіпті.

Қара Кеңгір, Сары Кеңгір, көп Кеңгір,
Көсем таудың етек-жеңі көктеңбіл.
Осынау жерде көрінеді ерекше
Күн жарықтық жер бетіне төккен нұр.

Көне заман көшін бастап көп үнді,
Кең төскейде Алаша хан көрінді.
Байтақ елге Алаш сырын айғақтап,
Көк күмбездер бір көтерді көңілді.

Сандыбай мен Кәдір, Шегір, Бабырды
Еске салып тау қарайды сабырлы.

«Төрт босаға» – төрткүл дүние елестеп,
Бола түсті бүкіл аймақ қадірлі.

Жөнге көшіп, беу, ағайын, қолдаңыз,
Көш құрастық ел боларлық жолда біз.
Қарт Ұлытау – кіндік төрі қазақтың,
Ғәм табиғи, ғәм тарихи ордамыз.

Мирас, мұра қалған арғы атадан,
Жаралыпты тау бірлікшіл батадан.
Ұлытауды жөн болады ардақтап,
Қазағымның жер ұраны атаған.

Ұларлы жер ұлғатты,
Өр тұлғасы сымбатты.
Бар қазаққа орда болған ақжолтай,
Жер табылмас Ұлытаудан қымбатты!

АХМЕТ АҒА ДАНАЛЫҚ ПЕН АЙЛАСЫ

«Байтұрсынов, бір көмекке жараныз,
Біз ГПУ-ден Марғұланды табамыз.
Оған қандай сіздің берер бағаңыз?..» –
Деп сыр тартса:
«Ол бір сырқат бала ғой,
Халі мүшкіл», – деп қайырды ағамыз.

Жылдар өтті.
ГПУ келді қомдана:
«Марғұлан қайда? –
Жалғыз сұрақ сол ғана. –
Ол дұшпанды ұстауға бар жолдама».
Сонда Ахаң:
«Айтып ем ғой сырқат деп,
Бақи жаққа жүріп кетті ол бала».

❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖ Туркістанга тағзым ❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖

Қайырмасы.

Аймақта шер қозғаған, қиял-мұң тербеген,
Қобызбен Қорқыт ата ғажап күй зерлеген.
Жалғады ақ батасын Асан Қайғы
Азат күндерменен.
Тәуелсіз елді көрдік,
Қазығұрт, тойла сергіп,
Келді-ау теңдік!

Кайырма.

БОЙЫНДА ҚҰДІРЕТТІ ҚҰДАЙЫ БАР

Кенес Дүбәкіровке

Жігіт бар Астанада Кеңес деген,
Нар тұлға таныс талай белеспенен.
Көргенде аға болып құшақ жайдым,
Бойына Ер Тарғындай елестеген.

Қазақтың асыл туған азаматы,
Ел-жұрттың қамын жеген қазанаты.
Мұсылман баласына кітап етіп,
Киелі бар тамаша жазған хаты.

Жасында ел жүктеген ісін білді,
Қияннан талап еткен құсын ілді.
Бұл күнде дін мен тілді таза қорғап,
Құранды өз тілінде түсіндірді.

Әрине, білмегенге қиын бәрі,
Түсінсен, дем береді түйір нәрі.
Қазақтың жетістігі сол емес пе,
Күдайға өз тілінде сиынғаны.

❖❖❖❖ ❖❖❖❖ Түркістанға тағзым ❖❖❖❖ ❖❖❖❖

Төс қағып көтермейді Кеңес өзін,
Аңғардым маңғаз, керім қызық кезін.
Мейірбан періштелік орнағандай,
Ұмтылмас еш адамның бұзып сөзін.

Кеңестің Сағилла атты жұбайы бар,
Құраншыл Құдай қосқан сыпайылар.
Бөрінен кереметі сол деп білем –
Бойында құдіретті Құдайы бар.

ДОМБЫРА – КИЕЛІ АРУАҚ

Жан құмарым – домбырам,
Бойтұмарым – домбырам.
Өзіңнен артық досым жоқ,
Атадан қалған мол мұрам.

Ақынның сенде керегі,
Пәк сезім шексіз сенеді:
Асыл сөз жеңіл таптырмас,
Қос ішекке еріп келеді.

Кең ашып ойшыл сананы,
Күмбірің шырақ жағады.
Жақсы өлеңнің әуенін
Пернелер іздеп табады.

Құлшынып тұрсам тартқым кеп,
Домбыра, болдың ақ міндет.
Жасымнан саған жармастым,
Қалқаға жылдам жаққым кеп.

Түркістанға тағзым

Барсам да қайда ескерем,
Бір шертуді дес көрем.
Домбырасы жоқ қазақтан
Бой тартып, кейде сескенем.

Ақ тілек, айтар арызым,
Шындығым осы жан үзім:
Домбыра – киелі аруақ,
Аруақты сыйлау – парызың.

ҚАЛАУБЕК ТҰРСЫНҚҰЛОВҚА

Қазақтың мұңын ойлаған
Қазығұрттың сақ қыраны.
Адалдық жолын жоймаған
Елімнің сенсің ұланы.

Кей басшы берген жобаның
Тең жарымын харам деп;
Жазушылар одағын
Сақтадың таза, Қалаубек!

Байлықты жедел қуғандар
Мүкәммал үшін соттасты.
Адалдық үшін туғандар
Одақтың мүлкін жоқтасты.

Партизан батыр Қасым мен
Тұрсынхан кірді айқасқа.
Жайпаса олар жасынмен,
Өділдік жеңді шайқаста.

Еңбегің мол ғой қомақты,
Ел тілегін ақтадың.

❖❖❖❖ ❖❖❖❖ Түркістанға тазы ❖❖❖❖ ❖❖❖❖

Азамат деген зор атты
Кіршіксіз, берік сақтадың.

Жалғасып ерен көрсеткіш,
Шаршауға көнбей шыдап та ең.
Орнаттың өзіңе ескерткіш
«Қазығұрт» атты кітаппен.

ОҢБАЙДЫ АҚЫНДЫ АТҚАНДАР

Қыранға оқ жұмсау қатерлі
Болса да сұмдықты әкелді.
Қай сотқар аямай атты екен
Көркіне жан жетпес Сәкенді?!

Аз емес дауылпаз тартқан зар,
Жоқ емес ақжолтай ақ тандар.
Аққуды атқандар сияқты,
Оңбайды ақынды атқандар!
Оңбайды ақынды сатқандар!

Қарақшы қалт етпес сақ па екен,
Қамығып қалды ғой шат мекен.
Жігіттің дүлдүлі Ілиясты
Қай жендет жасқанбай атты екен?!

Құлагер қызуын сақтандар,
Ел кешпес күнәға батпандар.
Тұлпарды соққыға жыққандай,
Оңбайды ақынды атқандар!
Оңбайды ақынды сатқандар!

Тағдырдың сұқ көзі қадалды,
Тағы бір дауылпаз қамалды.

❖❖❖❖❖ Түркістанға тағзым ❖❖❖❖❖

Қай сатқын атты екен қаймықпай
Мағжандай көз қимас адамды?!

Ақтайды арайлы ақ таңдар,
Ақынға жаман ат тақпандар.
Ұяға өрт салған секілді,
Оңбайды ақынды атқандар!
Оңбайды ақынды сатқандар!

ЖЫЛЫБҰЛАҚ

Жарқ етсе Жылыбұлақ жасыл бағы,
Көрінер көкшіл мұнар жасырғаны.
Қызылкөл Қаратаудың күміс мөрі,
Шашты Әзиз күмбезінің қасындағы.

Қайырмасы:

Жер көзі – Жылыбұлақ,
Баурады сырың ұнап.
Бал тамған кәусар қайда,
Дәл сенен тұнығырақ?
Таудан да асқаралы,
Құрметтің басқа мәні.
Туған ел деген сезім
Бұлақтан басталады.

Жүзіңнен, Жылыбұлақ, айналайын,
Ақшеңгел сыбырласқан сайда жайың.
Алпамыс ат суарған асыл бастау
Гүлбаршын сыйға тартқан айнадайын.

Қайырмасы.

ТӨЛЕГЕН МОМБЕКОВКЕ

Күйге құмар адамдардың жүрегін.
Бір емес-ау, мың жарылқап жүр едің.
Сен де аттандың бақи жаққа, жан аға.
Тірі жүрген дүлдүлдердің бірі едің.

Жүрек жалғап ойлы, мұңлы көп үнге,
Өң беріп ең бүкіл байтақ өңірге.
Бір жұлдызым ағып түсті аспаннан.
Шертпе коңыр күмбір тастап өмірге.

Өнерлі едің аңыз, дастан, қиялдай.
Қалды-ау, шіркін, сол домбыран бұратмай.
Тәттімбеттің аңсап алтын тұяғын,
Тұрмын ыстық көздің жасын тыя алмай.

КҮЙ ТАРТАМЫН

Күй тартамын таңертең,
Тыңдай қалшы, жан еркем!
Толқып-толқып құшағыңа қайтамын.
Күй тартамын іңірде,
Күйді жаным бүгін де,
Көргенімді саған ғана айтамын.

Қайырмасы:

Таңертең,
Жан еркем,
Саған ғана айтамын.
Күй тартамын түсімде,
Жанған оттың ішінде,
Алаулаған ақ жалынға шырмалған.

❖❖❖❖ ❖❖❖❖ Түркістанға тағзын ❖❖❖❖

Күй тартамын кештетіп,
Күйді көкірек ес кетіп,
Қайда ғана бара жатыр сұм жалған?

Қайырмасы.

Күй тартамын оңаша,
Қалың тұман ораса,
Ауылдардың абайладым тозғанын.
Күй тартамын өрімтал,
Күйді жүрек сезімтал,
Ойран салған қайдағыны қозғадым.

Қайырмасы.

Күй тартамын ертемен,
Тарқамады шер-шемен,
Қырда көрдім құлқыны тар түлкіні.
Күй тартамын қанша күн,
Тарта-тарта шаршадым,
Қоңыр күмбір бұзып кетті ұйқыны.

КӨҢІЛ СЫРЫ

Достарың – ғажайып жандар,
Қалайша ардақтамайсың?
Дұшпаның қулықпен алдар,
Айласын салмақтамайсың.

Дүние өзгеріп кетті,
Тайғақта жол таппай тұрсың.
Жан-жақта лаулаған өртті
Жанталас қаусатпай жүрсің.

Інілер жиналған шақта,
Бағытын барламай кеттің.
Ауылдар қиналған шақта,
Бір сапар арнамай өттің.

Ел іші күтімсіз тұр ғой,
Аруақты сыйласаң етті.
Ағайын бітімсіз жүр ғой,
Бірлігін ойласаң етті.

Бұрқанған дауылға кірдік,
Жандайшап есерге ерме.
Сыйласып, сақтайық бірлік,
Есіңнен жаңыла көрме.

Алдыңда өрт пенен жалын,
Сен неге қарайламайсың?
Артыңда қалың ел барын
Қалайша абайламайсың?

КӨҢІЛІМ

Осы күнде көңілім сынық менің,
Тасқын да едім, шалқыған тұнық та едім.
О, тағдырым!
Бір тыным алмадың ғой,
Бастан, көзден сан-талай ұрып та едің.

Шошып тұрмын достан да, дұшпаннан да,
Сескенемін өзеуреп құшқаннан да.
Әңгімелеп беруге ынтам соқпас,
Өзге түгіл, мұнымды ұққан жанға.

Беу, домбырам!
Мойыма, алаңдама!
Сыр бүгу жоқ жалғанда саған ғана.
Шеккен қасірет тек менің еншім емес,
Мал да, аң да іздеп тұр табар пана.

Күннен-күнге қарыштап үдеулі едім,
Үдеулі едім,
Алды ма біреу кегін?
Ел қабағы тезірек ашылса екен,
Сонда оңалар көңілім жүдеу менің.

ҚАЗАҚ БОЛЫП ҚАЛАЙЫҚ

Құбылаға көбейіпті бос қарау,
Бізге тәнті барлық ұлтты дос санау.
Төбемізге тік көтеріп жүрсек те,
Олар бізді шын сыйлай ма, достар-ау?!

Арабтарша әуендеткен мазалы үн,
Естісек те дін сөзінің ғажабын;
Құранды оқи білгенше ана тілінде
Дүмшеліктен құтылмайды қазағым.

Біреу Шығыс, біреу мақтап Батысты,
Дәріс айтып жүр асығыс, атүсті.
Мұсылманға іріткі салып бұл күнде,
Ваххабистер ел алдында шатысты.

Түсінбесек кімге жала жабайық,
Білмей өстік қарауды да алайып.
Тоқсан ауыз сөздің осы түйіні –
Дінді сыйлап, қазақ болып қалайық.

АҚЫНҒА БҮЛ ФӘНИДЕ ДЕМАЛЫС ЖОҚ

Тұманбай Молдағалиевке

Тұманбай!
Сен қазақтың Тұмашысың!
Алатау сілемінде құба шыңсың.
Туғанда жаңа өлеңің қуанамын,
Қыз-шабыт тың бағытқа құлаш ұрсын.

Өскенің қандай қызық тау маңында,
Кездесті бөктерінде жан жарың да.
Күлтайдан асқан сұлу жоқ еді ғой
Еңбекші қазақ атты ауданыңда.

Мұхтардай елдің сыйлы асқарын да.
Кенелттің махаббатшыл жастарын да.
Арулар Тұмаш десе сылаң қағып,
Жүргендей көреді әлі жас шағыңда.

Сәт тілеп әр себепке тұрар дайын,
Өзгеден қуанышым ұлан-ғайыр.
Алатау, Жетісумен таласпаңдар,
Ол – менің жезқазғаншыл Тұманбайым.

Толағай дария тасқын ішінде өлең,
Қазақ жоқ Тұмаш жырын түсінбеген.
Алыста «Құстар әнін» айтып жүрдім,
Қосақтап «Жезкиікке» түсімде мен.

Тусаң да қарлы шыңдар сілемінде,
Аз емес кең далаға тілегің де.
Үкідей нәзік, ерке өлеңіңмен
Сен жүрсің туған елдің жүрегінде.

❖❖❖❖❖ Түркістанға тағзым ❖❖❖❖❖

Көп жалтылдап көркем әйел тісіндей,
Көп жарқылдап бояуы жат мүсіндей,
Жүрген «мырза» өзгеріпті бұл күнде,
Жұмыр басы не болғанын түсінбей.

Пір тұтса ол күні кеше құшақтап,
Қиналады сәлемге тіл тұзақтап.
Үлкен орын ақылдыны өсіріп,
Ақымақты жіберіпті ұсақтап.

Шайлықпаймын ылдидан да, өрден де,
Қаймықпаймын төменнен де, төрден де.
Жылпостардың бәрін бір сәт ұмытам
Қимас достың адал көзін көргенде.

* * *

Өмірдің ағысына берілмедім,
Тау-тастан шыға келдім, тебінде едім.
Кенші-ақын қызу майдан ортасында,
Есердің жетегіне жегілмедім.

Шабысты алмастырып желіспенен,
Намысты шыңдай берді жемісті өлең.
Алысты жақындатар жыр тасыды,
Үш жүзге бөлуге елді беріспеген.

Аз болды арпалыста тыным деген,
Мәскеуде елді аңсаған сырым терең.
Айбыным атой салды Нөкіс жақтан,
Аралдың айқасында дүбірлеген.

Жанымды сұлулыққа тәлімдеген,
Аққу құс мауқын басты, әнім, сенен.



Туркістаншыл ғулама



ТҮРКІСТАННЫҢ ДОСЫ ЕДІ

Молырақ ұқтым Манаштың
Қазына молын ойында.
Асыл төрі Алаштың
Түркістанның тойында.

Қолдаған Тәңірім сән беріп,
Көшбастар жүрдек нар еді.
Әр ісіне мән беріп,
Байыппен қарар жан еді.

Ашқанда бетін анықтың,
Кемеңгер етті әр адым.
Мол ашты ұзақ тарихтың
Ащы да тұщы сабағын.

Алшаң басқан адымы
Шындықтың сырын байытты.
Тарихты терең таныды,
Еліне соны танытты.

Сөзінде жоқ қаталық,
Түркістан жүрсе ойында.
Бас тарихшы атадық
Екі мың жылдық тойында.

МАНАШТЫ ОҚЫ

Беу, қазақтар, қойыңдар көп таласты,
Бет тырнасу кімге, қашан жарасты?
Кім екенін Шыңғыс ханның білмекке
Тереңірек оқу керек Манашты.

Алты Алашты білмек болсақ, ағайын,
Дәлдеп табар тура жолға салайын:
Қадірлей біл тарланбозын тарихтың,
Тереңдеу аш «Манаштану» сарайын.

Құраған жоқ ел адасар ұранды,
Қисса ететін қырда өшкен құланды.
Жатқа айтатын Түркістанның тарихын,
Мағжанша ашық ардақтады Тұранды.

Ол – тарихшы әділетті, ең бапты,
Елдің мұңы, оған қалың шер батты.
Үңілейік жазғанына Манаштың
Айқындауға алабүлік Ермақты.

Озбырлықтың оған зілі бататын,
Шырмауықта білгір басы қататын.
Манашты оқы білгің келсе дұрыстап,
Отыз екінші жылдың аштық апатын.

Байрағы еді, барлаушысы оң істің,
Білді сырын қытайдың да, орыстың.
Манашты оқы тереңірек білуге
Зар-зардабын қан шеңгелді соғыстың.

Жатық еді-ау әрбір сөзі мәтелше,
Сурет дерсің, қарсы алдыға әкелсе.
Жетісуды Ілиясша саралап,
Көкшетауды сүйе білді Сәкенше.

СӨНБЕЙДІ МАНАШ-ЖҮЛДЫЗ

Қырғыздың Манасы бар,
Қазақтың Манашы бар.
Егіз ел тарихы бір,
Бітпеген жарасы бар.

Қырғыздың Манасы бар,
Елге ұран қалған сөзі.
Қазақтың Манашы бар,
Тарихтың тарланбозы.

Қырғыздың Манасы бар,
Өшпейтін жалынды ісі.
Қазақтың Манашы бар,
Тарихтың тамыршысы.

Шежіре бар астары,
Тамаша жарасқаны.
Тілектес қырғыз-қазақ,
Манасы, Манаштары.

Қырғыздың Манасы бар,
Алашқа аңыз еді.
Қазақтың Манашы бар,
Ғұлама абыз еді.

Есті дос құштарындай,
Жалғасып тұтқаным бай:
Жамбыл мен Тоқтағұлдай,
Шыңғыс пен Мұхтарымдай.

Қырғыздың Манасы бар,
Жасаған ұран елі.
Қазақтың Манашы бар,
Тарихтың Құлагері.

Тарлан тарих мұхитында
Мұзжарғыш
Манаш еді-ау желкен жайған кемеміз.

САЛЫҚ ЗИМАНОВТЫҢ СӨЗІ

Халықтың сөзі киелі,
Киелі сөз ғой жүйелі.
Шындық осы, талас, мейлің, таласпа,
Ардақтасын заңғар дейді,
Ар-ұжданын аңғар дейді,
Заңғар деген жарасады Манашқа.

Сырттан даттай білмеді,
Іштен жау боп кірмеді,
Паш еткені ақ ниетті наз еді.
Ажал оқыс әкетті,
Тағдыр солай пәс етті,
Тап Манаштай абзал бізде аз еді.

Жақтаса халық асылды,
Сый-құрметін асырды,
Іргектері төрден орын алады.
Марапат етпес масылды
Тарихтың өзі жасырды,
Болымсыздар іркіліп төмен қалады.

Іріміз Манаш келелі,
Өркендеп өсті беделі,
Тарихшылар жетті биік тағына.
Қисынын табар қиырдан,
Кемеңгерлік бұйырған,
Сан жүйрікті орап кетті шаңына.

Кішіге төксе шапағат,
Үлкенге етті мархабат,
Ақымақтардан сақтай білді аралық.
Қымбаттығы бәрінен –
Шындыққа жетті әріден,
Әр қадамы болды нағыз даналық.

ТАРИХТЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Ай-Әлемнің азулы туған арысы,
Ресеймен тынды ғой қазақ бар ісі.
Ақ аю аттап, елдің есін кетірді,
Қорқа-қорқа болыппыз Азия барысы.

Жоңғарлар шапқан
Шұбырынды сын көрдік,
Қысылған кезде
Ресей жебеп күн көрдік.
Бекініс салып ақ патша елді басынса,
Достоевский,
Пушкинді танып үлгердік.

Бар шындық осы, реті келмес мысқылдың,
Арқауы бар тығырықтағы мүшкілдің.
Бір Ресей – аларман болса, шабарман,
Бір Ресей – бостандық жолы Пушкиннің.

«Байтақ Ресей екі Ресейден тұрады», –
Деген сөзі Манаштың маған ұнады.
Бір Ресей жеріме көз алартса,
Бір Ресей рухани достық құрады.

МАНАШТЫҢ АСЫЛ ІЗДЕРІ

(Поэмадан үзінді)

Тарланбозы тарихтың
Шарықтап шалқып, шын қызды.
Туғанда дербес жарық күн
Шындыққа елді бұрғызды.
Анықтап берді қадалап,
Қалың ел талай өткелін.
Қайтадан берді саралап
Қазақтың өткен-кеткенін.
Бойында жалын лаулаған,
Мағжаннан сонда аумаған.

Түркістанның тарихын
Қызықты, ғажап шертетін.
Көтеріп елдің рухын,
Шындыққа терең жететін.
Иасауи мен Иасыны
Әңгіме-аңыз ететін.
Өр сөзінің бастауы
Арыстан бабты ертетін.
Қажыдай сүйгіш Құранды,
Қастерлейтін Тұранды,
Қонаевты қолдаса,
Шаяхметовті бөлмеген.
Намысшыл сол ғой тарлан ер,
Тарихтың таныр тармағын.
Көкірегіне шемең батқан шер,
Жалғады көппен арманын.
Тарихта жарқын жаңашыл,
Бой жазды заңғар жаңа шың.

Тәуелсіздік елге жеткенде,
Күш алды жерден, көктен де.

❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖ Түркістанға тағзым ❖❖❖❖❖

Ағындап еркін заулады
Бодандық заман өткенде.
Абылай хан оны жебеді,
Ашыла түсті дарыны.
Ұлттық рухтың ерені
Қолдады Кенесарыны.
Құрдастық жасап кең сенім,
«Кенесарым» деуші едім.

Тіл қамын ойлы болжауды,
Жаны ашып талай толғанды.
Ұлттық намыс ол көретін
Тіл жорығын қолдауды.
Сөйлеуді мінсіз сүйетін,
Нақ бассаң алғыс үйетін.
Шенділерге мешеу тіл
Қырғидай қатты тиетін.
Ақ алмас әрбір сөзі де,
Жақсы ақын Манаш өзі де.

Тапжылмай кемел төселді,
Талдады талай «көсемді».
Соққылап берді оңбастай
Тоталитарлық кеселді.
Тікелей айтты сенгенін,
Дәлелдеп тура айқындап.
Қазақтың соғысқа бергенін
Паш етті көпке қарқындап.
Қан майдан болды тірегі –
Әр бес қазақтың біреуі.

Дербестік жайса самалын,
Кең жалған ашты қабағын.
Дес берді сонда ғұлама
Ұлт мүддесі сабағын.
Паш етті жаңа тарихты,
Ескінің ашып залалын.

Сүйсіндірді халықты,
Жайнатып заңғар талабын.
Булыққан ыза бұрқ етті,
Тарланбоз туды құдіретті.

«Тоқмақ» деген тоқпаққа
Алайық әудем тоқтап та.
Ермакты қазақ «Тоқпақ» деп
Көндікті ұрып-соқпаққа.
Өзгерді атақоныстар,
«Соқ та, жық» үні батады.
Қыпшақ елін орыстар
«Тоқмақ» деп бірде атады.
Тарихқа Манаш үнілді,
Ермакты зерттеп түңілді.

Басқандай дүлей құм көлді,
Еділден сотқар жын келді.
Қазақтар «Ібір-Сібірден»
Арқаға жетіп күн көрді.
Көп қазақ қашып тығылды,
Бас иіп, шұлғып ептеді.
Байырғы атамекеннен
Әлі күнге олар кетпеді.
Зеңбірегінен Ермактың
Сібірге қалың шер батты.

Ой салсақ ұрпақ байқар деп,
«Бай көл» де кетті «Байкал» боп.
«Ене сай» – қазір Енисей,
Осындай жақын аттар көп.
Хандыққа қатер басталды,
Ермакты патша басқарды.
Он бес жыл Көшім хан тіресті,
Дәрілі оқтан жасқанды.

❖❖❖❖ Түркістанға тазыи ❖❖❖❖

Шұбырып көшіп қалдығы,
Қирады Сібір хандығы.

Ел қарғысы оңдырмас
Лағынет атса мол тұрмас.
Ертіске Ермак батыпты
Баукеспе жендет, содыр, қас.
Ұрлықтың жүрсе жолында,
Тонауға көшті милапты.
Сонда аңдып жүріп соңында,
Ермакты Көшім қиратты.
Манаш та міндет ақтады,
Аз емес іздеп тапқаны.

Көшім хан аңдып мас топқа,
Жасады қырғын қансоқта.
Секіріп жардан өлді Ермак,
Қалар ма есен тас соқса?!
Сойдиган сирақ өлікті
Тапқанын қазақ қарашы.
Қара жерге терең беріпті
Бегіш бектің баласы.
Қазақтың есін кетіртті,
Ермакты патша есіртті.

Не түспес осал мойынға,
Саясат мол патша ойында.
Ақсуды Ермак атады
Романовтардың тойында.
Ермакты батыр санатты,
Ақ патша қызып құнықты.
Отаршыл қырғын қарақшы
Отаншыл болып шығыпты.
Орнаған қызыл бодандық
Жасады «Тоқмақ» одан нық.

Түркістанға тағзым

Ақсумен ашсам сырымды,
Қиямет көп қой бұрынғы.
Шыдады қазақ жеткенше
Тәуелсіз өмір бүгінгі.
Қарадан ақты айырып,
Білместің жынын майырып,
Зор сайыспен алдық-ау
Ақсудың атын қайырып.
Тайдырған «тақтан» Ермакты
Есімін Манаш қолдатты.

«Тоқмақтың» қырда солды үні,
Қуаныш елде болды ірі.
Ұйқыда жатқан Көшім хан
Бір аунап түсті сол күні.
Жебеді сонда бір Құдай
Шындықтың орнап тірлігі.
Манаш пен Қуат мызғымай,
Тарихта қалды бірлігі.
Қайраткер деген атақты
Осындайда елім атапты.

Майданға сай боп шығатын,
Мақтауға шексіз тұратын
Қол ұстасты Манашпен
Есімханұлы Қуатым.
Ғалым мен Әкім тырысты,
Елбасы қостап, кірісті.
Арманың болмас өмірде,
Тындырсаң сондай бір істі.
Манаштың шықты зор үні,
Біткендей «Сібір жорығы».

Тарихшы дүлдүл талғамы
Даналар ойын жалғады,


❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖ Түркістанға тағзым ❖❖❖❖❖

Қарайламай көп жұрт маңайын,
Ол өзгеше биік тұр.
Ұлтжанды осы асылың
Көсемдік сездік нәсілін.

Ұлттық мүдде талабын
Көксеген тыңда жауабын:
«Ұлттық намыс – мол табыс,
Қауіпсіздік, – деді, – қамалым».
Мемлекеттік бедел мен
Ұлт мүддесін қойды алға.
«Бұл екеуін тепе-тең
Ұстауды қосам мен заңға», –
Деп толғанды ол өзінше,
Елбасының ресми көзінше.

Елдің аузына етекті
Тосқандар одан селк етті.
Наполеонға мен ұқсаттым
Шағын бой, шамыр еркекті.
Мың қопарсам шешіле,
Таба алмадым еш мінін.
Түсіре берем есіме
Күлімдеп тұрған кескінін.
Елім деп тұнған бар мұңы,
Қаныштың сол ғой қалдығы.

Бір шолмай бел мен белесті,
Тоқтату қиын кеңесті.
Биігін жеткен барласам,
Ұлылармен Манаш теңесті.
Тарихта ашса жаңа жол,
Тұтанды ұшқын сөзінен.
Өр нәрсеге қарады ол
Ұлттық мүдде көзімен.
Шындықтың Манаш – жалшысы,
Ұлттық мүдде жаршысы.



Сарыагаш дөңгөсү



ӘУЛИЕ ИСА АТАҒА

Сарыағашқа барсаң – Иса атаға,
Бас имесең ішкен асың бата ма?
Тауфық, сопы, мұсылманша баб болған,
Қазақтанды тапса-дағы жат Ана.

Қазақ болып ұлтымызға енгендер,
Төртеу еді шипагерлер елді емдер.
Алла әмірін орындады жат жерде,
Құран сөзін құрал етіп бергендер.

Малшы болып, жалшы болып нан тапты,
Төңіректің төрт бұрышын барлапты.
Күш-қуатын тақуалыққа сарп етсе,
Жалқы өтуді сол төртеуі таңдапты.

Төрт жолаушы...
Төрт араб па, парсы ма?..
Бәрінде де зор қасиет бар, сірә.
Төртеуі де бақсы, балгер, емші еді,
Құдіретіне сенді бай да, жалшы да.

Тым көбейді түрлі зақым жеңгендер,
Төртеу ғана бүкіл аймақ-елді емдер.
Сонда Иса үшеуімен сырласып,
Деді: «Басқа емдеу жолын зерлеңдер!..»

❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖ Түркістанға тағзым ❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖

Сонда туды шипа сумен сауығу,
Монша салып, ыстық бұға барығу.
Табылыпты емдеу жалғыз қарбызбен,
Дәру су мен лай, тұзға табыну.

Туды талай жедел жәрдем, тың ағын.
Төрт жәдігер таңдады төрт тұрағын.
Тапса үшеуі лай, қарбыз, тұз жолын.
Иса ашыпты Сарыағаштың бұлағын.

Кең жол ашты көзге түскен аз үлгі,
Ем қабылдар жерошақтар қазылды.
Дәру болған ыстық бұлақ суынан,
Талай адам көзкөрімде жазылды.

Адам тәнін айғыздаған кеселдер...
Сырқыратқан буындары мешелдер...
Келе қалса,
Шипа сумен Иса ата,
Алла қолдап,
Кеш болса да дес емдер.

Сарыағашқа барсаң –
Иса атаға,
Бас имесең ішкен асың бата ма?
Беу, қазағым!
Осы нағыз әулиең,
Есімін қос аят, дұға, батаңа!

БІР СҮЮ

*Елтілдеп нәпсіге еріп күбінбе құр,
Көз ілмей, ішпей-жемей, жүгін де жүр.*

Қожа Ахмет Насауи

Сүйісуден ернім менің кеппейді,
Ғашық мезет сүйеу болып септейді.
Жер-жаһанның бар қызығы біз білген
Бір сүюдің рахатына жетпейді.

Ақ бетіңнен алғашқы рет сүймесем,
Осынау күнде сен қасымда жүрмес ең.
Өпкен сайын өзім де елтіп қаламын,
Күннен-күнге жасарғандай гүлдесең.

Сен сүйгенде шырақ жанды жүрекке,
Қанат бітті бозбалалық тілекке.
Бір сүймесең жетпес едім ешқашан
Құшақтасып құрсау салған білекке.

Бір сүймесең махаббатқа бөлер кім,
Онсыз біздің не болмақшы көрер күн?
Көз жұмарда ақырғы рет бір сүйіп,
Тіршілікке алғыс айтып сөнермін.

ҚАРЛЫ ЖАҢБЫР ЖАУҒАНДА

Сарыағашта қарлы жаңбыр жауғанда
Екі көзім арулардан ауған ба?
Бара жатыр жаудыраған бикештер
Көшкен бұлтты күзгі тұман сауғанда.

❖❖❖❖ ❖❖❖❖ Түркістанға тағзым ❖❖❖❖

Біреулері жүр жайнап,
Өңі жақсы жөнделген.
Бір патшайым тұр сайрап,
Жұртты өзінен кем көрген.

Сөз айтсақ та еркелеп,
Ерсі қылық еткен жоқ.
Әже болған ертерек
Жас кемпірлер көптен көп.

Тілдің балын төкті ме,
Гөй-гөйлескен мәз екен.
Үйге тастап кетті ме...
Шалдар жағы аз екен.

Кербез, керім сәні де
Құрбыларым баршылық.
Байсыз екен бәрі де,
Етпес фәни таршылық.

Жүрек қатты дүрсілдер,
Өтсе арулар жекелей.
Жігіттер жүр құр сүлдер,
Шаршап қалған текедей.

Беу, қаракөз!
Бүгін көп
Неге маған телмірдің?
Жүрегінде жүгірмек
Бар екенін мен білдім.

Қиылып, қимай қарадың,
Бір көргендей жасымда.
Реніш етпе, қарағым,
Бәйбішем жүр ғой қасымда...

❖❖❖❖❖ Түркістанға тағзым ❖❖❖❖❖

Қартайды деп налыма,
Басылған жоқ біздің бу.
Кездесерміз тағы да,
Шипа болсын ыстық су.

АҚҚУЛАРДЫҢ АРМАНЫ

Дара аққуды көрдім айдын шетінде,
Бейнесі оның ұқсап кетті жетімге.
Күз келгенде өзге құстар топтанды
Үйірімен кетуге.

Біреу айтса ойлар ма едім бекер деп,
Ол да ертең өз тобына жетер деп.
Кім ойлапты сұлуларды өмірде
Жалғыз-жалғыз өтер деп?

Аяулы екен дара аққудың қалғаны,
Көп теңселте дара күйге салғаны.
Дүниеде жалғыз қалмау екен ғой
Аққулардың арманы.

САҒЫНЫШТЫҢ ЖАЛАУЫ

Аспан шабдар бұлттанды,
Күз келді, күн қызбайды.
Қырау түсіп, шық тамды,
Жүрек шеті сыздайды.

Еркін ойнап күлсем де,
Жарыламын ағынан.
Сарыағашта жүрсем де,
Сарыарқаны сағынам.

❖❖❖❖ ❖❖❖❖ Түркістанға тағзым

Жел сыбырлап жетеді,
Не сауалмен кеңеспек.
Көз алдымнан өтеді
Тоңған ауыл елестеп.

Өрнеге көз бөлінер,
Жеткенінше шамасы.
Жарығы жоқ көрінер
Көкшетаудың қаласы.

Жанармайын тауысқан,
Мезі қылып маңайды;
Аяп кетем алыстан
Фермер болған ағайды.

Әулет құтын сақтаған
Анамнан кем демес ем.
Қолда барын баптаған
Жаурап жүр-ау жеңешем.

Шәмшиқамар – есімі,
Берекесі мол кісі.
Аташаңырақ жесірі,
Үлкеніміз сол кісі.

Қинады егін мол піспей,
Бар ағайын бағына.
Ауыл жаққа жол түспей,
Алаңдадым тағы да.

Кетті көктем таққан гүл,
Өтті жаздың алауы.
Сияқтанды батқан күн
Сағыныштың жалауы.

❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖ Түркістанға тағзым ❖❖❖❖❖

* * *

Сарыағашта қоңыр күз,
Қобалжи көңіл бастады.
Көк есек мүлгіп көңілсіз,
Кешегі «өнге» баспады.

Жапырағы түсіп қалжырап,
Көк терек сидаң тартыпты.
Ақ бұлақ көзі жаудырап,
Қуатын бойда сарқыпты.

Қаусап тұр жаңғақ ағашы,
«Бес кемпір» барын алғандай.
Күрсінді жалғыз баласы,
Қайыршы болып қалғандай.

Зәмзәм су ақса ырғала,
Дәруі өзір зәрудің.
Үмітің сол ғой бір ғана,
Тетігі бойда бар удың.

Ақ қайың тұр қалтырап,
Арудай тәні ашылған.
Бойдағы алтын жапырақ
Аяққа жерде басылған.

Қысқұмар салтын құрып күз,
Үрпие қалды Сарыағаш.
Суыды дүние сұрықсыз,
Маңайдың бәрі жалаңаш.

Жалаңаш жолдың жан-жағы,
Ақ селеу қолын бұлғаған.
Жалаңаш жортқан аң-дағы,
Қайырылып мойнын бұрмаған.

❖❖❖❖❖ Түркістанға тағзым ❖❖❖❖❖

Жалаңаш айдын көлдегі
Кетіпті ұшып құстары.
Жалаңаш көк сай шөлдегі,
Құйын жел басты қыспағы.

Көп үйлер босап қаңсыған,
Жалаңаш ауыл келбеті.
Біткендей бойда бар шыдам,
Жалаңаш жатыр жер беті.

Құт қайда жылдам оралар,
Есебін тауып ұтқандай.
Жалаңаш малсыз қоралар,
Жұт келіп бәрін жұтқандай.

Есіңді жина, жігітім,
Күзгі жел ойран салмасын.
Сөнбесін бойда үмітің,
Жалаңаш рухың қалмасын.

* * *

Беу, фәни!
Ризамын бергеніңе!
Соңымнан ұлым, қызым ергеніне.
Атансам ақын-кенші, ақын-әкім,
Өлеңді жазбадым өз ермегіме.

Табиғат қорғаушысы атаныппын,
Ісі емес ол да жүдеу, аты арықтың.
Аралдың айқасына үлес қостым,
Иншалла, сол аймақтан бата алыппын.

❖❖❖ ❖❖❖ Туркістанга таъзын ❖❖❖❖❖❖❖

Кен қаздым, әкім болдым, ақын болдым,
Елде бар естілерге жақын қондым.

Тірлікте жолым таза, қолым таза,
Сондықтан оққағардай батыл болдым.
Ерте өткен әкем үшін әкім болдым,
Дерт шеккен анам үшін ақын болдым.

Бірі едік телі тату асыл жастын,
Қызығын балғын кездің татынбас кім?!
Талай жыл өтті сені көрмегелі,
Келіп тұр баяғыдай жақындасқым.

Шындық сол – от құштарлық шақталыпты,
Жүректе қатқан беріш дат қалыпты.
Тек қана бала күнгі ақ дидарың
Аққудың баласындай сақталыпты.

Андаймын Айдай аппақ қабағыңды,
Есіркеп туды талай ән ағынды.
Хауа ана, Адам атаны сенен білдім,
Жаттадым ең алғашқы сабағыңды.

Сырым сол – топ ішінде жаңылмас көп,
Қала бер, көрші қызы, қарындас боп.
Мен-дағы кездестім өз бақытыма,
Жалғанда сен кеткен соң табылмас боп.

ОРЫНБЕККЕ

Студенттік досым О. Тұрсынбаевқа

Орынбек, келіп қалдық алпыс жасқа,
Егделік әкеліпті салтын басқа.
Хал-жайды бәйбішелер біледі ғой,
Не дерміз көңіл кеткен қарындасқа?..

Жасымнан тату өскен егіз бе едің,
«Беу, достым, мұның қалай?» дегізбедің.
Елудің кең жайлауын тастап шығып,
Алпыстың ақ боранын неге іздедің?

Жастық шақ өте шықса қарамай да,
Табарсың өкініштен шала пайда.
Нарыққа қарық болмай жүргенінде,
Ансайтын жас тоқалды шама қайда?

Әйтеуір, қартайдым деп асықпағын,
Тоқтатып, кісен салар уақытқа кім?
Тіршілік әр мезетін ардақтайық,
Көгерміз әлі талай ғашық таңын.

ЖОЛДАҒЫ КӨРГЕН ЖОРАЛҒЫ

Келеміз Алматыдан Орынбекке,
Той-думан көтеріміз төрін көкке.
Шымкенттің отарбасын отарладық,
Жолға жай, жылы төсек, орын көпте.

Тоқтадық Жамбыл ата қаласына,
Көк базар кіріп кеттім арасына.
Нарықтың әкелгенін қараңдаршы
Қазақтың сауда білмес баласына.

Түркістанға тағзым

Сусынға жолаушылар жармасады,
Долларға теңге-тиын алмасады.
Қара көз, қара мойыл жап-жас қыздар
Сатып жүр құшақ-құшақ колбасаны.

– Алыңыз, – деді қыздар қолдағысын,
Молайтпақ қалта қағып зор табысын.
– Өзімде сүр қазы бар бұдан артық, –
Дедім мен қысып кетіп өр намысым.

Түскендей жүздеріне нала-қайғы,
Көрсетіп колбасасын ала майлы:
– Сіздікі, – деді бір қыз, – ағатайым,
Сатуға хан базарда жарамайды.

– Сақтай гөр асыл дәмнің киесінен,
Қалмайын Құдай берген тиесіден.
Жарайды, бәрін алам, – дедім сонда, –
Колбасаны өзінің иесімен. –

Селк етпей серттескенде ақын жаны,
Әлгі қыз әудем сәтте мақұлдады.
Поездың ысқырғанын не қылайын,
Естілді бәйбішемнің шақырғаны...

* * *

Көп тыңдадым ақ тотымды,
Жетті әуені ұзаққа.
Жан толқытып жақсы отырды,
Кездескендей жұмақта.

«Сағындың ба?..» – деп әндеткен
Не айтармын сұраққа?
Жауабымды мәнерлі еткен
Алғыс айттым бұлаққа.

❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖ *Түркістанға тағзым* ❖❖❖❖❖❖❖❖

Тындар ма едім әнін керім,
Бір кеш емес, бір апта.
Қош айтыссаң, тарқап шерім,
Үні қалды құлақта.

* * *

Ару ма едің,
Асыл ерке күй ме едің?..
Ұзақ кеште бірге шалқып биледің.
Неге екенін түсінбедім өзім де,
Ақ бетіңнен баяғыдай сүймедім.

Ару ма едің,
Әлде сұлу ән бе едің?
Ажарыңнан аумайды алыс таң сенің.
Дәл кездескен сәтті сағат мезетте
Бір сүйеге жетпеді ғой дәрменім.

Өзгеге емес,
Өртті биге тояйын,
Сағынышты күйлі ырғақпен жояйын.
Татқан балын қайта іздетер тағы да,
Сен сүйе бер,
Мен сүймей-ақ қояйын.

КІТАПТАҒЫ СӨЗ

Телағыс Телешевке

Кездескен құтты кеште дастарханда,
Сыйладым бұл кітапты Тоқтарханға.
Телағыс екеуінің шын достығын
Ешқашан бұл жалғанда тоқтатпа, Алла.

❖❖❖❖❖ Түркістанға тағзым ❖❖❖❖❖

Жасынан бірін-бірі қолдағаны,
Суымас шын достықтың сонда нәрі.
Сан жылдар құлын-тайдай тебіссе де,
Ғажап қой еш кейісу болмағаны.

Құрасып жер бетінде бітік шатыр,
Екеуі сыйластықпен ұтып жатыр.
Дегендер «жаңа қазақ» шошытады,
Өлдісі әлсіздерін жұтып жатыр.

Тартқандай бірін-бірі биік өрге,
Сүйсінем қос торыдай інілерге.
Мейірбан ата-баба бай мінезі
Жалғасып, дәстүр болар тірілерге.

Сақтаған қимастықтың сертін берік,
Келеді екі тұлпар еркін желіп.
Көрінді Сарыағашта кездескенде
Алатау егіз шыңы секілденіп.

* * *

Сарыағашта сәт қандай –
Құтты мезет тапқандай.
Сөз толқыды
Қалаға
Ауыл көшіп жатқандай.

Тыңдай қалды нұрлы аспан,
Жазар ма едім тың дастан.
Көп кемпірлер отырды
Саясат жайлы сырласқан.

Сілкіп жатты озбырды,
Кей әкімді тоздырды.

❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖ Түркістанға тағзым

Президенттік таласта
Нұрсұлтанды оздырды.

Жайма-шуақ күн қандай,
Ағытылды сыр қалмай.
Ауылдың халін айтқанда,
Қалу қиын жынданбай.

Кете алмадым әріге,
Сарапқа салмақ бәрі де.
Сөз қоспадым
Аяз би
Қарағандай әліне.

Ақ кемпір маған тиісті,
Хал-ахуал білісті.
Жауап бердім жайдары,
Көтермей бөтен иісті.

Басқаша меже көздетіп,
Ұсындым жаңа сөз тетік.
Санаторий ахуалын
Талқыға салдық көлдетіп.

Бір кемпір шықты шеруге,
Тимейді ерні ерінге.
Далада қалды саясат,
Президент те, елің де.

Жұрт тыңдады құмарлы,
Емес-ау кемпір тынарлы.
Әр корпусы төмамдап,
Бәрін де істен шығарды.

❖❖❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖

Ұланы Қаратастың қияда ұшып,
Басқарды қызуы мол Қызылқұмды.

Сұм ажал кейде суыт жүрісі көп,
Әкетті қазанатты тынысы жоқ.
Шіркін-ай, тірі болса жүрер еді-ау
Қазақтың бір ғажайып ірісі боп.

Ай толқып, аптап тынып, жел еспейді,
Асықпа, жылы-жақын кеңес дейді.
Көргенде Мұхаммед-Қасым Шәкеновті
Көзіме Рахманберді елестейді.

Ұлы көш...
Тәуелсіздік легінде,
Жөн тапқан жылда бітік тың егінге
Жұлдыздай жарқыл қағып құмға түскен,
Ақтангер қалды елдің жүрегінде.

* * *

Сарыағаш-ау, сенімен
Нұр-жұмақтай достастым.
Сары күзде келіп ем,
Қоңыр күзде қоштастым.

Жылда келіп тұрармын,
Сағынбаңдар, арулар.
Мың құмардан шығармын –
Сұлулар бар, дәру бар.

Шабыттан бағыт сұрайын,
Баураар жыр мен әніме.
Сәт тілеймін лайым
Қонақтардың бөріне!

❖❖❖ ❖❖❖ Туркістанга тағзым ❖❖❖ ❖❖❖❖❖❖❖❖

Мен емеспін қызғаншақ сенің өшің,
Дәл жасыңнан көп кіші көрінесің.
Әнші қызға үйленген сені қолдап,
Айта берем бұл күнде өзіме сын.

Мен де өзіндей болар ем Қызыр қонса,
Сандуғаштың үніне үйім толса.
Ханға сәлем бермес ем
Алған жарым
Қармысовтың жезандай қызы болса.

Сенің жарың жиырмадан жаңа асқандай,
Әні қандай бұлбұлмен таласқандай.
Біздің Мәкең маған ән салдырады,
Ол демалып, мен шырқау жарасқандай.

Сенің жарың көп жүрсе гастрольмен,
Менің жарым шықпады-ау «кәстрөлден».
Әнші қызды алғаның – білгендігің,
Бір ауыз ән күткенше жас біреуден.

Отыз бестей көрсеткен алпысыңды,
Құпияңды біздей дос жан түсінді.
Саған, Ғибат, Сарыағаш неге керек,
Үйде отырып тыңдай бер жан құсыңды.

* * *

Сарыағаштың бюеті,
Шипа су – асыл құрметі.
Тараздан келген Әбілда
Бірге жүрді бір жеті.

Тақиясы жайнаған,
Сымбаты көзді байлаған:

❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖ Түркістанға тағзым ❖❖❖❖❖

Сайтаны бар қарт екен,
Тәжібаевтан аумаған.

Су жұтумен әрірек,
Тұрсақ ішті дәрілеп.
Таяғы қалып қойыпты,
Өзі тұр сылқым сәні кеп.

Асығыстау су жұтқан,
Бір кемпір өңін суытқан,
Деп жар салды кең залда:
– Таяғын қай шал ұмытқан?! –

Білдірмей ақсақ аяғын,
Кеткендей іздеп саяғын,
Тысқа шықты Әбекем,
Құрмалдық етіп таяғын.

– Пай-пай, шіркін! Тектім! – деп, –
Өзіме арттым көп міндет.
Кемпірден алдым таяқты,
Мен ұмытып кеттім, – деп.

* * *

Дербестік елім алғанда
Мәскеуден есен оралдым.
Тасалау жерде қалғанда
Өлеңмен қайта оңалдым.

Байлыққа ерен бататын
Талапай қамын жемедім.
Бір елде тыныш жататын
Посол да болам демедім.

❖❖❖❖❖ Түркістанға тағзым ❖❖❖❖❖

Жоламадым қайтадан
Саясат деген сайқалға.
Қалың ел бар ғой байқаған,
Жөнді сөз сырттан айтарға.

Кеншілік көп жыл өткелі,
Әкімдік, міне, қоштасты.
Жыр келіп ақпа-төкпелі,
Қыз-шабыт құшып төс басты.

Бармадым жаттық құруға,
Жақсылық жолын сақтадым.
Ермедім ру-жыруға,
Ел бірлігін жақтадым.

Жылындым құрмет нұрына,
Жырға орап елдің жүрегін.
Күш-қуат еттім жырыма
Дербес ел асыл тілегін.

АЛЛАНЫҢ БЕРГЕН РАХМАТЫ

Теңіздей терең тартылмас,
Қанша айтсақ та сарқылмас.
Махаббат алуан сыры көп,
Жыр етпей оны жан тынбас.

Бетіңнен тәтті бал таймас,
Бір сүйсем болам жарты ай мас.
Періште құстай ғажапсың,
Қасымда жүрсең қартаймас.

Аққудай аппақ нәзіксің,
Жүрекке мәңгі азықсың.

❧❧❧❧ ❧❧❧❧ Түркістанға таазың ❧❧❧❧❧❧❧❧

Қонағым қайтпас төрімнен,
Шаңыраққа берік қазықсың.

Өрісті болды өткен күн,
Жеңіске толсын жеткен күн.
Ұл-қызыңның үлкені,
Шал болсам да еркеңмін.

Қияда қанат жалғадың,
Әлемді бірге шарладың.
Алланың берген рахматы,
Мәскеуден таңдап алғаным.

ҚАРАТАУЫМ ҚҰЛАДЫ

Орынбек Тұрсынбаевқа

Тағдыр берген кім озады несіптен,
«Елім-айды» айта-айта өсіп те ем.
Барша қазақ тарағандай көрінер,
Қаратаудан өткен көште бесіктен.

Бұлтқа оранған маң Қаратау өр төсі,
Жарқырап тұр егіздей қос өркенші.
Тура сондай менің досым бар еді,
Қаңлылардың асыл туған еркесі.

Бүгін келді тағдырдың зор сынағы,
Қаратауым менің оқыс құлады.
Фәнидегі қимас досым Орынбек
Бақи жаққа өзгеріпті тұрағы.

Жігіт еді адалдықтан жаралған,
Қаратаудан қамқорлыққа нәр алған.

❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖ Түркістанға тағзым ❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖❖❖❖

Студент кез бірге өтті Мәскеуде,
Жастық шақтың жалауындай саналған.

Сабырлы еді баспас әнтек асырға,
Достығымыз сән берді бір ғасырға.
Кеншіліктің көрдік талай қызығын,
Енді тұрмын зиратының басында.

Қос дариядай ағып жатқан бабында,
Бой бермедік тұманға да, сағымға.
Қандай едік ортамызда – қос арыс
Рахманберді, Рахымдардың барында?!

Талай жылдар бауыр, туыс болғанбыз,
Адаспадық шын сыйластық жолдан біз.
Көктем, жазды бірге өткізсек тірлікте,
Жетті биыл қайғы-шері толған күз.

Орынбектің ұрпағында татым көп,
Ұл-қыздары дегізбейді атын жоқ.
Бәрімізді жоқтатпайды артында
Немерелері:
Олжас, Жәлел, Кәкімбек.

Сарқылмасын шаңырағында арай-нұр,
Ескерткіш боп өзі орнатқан сарай тұр.
Жан серігі Ұлжан, саған көп рахмет,
Орынбекті күттің талмай талай жыл.

Қыз күніңнен тағдыр тандап теліткен,
Оңай емес айырылу серіктен.
Енді, Ұлжан, саулығыңды сақтай біл,
Болған іске шарболаттай беріктен.

Ұнампаз біздің Бекет сырғалыға,
Ұлдыдай сұлу қонды гүл бағына.
Екеуі Қыз Жібек пен Төлегендей,
Бөленді махаббаттың құндағына.

Құт қонып қолындағы ақ құсымен,
Өмірдің құшақтасты тал түсімен.
Құрметті азаматы облыстың
Бекетті құттықтаймын алпысымен!

БІР ӨЛЕҢІҢ МӘҢГІЛІККЕ ЖОЛ САЛДЫ

Қайрат Жұмағалиевке

Өңкей тарлан қазақта бар Қайраттар,
Қайрат деген есімде бір айбат бар.
Әнші Қайрат – тірі жүрген Ақандай,
Ақын Қайрат – саңлақ елім ардақтар.

Екеуі де кетсе маған мықты ұнап,
Ақынына бүгін төктім нұр-шуақ.
«Анасы бар адамдар қартаймайды», –
Деген сөзі берді ерекше күш-қуат.

Осы емес пе нағыз ақын кең жүрек,
Оны оқысам тебіренемін елжіреп.
Бір өлеңмен мәңгілікке жол салды,
Сүйсінердей амандығын ел тілеп.

Дарындысың, Қайрат інім, біртума,
Ана жырын тартту еттің жұртыңа.
Сен жетпістің ішіне кіріп келесің,
Бір сілтеп қал жеткенше оның сыртына.

Талай жырың толқын қақса не түрлі,
Бір өлеңмен мәңгілікке бекіндің.
Заты қазақ атыңды атап сүйсінсе,
Жан ананды ардақтаумен жетілдің.

Сыйға тартқан бұл жалғанның жұмағын,
Аналарға арнасаң жыр бұлағын,
Сен өлеңмен жасап бердің өшпестей,
Анасы бар адамдардың ұранын.

Сөзің балдай, жан-жүрекке тез жеткіш,
Кәрі-жасты бірдей бөлеп тербеткіш.
Барша анаға бұл өлеңің – тағзым,
Өзіңе де қолдан келмес ескерткіш.

ЖАСАЙ БЕР, ЖЕЛТОҚСАННЫҢ САРБАЗДАРЫ!

Рахым Әбдірайымға

Алдымда алшаң басқан інілерім,
Бірің сал, бірің кербез, бірің керім.
Ақиық, сайыпқыран ұландарым,
Сендерсің ерен туған ірілерім.

Тараған Ай-Әлемге айбаттарын,
Сендерсің – ел тілегі сайлатқаным.
Жасай бер Абылайшыл желтоқсандар,
Жасай бер Мағжаншыл Қайраттарым!

Болашақ Қаныштарым, Мұхтарларым,
Зерексің баяғының ұққан зарын.
Қалың ел – қайран қазақ қамын ойлап,
Талпынсаң ағаларың құптар бәрін.

❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖❖❖

Жаңа күш, жаңа жігер, жаңа серпін,
Алдымда бөгеттерді алады еркін.
Сендерсің – болашағы бар қазақтың,
Өзгертер дала көркін, қала көркін.

Сезгенде жүздеріңнен жылы көңіл,
Көрінер ауыр кезең сыны жеңіл.
Жас барыс – жас намысты ешқашан да
Көксетпес бодан болған бұрынғы өмір.

Сайыста сапқа тұрып, ту ұстарым,
Сендерсің – көтеретін ырыс нәрін.
Рақым бар Рахманберді сағындырса,
Білемін арқа сүйер тыныс барын.

Сендерсің – біздің ғасыр демеушісі,
Сендерсің – жаңа ғасыр ерен күші.
Тілек сол – ата-баба аруағы
Жас ұрпақ болсын мәңгі жебеушісі.

Қолдасын шапағаты Ай-аспанның,
Туып тұр бақыт үшін таласқан күн.
Көтерген бірлік туын – інілерім,
Сендерсің алғы шебі тау асқанның.

Ел төрін емін-еркін сайрандаған,
Еркелік келді десең қайдан маған,
Ағасын іні сыйлар құдайындай,
Салтыңа бас иемін, қайран бабам.

Апайтөс Алпамыстай маңғаз бөрі,
Халқымның арманынан алған нөрі.
Көгілдір ту иесі сендерсіңдер,
Жасай бер, желтоқсанның сарбаздары!

❖❖❖ ❖❖❖ Туркістанга тазуи ❖❖❖ ❖❖❖

* * *

Жылама, сұлу ақ қайың,
Жаныңа жара батса да.
Жас күніңдей баптайын,
Нұр-жұмақ біздің бақшада.

Ақ қабықты қор қылып,
Кім белгісін салды екен?
Атаққұмар сол жігіт
Ар-ожданға жарлы екен.

Бекініп беріш барады,
Ұмытар сәтке кел бейім.
Жүрекке түскен жараны
Жыр оқып, бірге емдейін.

* * *

Өлең деген – тіршіліктің тірегі,
Іші толы жақсы адамдар нұр-өңі.
Толғағында қос шумактың жатады
Қыз бен жігіт лүпілдеген жүрегі.

Сөз сарасы, білсең, нағыз ашықтық,
Қойды ақынды тамашаға ғашық қып.
Гауһар тастың жарқ еткенін
Қарақат,
Мөлт еткенін сипаттауға асықтық.

Әр күн ғажап тіршілікте мен үшін,
 Кең жүрегім, кең тілегім, кең ішім.
 Жер мен көктің сағынышын жалғаймын,
 Көзім шалса жезкиіктің желісін.

❖❖❖❖❖ Туркістанға тағзым ❖❖❖❖❖

Орынды сөз тисе ыстық шоқтай боп,
Сезім селі толқынына тоқтау жоқ.
Шырақ жағар жүрегіңе жақсы өлең,
Сыммен тартып,
Шамға жеткен тоқтай боп.

Сурет те, мүсін де үнсіз тынып тұр,
Бұлығып тұр, тілдесе алмай тұнық сыр.
Өлең ғана
Өз білгенін наз етіп,
Тірі жанмен тірі кеңес құрып тұр.

АҒА НАЗЫ

Хамитжан Пулатовқа

Жігітті ел сыйлаған мен сыйлаймын,
Кездесер сәтте айылды еш жимаймын.
Қаратау бір шыңындай көрінесің,
Іні деп, ірі жұмсап, көп қинаймын.

Емес ол әрекеті қара бастың,
Аралдың айқасына араластың.
Хамитжан, сол жорықта қол ұстасып,
Ағаңа қостың қуат жаңа тасқын.

Ақжарқын, алғыр, өжет күшiң дархан,
Мейiрбан мiнезiңе шын құмартам.
Азалы Арал үшiн сен сарбазсың,
Азабы шексiз жатқан мiндет артам.

Жасымда мен де сендей ерен едім,
Күтті ғой талай үміт менен елім.
– Тірлікте не тындырдың? – дегендерге
Аралдың назын айтып берер едім.

Көрмейді өзбек бауыр мені бөтен,
Бес жылдай осынау өңір болды мекен.
Жерінде қарақалпақ бастап едім,
Аралдың қорғаушысы болып өтем.

Көп тиер өзгелерден елге себің,
Өзіңнің бір сәнімді елгезегім.
Негізін үлкен істің игере бер,
Аларсың ертең қолға ер кезегін.

Шыққан жоқ қайда жүрсем жаман атым,
Күш-жігер өтті күндер таралатын.
Пайғамбар жасына мен келіп қалдым,
Аралым – інілерге аманатым.

ТУЛАП ҚАЛ, ЖҮРЕК, ТУЛАП ҚАЛ!

Кездестік бүгін екеуміз,
Ағайын-жегжат алдында.
Тағы да алшақ кетерміз,
Анықтап көріп қалдың ба?

Құштарлық сырын сезбес кім
Құмартқан қара көзіңнен?
Арайын шашты сөнбес күн
Ауылда қалған өзіңмен.

Бетіңнен сүйсем әдеппен,
Толқыдың лаулап кетердей.
Сағыныш салған әлекпен,
Өкініш өрті өтердей.

Болғаның бір кеш қасымда
Әкелді қанша жұбаныш.

❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖ Түркістанға тазы

Аз да емес қуанышым қарышты,
Тау қопардым еңбек шыңдап намысты.
Жезқазғанның көшесінде жүргендей,
Көресіндер өлеңімнен Қанышты.

Кең әлемнің бар түкпірін кеземін,
Дос қиналса үзіледі өзегім.
Че Гевара, Анджелалар шақырып,
Жол жалғайды менің өлең-өзенім.

Әр сөзімде әсері бар Абайдың,
Тірлігіме Абай көзбен қараймын.
Ел жұмылған күнделікті көп іске
Мен де өзімді бір жауапты санаймын.

* * *

Өлең жеңіл ермек емес, шырағым,
Ол – сайысқа салған жүйрік пырағым.
Сұлуларды сипаттауға қанықтым,
Сұрықсызға сөз таба алмай тұрамын.

Өлең – менің бойтұмарым киелі,
Күн жылуын, түн сыбырын сүйеді.
Елең етер бір ғажапты көргенде,
Тіршілікке мың-мың алғыс үйеді.

Тебіренемін ауыр ойға қанғанда,
Толғанамын қарап шексіз әр маңға.
Қасіреттің ең үлкенін көз көрді,
Анам зардап шеккен қатал жалғанда.

Кенші-ақын боп ту көтерсем қос төрде,
Аққуларға ынтық едім Қоскөлде.
Әне, сонда дүбірінен ән келер,
Жезкиігім жүйткіп өтсе төскейде.

Өлең ашық айна емес міні жоқ,
Жел де естілер қайран ғашық үні боп.
Өлең деген – сарқылмайтын махаббат,
Қызығынан сағындырған мұңы көп.

АБАЙ ЕСКЕРТКІШІ АЛДЫНДАҒЫ СӨЗ

Данышпан заңғарымсың асқарала,
Қанықты есіміне жас бала да.
Дәл бүгін, Абай ата, тұрсың қарап
Есілде Елордасы Астанаға.

Жүргендер жанталасып жыр отында
Әкелдік жан сыбырын сізге оқуға.
Ойлантар жас күніңді жігіттер бар,
Тоғжанға тартып туған қыз да осында.

Сәлемін бар қазақтың ала келдік,
Дербестік шуақ таңын жаңа көрдік.
«Алысқан мыңмен жалғыз» кегің қайтты.
Әр сөзің қару болып мұрагерлік.

Кең толғап, беріге де, әріге де,
Ел-жұртты салдың сара тәлімге де.
Біз бүгін есеп беріп тұрмыз саған,
Ақтарып жүрекжарды мәлімдеме.

Тұрады мадақтауға елді, жерді,
Жаңа өмір жалау етті кең жігерді.
Тек қана тап өзіндей сынай алмай,
Сыпыра мақтап жүрміз шенділерді.

Саламыз атар таңнан алақайға,
Сол шығар ақындыққа шала пайда.

АСТАНА ТАҢЫ

Ажары ашық,
Аймаққа ғашық
Жан-жаққа нұры тарайды.
Есілді өрлеп,
Көсілді төрлеп
Ақ сәуле алтын арайлы.

Күлімдеп шалқып,
Арудай балқып,
Шақырып алыс арманға,
Астана таңы,
Құлпырды сәні
Ақ орда сәлем алғанда.

Келбеті айдай,
Жас қала қандай
Күн нұры сүйіп, құшқанда?!
Сүйсініп жаны,
Исініп төні,
Дос түгіл, мақтар дұшпан да.

Көгілдір жалау,
Ақ күміс алау
Мөңгілік бірлік құрғандай.
Өзгерді өмір,
Көркейді көңіл
Сарыарқа қайта туғандай.

ЖОЛЫМДЫ АЛЛА ЖЕБЕДІ

Кеншілік – асыл кәсібім,
Ақындық – ақ сүт, нәсібім.
Әкімдік – заман әмірі,
Жалықпай жүгін тасыдым.
Жез қазған күндер – биігім,
Арпалыс шектім қиынын.
Зауыт пен шахта салысып,
Біткен іс көрдім түйінін.
Мәскеуде дабыл жаңғырттым,
Көтерді көкке албырт күн.
Қарақалпақ бауыр еліне
Үкіметтің күшін салдырттым.
Ақиқат жеңер жол таптым,
Көмекті көсеп, молдаттым.
Айқасында Аралдың
Елдің мұңын қолдаттым.
Экологтар жетіп өріне,
Чернобыль баттым шеріне.
Таласып жеттім айқаста,
Жоғарғы Кеңес төріне.
Полигон жүрді бүйірде,
Тоқтатар жеттік түйінге.
Арал мұңын әлемге
Паш еттім апат күйінде.
Көзінде жүрдім баршаның,
Ауылдың шетін аңсадым.
Елімнен жырақ көп жүріп,
Сағынып жеттім, шаршадым.
Кедергі, шіркін, көп еді,
Жолымды Алла жебеді.
Бақыттың сол ғой үлкені:
«Әй, кәпір» ешкім демеді.

ҰЙҚЫСЫЗ ТҮННІҢ ӨЛЕҢІ

(А.С. Пушкиннен)

Жарық жоқ. Ұйқы қашқаны,
Ауыр түс қалды жадымда.
Сағаттың тық-тық басқаны,
Зарлап тұр жалғыз маңымда.
Әйелдей пыш-пыш жинайсың,
Көрген түс, миға сыймайсың.
Тірліктің тышқан жортағы,
Сен неге мені қинайсың?
Сырласар не гәп болды өзге,
Шенеу ме әлде бос сөз бе?
Не себеп ойды қозғауға,
Шақырдың ба әлде болжау ма?
Ұғудан күдер үзбеймін,
Мен сенен мағына іздеймін.

* * *

Әр пенденің бар ғой сыйлап сенері,
Нақ осылай сөзге де сөз ереді.
Жүрек тербеп, ақыл қозғап ой салар,
Үні сергек, мұңы бар сөз керегі.

Көтеруге өлең сөздің сарайын,
Шырылдаған шындық керек, ағайын.
Сұлу сурет, айқын теңеу бояулы
«Сөз патшасын» жасап өтті Абайым.

Көркем сөздің сиқыры көп арайлы,
Ойлы сәуле, нұры бойға тарайды.
Сұлу қыздай мың-мың адам ішінде,
Сұлу сөзге адам мәңгі қарайды.

❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖ ❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖❖

Жүйткісе таңғалатын жан баласы,
Жануар тепсе тиер жарға тасы.
Малдың да ататегі үйірі бар,
Шалқұйрық – Құлагердің арғы атасы».

ЖҰЛДЫЗЫҢ ЖАНСЫН, АСТАНА!

Әлемнің құтты көшінде,
Қонғандай аққу Есілге.
Жұлдызың жансын, Астана,
Сарыарқа алтын төсінде!

Асылын әннің арнаймын,
Басылды ескі бар қайғым.
Баянды бақыт орнасын,
Аруағы қолдап Абылайдың.

Жайнатсақ бүгін жолды азат,
Әлі де талай бар ғажап.
Өркенің өссін, Астана,
Қарап тұр саған бар қазақ.

Алыста жүрген бауырлар,
Жақында сансыз ауылдар,
Тілегі келіп бөрінің
Тез өтсін қарсы дауылдар.

Елорда дәулет құрайды,
Сәулетің болсын шырайлы.
Қарышта алға, Астана,
Бар әлем сені сынайды.

ЖЕТПІС ҰЛДЫҢ ПАНАСЫ

Оразгүл Асанғазықызына

Сарыағашқа жұмақ орнап жатқандай,
Күн өзгеше туды бүгін ақмаңдай.
Жетпіс ұлдың сүндет тойы жайнады,
Жетпіс ана жетпіс шырақ жаққандай.

Жетпіс бала анасы,
Жетпіс перзент панасы.
Саған алғыс айтып өтер, Оразгүл,
Жер бетінде жетпіс қазақ баласы.

Шаттық қонды жетпіс балғын қабаққа,
Дәл осындай той болған жоқ қазақта.
Жетпіс тентек бір-ақ күнде қосылды
Жержүзілік мұсылмандық санатқа.

Басылғандай жердің жетпіс кесірі,
Ашылғандай жетпіс сарай есігі.
Әулиедей тарап кетті аймаққа
Оразгүлдей әкім қыздың есімі.

* * *

Тіршілік бақша болса жеміс жайған,
Тергенім құшағыма тегіс сыйған.
Сондағы мақтанышым – махаббатың
Тағдырын бір өзіме тегіс қиған.

Көзіме көрінбесең сені іздеймін,
Іздесем шалқып жатқан теңіздеймін.
Қасымда бейнең серік ұмытпастай,
Көлеңкең қосақталған егіздеймін.

Сыйластық арамызда сүйікті екен,
Қимастық әр мезетін биіктетем.
Оянбас қалың ұйқы жеңгенінше,
Ортаймас алғысымды үйіп кетем.

МАЗМҰНЫ

Түркістан десек, бабалар еске түседі

Фараби бабамыздан бастайық	5
Әл-Фараби музыкалық сабағы	6
Иасауи жайлы үзік сыр.....	7
Иасауидің хикметтерін жаттадым	8
Арыстан бабқа	9
Мұхаммед пайғамбар берген аманат	10
Түркістан жайлы толғаныс	12
Домбырасы жоқ қазақтан сескенем	15
Абылай хан	16
Көңіл назы	17
Сәкен аға	18
Тайқазан	19
Жарар еді естісең	20
Ашық сыр	21
Үмітбай ағамның монологі	22
Құнанбай қажы мешіті	23
Пайғамбардың қылышы	24
Сыр-сипаты өзі айтқан.....	25
Жүректің қос мекені	27
Әр хикметтен керегімді жинаймын	28
Сегіз сері – кемеңгер.....	29
Барыңа сенің қуанам	30
Қорқамын бүгін.....	31
Тіл жорығы.....	31
Қарасай мен Ағынтай бабаларым	33
Бір ауыз сөз.....	34
Менің батам	35
Мағжан назы	37
Мәриямға	38
«Мұсылман мұсылманның қанын ішкен...»	39
Өлең жайлы	40
«Ақ киіктей аңсатқан ақ келіншек...»	41
Пір берген.....	42
Сол күнгі сенің ажарың	43
Абай әнін шырақшы.....	44
«Мен келемін баяу басып ақырын...»	45
Бәйкен аға	46

Тоқтамайды жұмыр жер	47
Алла әуені өрілсін	48
«Басылған ауылдағы әдеміден...»	49
«Тау ішінде тауды жырлап өтемін...»	50
Түркі тектес елдердің бас ақышы	50
Есенбай Дүйсенбайға алғысым.....	51

Түркістанның киелі аясында

Түркістанға тағзым	55
Ұлы рәсім сапары	57
Түркістандық биіктен.....	59
Жезкиіктер тағдыры	60
Қастерлесек Абылай ханның есімін	61
Жолдағы көп хикая	62
Абылай ханның суреті	63
Шәуілдірдегі мұражай.....	64
Құлпытасы Абылайдың	66
Әбдіжәмілдің жол үстінде айтқаны	67
Әбдіжәмілдің тағы бір толғанысы	68
Жақсылығын жақсының жасырмайық.....	69
Ел құптайды көтерсек Абылайды	70
Ақ пейіште қарсы алсын	71
«Бурыл тартқан шашыма біреу күйінсе...».....	73
Бірлігімнен бақыт табар тірлігім.....	73
Көгілдір туы елімнің	74
Ойласақ	76
Інілерім – байлығым	77
Қарақалпақ қалалары	79
Абайша айтсақ шындықты.....	80
Абылай ханның «Ақ үйі»	81
Тіліңді қорға, қазағым!.....	83
Адамзатқа ортақ тіл	85
Пайғамбар сүйген кокаршын	86
Мағжан аға «Сағындым» атты өлеңі	92
Бас мүфтиді құттықтау.....	101
Арманға бірге жетеді	103
Ұрпаққа бердің зор үлгі	104
«Арнадым, қалқа, тәтті сөз...»	105
Даналық көкірегінде ұя салған	106
«Гүл – құбылыс ғажайып...»	107

Сармолда жайлы үзік сыр	108
Төрегелді Шармановқа	109
«Қайда асығып барасың, қазағым-ау?...»	110
Салық Зимановқа	111
Әжесі бар адамдар күнде бала	112
Туған елім, туған жерім	112
Елу бес жылдық мереке	114
«Абайла, жүрек, абайла...»	115
Астана тойы, шарықта!	115
Отырар сазы	118
Құранға еліктеу	144

Сәлем саған, Ыстамбұл!

Тілектес көзбен қараймын.....	153
Сәлем саған, Ыстамбұл!	154
Бұлақтың көзін ашқанда	156
Түрік еліне алғысым	156
Қиял-қала пайғамбардың ізі бар	157
Не бар екен ар жағында биіктің?	159
Айып Сұлтан мешіті.....	160
Алпарслан Түркешке	163
Тансу Чиллер құрылтайда сөйледі.....	164
Түрік елінде түбір салған қазақтар	165
Әскер деген ең әсем өнер болса	166
«Жөндеп те айтпай өкпесін...»	168
Ататүрік айтқан екен	168
Зияжан қажының жауабы	169
Мәрмәр теңіз	170

Жылыбұлақ

Ордабасы	173
Үйдегі бас дәрігер	173
«Сұлу көрсе, ақын қалмас үндемей...»	174
Көкаршын – Қазығұрттың елтаңбасы	175
«Ұялшақ жас баладай бола қалып...»	175
Жер ұраны – Ұлытау	176
Ахмет аға даналық пен айласы	177
Қазығұрт	178
Бойында күдіретті құдайы бар	179

Домбыра – киелі аруақ	180
Қалаубек Тұрсынқұловқа.....	181
Оңбайды ақынды атқандар.....	182
Жылыбұлақ	183
Сырым мен Нұрым ақсақал	184
Қарт Қаратау түлегі	185
Қабанбайдың сауғасы	186
Төлеген Момбековке.....	187
Күй тартамын.....	187
Көңіл сыры	188
Көңілім	189
Қазақ болып қалайық.....	190
Ақынға бұл фәниде демалыс жоқ	191
Елеңдеу	192
«Қай қияға қанат қақпас ақындық...»	192
«Өмірдің ағысына берілмедім...»	193

Түркістаншыл ғұлама

Түркістанның досы еді.....	197
Манашты оқы.....	198
Даналық сөз	199
Сөнбейді Манаш-жұлдыз	200
Зейнолла Қабдоловтың айтқаны	201
Салық Зимановтың сөзі	202
Тарихтың сабақтастығы	203
Манаштың асыл іздері.....	204

Сарыағаш дәптері

Әулие Иса атаға	213
Бір сүю	215
Қарлы жаңбыр жауғанда	215
Сарыағашқа шақыру	216
Сарыағашта	217
Аққулардың арманы	219
Сағыныштың жалауы.....	219
«Сарыағашта қоңыр күз...»	221
«Беу, фәни...»	222
«Бірі едік телі тату асыл жастың...»	223
Орынбекке	224
Жолдағы көрген жоралғы	224

«Коп тыңдадым ақ тотымды...»	225
«Ару ма едің...»	226
Кітаптағы сөз	226
«Сарыағашта сәт қандай...»	227
Ренжіме	229
Құдашаның биге шақыруы.....	229
Ақжардан келген ақпарат	230
«Сарыағашта – сары күз...»	232
Жарқын жұлдыз.....	233
«Сарыағаш-ау, сенімен...»	234
«Қимылында пәрмен бар әнгүдіктің...»	235
Рымбектің айтқан сөзі Ғибатқа	235
«Сарыағаштың бюеті...»	236
«Дербестік елім алғанда...»	237
Алланың берген рахматы	238
Қаратауым құлады.....	239
Қамықсам азайтады көңіл жүгін.....	241
Бір өлеңің мәңгілікке жол салды	242
Жасай бер, желтоқсанның сарбаздары!	243
«Жылама, сұлу ақ қайың...»	245
«Өлең деген – тіршіліктің тірегі...»	245
Аға назы.....	246
Тулап қал, жүрек, тулап қал!.....	247
Жыр өкседім.....	248
«Өлең жеңіл ермек емес, шырағым...»	249
Абай ескерткіші алдындағы сөз	250
Астана таңы	252
Жолымды Алла жебеді	253
Ұйқысыз түннің өлеңі	254
«Әр пенденің бар ғой сыйлап сенері...»	254
Абылай мінген Шалқұйрық	255
Жұлдызың жансын, Астана!.....	256
Ақан сері	257
Жетпіс ұлдың панасы	258
«Тіршілік бақша болса жеміс жайған...»	258

Кәкімбек Салыков

ТҮРКІСТАНҒА ТАҒЫМ

Өлеңдер мен поэмалар

**Редакторы Қуат Құрмансейіт
Техникалық редакторы Эльмира Заманбек
Көркемдеуші редакторы Жеңіс Қазанқапов
Корректоры Гүлден Оспанова
Компьютерде беттеген Ақерке Сқақова**

Басуға 02.02.12. қол қойылды.
Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$. Қағазы офсеттік.
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 13,86.
Тапсырыс №7. Таралымы 1000 дана.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13
«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды



Кәкімбек Салықов — 1932 жылы 22 қаңтарда қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының Еңбек ауылында туған. Көрнекті ақын, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағы ақсақалдар алқасының мүшесі, Солтүстік Қазақстан облысының және Жезқазған, Сәтбаев, Көкшетау қалаларының Құрметті азаматы. Талғампаз оқырман қауым тарапынан жоғары баға алған көптеген жыр жинақтарының авторы. Бүкілодақтық әдеби сыйлықтың иегері, республикалық жыр мүшәйраларының жеңімпазы.

ISBN 978-601-292-404-6



9

FOLIANT